

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ 81'1:81-13: 81'271.2

Қолжазба құқығында

Ж.П.Карамбаев

САЯСИ МЕТАФОРАЛАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

6М020500 – Филология: «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша
гуманитарлық ғылымдар магистрі академиялық дәрежесін алу үшін
дайындалған магистрлік диссертация

ПАВЛОДАР – 2014
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

Қорғауға рұқсат етілді:
«Қазақ филологиясы»
кафедрасының меңгерушісі,
ф. ғ. д, проф. _____ Имамбаева Ғ.Е.
(қолы)
« ____ » _____ 2014 ж.

Магистрлік диссертация

САЯСИ МЕТАФОРЛАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мамандық: 6М020500 – Филология

Магистрант

(қолы)

Карамбаев Ж.П.

(аты-жөні)

Ғылыми жетекші,
фил. ғыл. докторы, профессор

(қолы)

Бейсембаев А.Р.

(аты-жөні)

ПАВЛОДАР - 2014
МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 СЯСИ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАНЫҢ НЕГІЗГІ ФРАГМЕНТІ РЕТІНДЕГІ ОРНЫ.....	6
1.1 Саяси лингвистика: нысаны және зерттелуі.....	6
1.2 Саяси лингвистиканың мазмұнын құрайтын ұғымдар.....	11
1.2.1 Саяси тіл.....	12
1.2.2 Саяси мәтін.....	13
1.2.3 Саяси тілде сөйлеу.....	15
1.2.4 Саяси тіл стилі.....	16
1.2.5 Қарым-қатынастың (коммуникацияның) саяси саласы мен оның түрлілігі.....	17
1.2.6 Саяси тілде сөйлеудің жанрлары.....	19
1.2.7 Саяси дискурс.....	21
1.3 Саяси лингвистикадағы тақырыптық контент.....	24
1.4 Саяси лингвистикадағы тілдік құралдар.....	30
2. СЯСИ МЕТАФОРА: СЯСАТКЕР ТІЛІНДЕ АЛАТЫН ЕРЕКШЕ ОРНЫ.....	37
2.1. Лингвистикалық ғылымындағы метафора: интерпретациялық парадигма.....	37
2.2. Метафораның жіктелуі.....	41
2.3. Метафора – саяси мәтіннің сегменті.....	48
2.4. Әлеуметтік-лингвистикалық эксперимент.....	58
ҚОРЫТЫНДЫ.....	69
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	72
ҚОСЫМША.....	77

КІРІСПЕ

Лингвистикалық прагматика тілдің негізгі қарым-қатынас әрекетін зерттейтін сала ретінде анықталады. Тілдің басты қызметі қарым-қатынас құралы болу. Прагматика сөйлеу әрекетінің негізгі стратегиялары мен тактикаларын анықтайтын тіл білімінің саласы. Осыған байланысты прагматика саласында келесі міндеттер шешіледі:

- қажетті де маңызды мәліметтер мен жағдайлар туралы хабарлау;
- адамның ішкі эмоциясы мен сезімі тіл арқылы көрсетіледі;
- адресатты белгілі бір әрекетті бастау немесе аяқтауына түрткі болу (қозғаушы болу);
- нақты бір әрекеттерге баға беру.

Аталған тілдің басты белгілері оны қарым-қатынас құралы ретінде зерттеудің қажеттілігін анықтайды. Тілдің осындай құбылыстары лингвистикалық прагматика шеңберінде қарастырылады.

БАҚ тілін лингвистикалық прагматика тұрғысынан зерттегенде, біз осы саладағы тілдік әрекеттегі пікірлерді адамның назарын аудартатын және әрекетке бағыттайтын, санаға жоспарлы түрде ықпал ететін тіл құралдары мен техникасы ретінде қарауымыз керек.

Тілдің әсер ету феномені алуан түрлі құбылыс. Оның осы саладағы негізгі зерттеу ынтасы (интенсификациясы) тілдік әрекеттерді белсендендіруді қамтамасыз ететін, өзектілігін дәлелдеуді қажет етпейтін прагматикалық міндеттерді зерттеу болып табылады.

Зерттеу жүргізу тақырыбы, тілдің әсер ету технологиясының бөлінбейтін әрі басты элементі болып табылатын, саяси метафоралардың тілдік сипаттарын анықтауға арналған. Бұл тұрғыда саяси метафораның негізгі көрсеткіші ретінде оның бұқаралық ақпарат құралдарындағы рөлін талдау екені анық, өйткені саяси метафора түрлі тілдік қатынастағы бір кезеңдік қолданыс реципиенттер көлемінің ауқымдылығына қарай (әсіресе теледидар, радио, соңғы уақытта ғаламтор баспаларында) БАҚ тілінде жиі және тиімді қолданылады.

Қоғам дамуының әр кезеңіне байланысты саяси метафоралардың ұлттық дәстүр, салт-жоралғылармен, сондай-ақ мәдени құндылықтармен тығыз байланысты өз концептуалдық жүйесі бар (Н.Д.Арутюнова, Б.Ахатова, А.Н.Баранов, В.Н.Базылев, Ю.Н.Караулов, В.Клемперер, В.Г.Костомаров, Н.А.Кузьмина, Дж.Лаккофф, В.В.Петров, Б.А.Успенский, Ю.Б.Феденева, А.П.Чудинов, В.Н.Шапошников, Т.В.Шмелева және т.б.).

Концептуалдық саяси метафоралар қоғамдық сананы білдіріп қана қоймай, сонымен қатар олар «ишарат білдіруге, бағдар беруге, белгілі бір шешімге келуге, әрекет етуге..., шешім қабылдау үрдісіне ықпал етуге» қабілетті [1, 190 б.]. Метафоралардың тілдік белгілерін айқындап, жүйелеу заңдылықтарын саяси дискурста неғұрлым мол көлемде зерттеу лексикалық жүйенің қазіргі кездегі дамуы мен өсуін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар тілдік сананың ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстандық қоғамдағы жаңа саяси тілдің пайда болуы соңғы жылдардағы болып жатқан саяси өзгерістермен де тығыз байланысты. Жаңа тілдік бірліктердің жасалуы мен қалыптасуы, қарым-қатынас тіліне айналуы көпшілік жағдайда елдегі әлеуметтік өмірдің өзгерістерімен де анықталады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазіргі таңда когнитивтік лингвистикада дамып келе жатқан бағыттардың бірі – концептуалдық метафора теориясын дамыту және нақты метафоралық модельдерін рет-ретімен бейнелеу (оның ішінде саяси дискурста да). Белгілі саясаткерлер тіліндегі метафораларды қолдану ерекшеліктерін зерттеу отандық ғылым үшін өзекті идеостильдерді зерттеу мәселесін шешуге әсер етеді. Қазіргі уақытта саясаткерлердің идеостильдерін зерттеу негізінде олардың «тілдік портреттерін» шығаруға болады.

Диссертациялық зерттеуді жүргізу нысаны ретінде метафора анықталады.

Зерттеу пәні – қазіргі қазақстандық саясаткерлердің тіліндегі саяси метафораларды қолдану ерекшеліктері.

Зерттеу жұмысының мақсаты -саяси метафораны реципиентке әсер ету құралы ретінде қарастыру.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешуге тура келеді:

- БАҚ-та қолданылатын түрлі сөйлеу тактикаларындағы саяси метафораның рөлін анықтау;
- саяси метафоралардың түрлерін анықтау және оларды сөйлеу тактикасында қолдану деңгейі бойынша бөлу;
- саяси метафораның ішкі құрылысын анықтау;
- саяси метафораны қолдану сұлбасын құру;
- қазақстандықтарды саяси контекске қатыстыру деңгейін анықтау;

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Тілдік материал ерекшеліктері, ғылыми зерттеудің мақсат-міндеттері төмендегі негізгі зерттеудің әдіс-тәсілдері ретінде таңдауға тура әкеледі:

- синтездің және талдаудың жалпыфилософиялық әдістері;
- контекстуалдық талдау;
- суреттеу әдісі;
- эмпирикалық интерпретациялау әдісі;
- сандық талдау әдісі;
- жалпылама таңдау әдісі;
- әлеуметтік-лингвистикалық эксперимент;
- жиналған мәліметтерді статистикалық өңдеу;
- ерекшеліктерін ескере отырып, зерттелген метафоралардың лингвомәдени сипаттамасы.

Ғылыми жаңалығы. Метафораларды лингвистикадағы жаңа бағыт бойынша, когнитивті тұрғыда қарастыру. Метафоралардың саяси дискурстағы талдауын саяси метафораларды қолданудың ұлттық-мәдени ерекшеліктері гипотезасы негізінде жүргізу.

Теориялық маңыздылығы. Метафора теориясын зерттеуге жүргізілген зерттеу нәтижелері метафораның когнитивті аспектілерін, ментальдік қашықтықта қолданысқа енген метафораларды қарастыруға үлес қосады. Зерттеу жұмысында қарастырылған саяси метафоралар қоғам, әлеуметтік тұрғыдан негізделген мәдени ұйымдарда қолданысқа ие концептуалдық фрагмент ретінде өз көрінісін табады. Қолданыстағы саяси дискурс нәтижесінде тілдік коммуникацияның маңызы және осы бағытта метафоралардың негізгі ұстанымдары анықталады.

Тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеу жұмысының нәтижелерін қазақ тілінің лексикология, лингвомәдени, когнитивтік лингвистика, коммуникативтік теория мәселелерін шешудегі жалпы тіл білімі курсына, сонымен қатар аудармашылар мен саясаткерлерді дайындауда қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- Саяси метафора – қазіргі қазақстандық саяси мәтіндерінде категоризациялау, концептуализациялау және болмысты бағалау маңызды тәсілі болып табылады. Осындай метафоралар ақпаратты қысқа, ұғынықты және көрнекті түрде жеткізуге мүмкіндік береді және оның мықты прагматикалық потенциалы бар;

- Зерттеуде ұсынылған саяси метафораны суреттеу моделі көрсетілген модельдердің қазіргі саяси тілдегі құрамын және прагматикалық потенциалын объективті түрде көрсетеді;

- Мәтін авторының саяси ұстанымы концептуалдық метафораларын таңдауға және оларды мәтінде таратуға маңызды әсер етеді. Метафораларды қолдану жағынан әдеттегідей саяси оппоненттердің стилі ерекшеленеді;

- Саяси метафораны қолдану ерекшелігі – нақты саясаткердің идиостилінің тұрақты белгілерінің маңызды бөлігі.

Диссертацияның құрылымы зерттеу мақсат-міндеттерімен анықталады және қосымша келесі бөлімдерден құрылады: кіріспе, екі тарау, қолданылған әдебиеттер тізімі.

1 СЯСИ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАНЫҢ НЕГІЗГІ ФРАГМЕНТІ РЕТІНДЕГІ ОРНЫ

1.1 Саяси лингвистика: нысаны және зерттелуі

Бүгінгі өзгерген қоғамдағы әлемнің саяси қалпының түрлі тәсілдері, алуан технологиялары, небір шебер «театрланған көріністерден» тұратын кеңістіктің тілдік табиғаты толық зерттеуді қажет етеді. Қазіргі қазақ тілінде саяси лингвистика саласы – әлі де кенже қалып келе жатқан тіл білімінің қажетті салаларының бірі.

Қоғамның саяси бағытының өзгеруімен бірге қарым-қатынас коммуникациясы да өзгереді. Саяси қарым-қатынаста тілдік оралымдар жаңа лексика-грамматикалық құрылымдар жасайды. Осы аралықта тілдегі бұрынғы құрылымдар мен оралымдар өзгеріске түсіп, жаңа мағыналық сипатқа ие болатыны анық. Тілдегі функционалдық стильдің мәні мен маңызы, ерекшеліктері өзгереді [2, 3, 4]. Қазіргі қазақ тілінде саяси лингвистиканың өзі де жеткілікті деңгейде қалыптаспаған, сондықтан да оны зерттейтін саяси лингвистика саласының өзі де әзірге зерттеу нысаны ретінде назарға алына қойған жоқ.

Саяси лингвистика – қазіргі жаңа лингвистиканың бір саласы. Тілдегі саяси лингвистика шетел және орыс лингвистикасында кең ауқымды түрде зерттеле бастады. Бұған себеп – саясаттағы жаңа технологиялар мен тілдік қолданыстардың пайда болуы. Қазіргі қазақ лингвистикасында да саяси тілдік бірліктер зерттеу нысанына алынып, түрлі бағытта қарастырылуда.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін қазіргі отандық және шетел ғалымдары еңбектері құрайды. Соның ішінде лингвист-ғалымдар: А.Н.Баранов, М.В.Гаврилова, А.А.Романов, И.В.Вольфсон, А.П.Чудиновтың ғылыми еңбектерімен қазақстандық осы саланы қарастырған Б.Ахатова, Б.С.Жумагулова, Ж.Қ.Ибраева, Г.К.Ихсанғалиева, Р.Г.Сейдахметовалардың тұжырымдары құрайды.

Қазақ тіл білімінде саяси лингвистика саласы жан-жақты терең зерттеле қоймаған. Оның себептерін төмендегідей тармақтап көрсеттік:

- 1991 жылға дейін жеке мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы тәуелсіз саясат иегері болған жоқ;

- қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесінен ығыстырылып, тұрмыстық-отбасылық, ең жоғары қалпы көркем әдебиеттік сипатта ғана дамыды;

- ресми-іскерлік және публицистика стилі, дипломатиялық стиль түрлері қазақ тілінде жүргізілген жоқ;

- шет тіліндегі ғылым, нарық, саясат тілінің тәжірибесі қазақ тіліне кіргізілген жоқ, аударма қалыпта ғана берілді;

- шет тілдеріндегі қоғамның бүгінгі тілін зерттеген, соның ішінде саяси лингвистика саласын қарастырған ұлттық көзқарастағы қазақстандық ғылыми еңбектер керек екені белгілі. Дегенмен, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан соң

тілдегі саяси лингвистиканың қолданыс аясы мен ұлттық ерекшеліктерін отандық тіл мамандары да зерттеу нысанына ала бастады [5].

Қазақ тілінде Б.А.Ахатованың ғылыми «Саяси дискурс және тілдік сана» [6, 78 б.] тақырыбындағы еңбегінде саяси дискурстағы тілдік сананың берілу формалары қарастырылады. Ғалым тілдік сананы зерттеуде саяси жағдайлардың дамуы қазіргі қоғамдағы қажетті деңгейді айқындап береді. Қоғамдық сананың барометрі бола алатын тілдік сана оның болашақ мүмкіндіктерін де көрсетуі мүмкін. Тілдік сана мен қоғамдық сананың индикаторы ретінде толығымен парламент, партия, оппозиция, БАҚ (бұқаралық-ақпарат құралдары), халық, құндылық, демократия концептілері алынады. Институционалды дискурстің негізгі сипаттаушысы ретінде саяси дискурс қарым-қатынас мақсатын (билік үшін күрес және оны сақтай алу) қатынас жағдайлары саласындағы нақты белгілі бір типті дискурстің тақырыбы мен жүру барысын белгілейді, сонымен бірге бұл байланыстарға қатынасушылардың мәртебелік-рөлдік сипаттамаларына сәйкес белгілі модельдерін де айқындайтындығын айтады. Түрлі әлеуметтік топтар респонденттерінің сана бейнесінің негізгі тетіктерін айқындай отырып, саяси дискурс сол қалыпты қоғамдық-саяси жағдайлардың әсері және тұрмыс жағдайлары мен менталитеттің ерекшеліктері т.б. тұрғысынан сынайды. Қазақстан тұрғындарының қалыптасуы мен өмір сүру формаларындағы жалпы және ортақ сипаттар әлемнің бейнеленуіндегі топтық және этникалық ойлау мен оның пайда болуының өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Бұның себебін төмендегідей көрсетуге болады:

- қазақ-орыс мәдени байланыстарының бір-біріне тікелей қатыстылығы;
- тілдік санаға түрлі экстралингвистикалық факторлардың ықпалы (әлеуметтік, саяси, психолологиялық т.б.);
- эвристикалық және прагматикалық тілдің әлеуметтік мүмкіндіктері.

Қазақ тіліндегі саяси лингвистиканың зерттелуіне қатысты ойларын айта келіп, Э.Д.Сулейменова [7] оның қазіргі қазақстандық ғылымдағы ізденістерінің өзіндік бағыттарының айқындалғанын айтады. Саяси дискурста тілдік санаға дәстүрлі формалар доминантты бола бермейді, оның себебі тілдік сана этникалық сипаттан гөрі әлеуметтік жағдайларға тәуелді болады. Б.А.Ахатованың пікірінше, семантикаларының қолданыс аясы жағынан ұқсас Халық, Еркіндік, Билік, Саясат семантикалық гештальттарында қазақ-орыс тілдеріндегі ұғым-түсініктің санадағы қабылдауы мен оның әсерін бағалауда бір-біріне әсерін тигізері анық. Бұл тұрғыдағы тілдік сана мәдени құндылықтардың түрлілігіне қатысты емес [6].

Саяси лингвистика мен саяси тілдегі метафораның қолданысы туралы Д.Аманжолованың «Публицистикалық дискурстың қазіргі Тәуелсіз Қазақстан бейнесінің метафоралық репрезентациясы» [8, 56 б.] тақырыбындағы еңбегі бар. Ғалым персонификация метафорасын лингвистикалық зерттеу жасау арқылы қоғамда саяси ойды талдаудың маңызы мен орнын ашады. Д.Аманжолова саяси лингвистиканың негізгі бөлімі ретінде метафораны ала отырып, оның қазақстандық қоғамдағы соңғы он жылына талдау жасай келіп,

кез келген контекстегі қолданысқа қабілеттілігін анықтайды. Осы арқылы метафораның екі жақты қасиетін белгілейді: тілдік құбылыс ретіндегі күрделілігі мен өтімділігі мен бейнелілігі. Қазақстандық ғылымда публицистикалық жанрдағы метафораның аксиологиялық белсенділігін көрсетуге арналған ізденістер де бар. Д.Аманжолова метафораны саяси лингвистика бөлімі ретінде ала отырып, оның когнитивтік лингвистикалық сипаттарына да мән береді [96, 200 б.].

Ж.Қ.Ибраеваның «Политическая лингвистика: билингвальное коммуникативное пространство» [9, 40 б.] тақырыбындағы докторлық диссертациясы саяси лингвистиканы қос тілділік коммуникативтік қарым-қатынас кеңістігінде зерттейді. Сондай-ақ Ж.Қ.Ибраева «Язык политики и политика языка: к обоснованию политической лингвистики» (монография, 2010) еңбегінде саясат тілі мен тілдегі саяси бірліктердің орнын айқындаған және олардың мәнін ашқан ғылыми еңбегі саяси лингвистиканың негізін көрсетуге жасалған ізденістердің нәтижесін көрсетеді. Р.Г.Сейдахметованың «Когнитивно-прагматическая основа общественно-политической лексики современного русского языка» [10] еңбегінде Қазақстандағы қоғамдық-саяси лексиканың когнитивті-прагматикалық негіздері талданады.

Қазіргі қазақ тіліндегі саяси лингвистиканы зерттеу кезінде көрсетілген түрлі бағыттардың белгілері назарға алуды қажет етеді. Бұның себебі қазіргі қазақ тіліндегі саяси лингвистиканың мәні мен қызметін, оның қоғаммен, санамен, ойлаумен, ұлттық кеңістікпен ара қатынасын, байланысын ашу үшін тарихи деректер мен елдік танымға да, тілдегі көркемдегіш құралдардың рөліне де назар аударылады. Саяси лингвистиканы зерттеуде бірнеше мәселелер өзгертілмей алынуы шарт. Ең бастысы, оның қазақ тілінде көп зерттеліп, жан-жақты қарастырылған көркем әдебиет қалпынан бөлектігі, екіншіден, қарым - қатынас құралы ретінде қоғамдық сананы басты назарға ұстанатындығы, үшіншіден, тілдегі сөздердің мағыналық байланыстырушылық, мағыналық ауыстырушылық қызметтерінің мәнін айқындай алуы, төртіншіден, (бұл ең бастысы да болуы мүмкін) тарихи-қоғамдық деректерді нақты білу және оны бейнелі көрініске түсірудегі шеберлік. Тілдік тұрғыдан саяси лингвистикада тілдегі функционалдық стильдің аясында қарастырылатын:

- тіл бірліктерінің мақсаты мен мәні;
- тіл бірліктерінің нақты контекстегі қолданылуының мақсаты мен мәні;
- коммуникативтік мақсат (қарым-қатынас құралы болу);
- когнитивтік (таным құралы болу);
- эмоционалдық (көңіл-күй мен эмоцияны білдіру құралы болу);
- метатілдік (тілдің лингвистикалық заңдылықтарын сипаттау құралы болу) қызметтері саяси лингвистиканың да басты міндеттері болып табылады [11, 322 б.].

Саяси лингвистиканың тіл біліміндегі басқа салалардан қарым-қатынасты беруінде бірнеше ерекшеліктері бар:

- қарым-қатынас немесе саяси, шаршысөз, көсемсөз сөйлеу тілі дискурстары спонтанды өтеді. Бұл сөйлеушінің шеберлігі мен біліміне,

көпшілікпен қарым-қатынас жасай алу мәдениетіне, сондай-ақ ең бастысы – ойды дәл бейнелеп эмоционалды-эстетикалық талғаммен жеткізуіне қатысты;

- алдын-ала жазылған, ой елегінен өткен көсемсөздер;
- саяси дискурстар қоғамдық, тарихи, әлеуметтік деректерге негізделуімен бірге көркемдіктің, бейнеліліктің нақтылығы керек;
- дайын тілдік оралымдар (шаблондар), тіркестер өзгертіліп, «қайта редакцияланып» көркем бейне кезеңге қарай ыңғайлана алынады;
- ұлт және әлемдік құндылықтарды мысал ретінде қайта ұсыну [12, 140 б.].

Біз тілді қоғамдық құбылыс деп танымыз. Осы тұста қоғамдық құбылысқа қарай өз қалпын бояуын өзгертіп тұратын – саяси лингвистика. Сондықтан да болар, саяси лингвистиканы зерттеушілер оларды бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырады. Бұның себебі де түсінікті. Қоғамдық-тарихи жағдайлар, саяси-әлеуметтік орта, идеология, таным өзгереді. Қоғамның, әлемнің осындай өзгерістері тілдегі саяси лингвистика арқылы анықталады.

Саяси лингвистикадағы зерттеулер тілдік материалдарды жеке бөліктерге бөліп немесе тұтас мағыналық қалыпта, мәтіндік тұрпатта зерттейді. Осы жағынан олардағы зерттеу әдіс-тәсілдері де саяси ойдың берілуіне қатысты бөлінеді:

– тілдік, мәтіндік, дискурстік ерекшеліктерді талдау. Зерттеудің алғашқы кезеңінде тілдік деңгейдің бір саласы алынады (лексика, фразеология, морфология, синтаксис). Бұл тұста көбіне-көп өзгеріс лексика мен фразеологияда көрінеді. Кез келген мемлекеттің саяси бағыттары идеологиясына қарай өзгереді, соған қарай тілдегі лексико-фразеологиялық тезаурустар да жасалады [13, 107 б.].

Екіншіден, саяси мәтіндегі жанрлық ерекшеліктеріне, құрылымына, бөліктері арасындағы байланыс құралдарына, негізгі ойларды беру тәсілдеріне қарай айқындалады. Бұл тұста тілшілер парламенттік дебаттардың, бұқаралық-ақпарат құралдары тілінің, митингілердегі шаршысөз, көсемсөз ерекшеліктерін талдайды.

Үшіншіден, зерттеу нысаны коммуникативтік стратегиялар, тактикалар мен тілдік қарым-қатынас рөлдерінің орны мен берілуі қарастырылады;

– қазіргі саяси лингвистиканы зерттеу мен саяси тілді тарихи жағынан зерттеу сабақтастығы. Қазіргі тілдегі саяси лингвистика тілдің қазіргі материалдарына жүгінеді. Бүгінгі тілмен бірге тарихтың белгілі бір кезеңінің сипаттарын анықтау үшін де қолданылады. Бұндай зерттеу тарихи кезеңдерге қатысты саяси лингвистиканың динамикасын көрсетсе, екіншіден, саяси жағдайларға қарай саяси тілдің өзгеріс қалпын да танытады. Саяси лингвистиканы тарихи тұрғыдан зерттеуде тілдік жүйені екі бағытта: түпкі бірлік және түрлі нұсқалылық сипатында анықтай аламыз;

– саяси қарым-қатынасты жалпы заңдылықтар аясында зерттеу – саяси партиялар мен бағыттардың қайраткерлері тіліндегі идиостильдер. Саяси лингвистикадағы қарастырылатын кең ауқымды мәселелердің бірі – беделді қайраткерлер тіліндегі саяси тілдік құрылымдар. Жекеленген саяси

кайраткерлер тіліндегі идиостильдер арқылы олардың жалпы «портреті» жасалады. Саясаткерлер идиостильдердің харизматикалық қабылдауының қалыптасуына әсерін анықтауда сөйлеу тіліне назар салады. Бұл бағытта зерттеулер де мол. Жекеленген саясаткерлер тілінің саяси ұстанымы мен тілдік қолданысы арасындағы байланысты да осы тәсіл арқылы ашады [14, 165 б.].

Қоғам туралы жан-жақты мәліметтер жинау, оның ерекшелігін әлеуметтік ойлау жүйесін, рухани құндылықтарға қатынасын, түрлі саяси, тұрмыстық, шаруашылық істерге қабілеттер жүйесін айқындауда тілдік материалдар да қажет. Қоғамдағы өтіп жатқан барлық құбылыстар мен өзгерістер, істер мен басқа да жағдайлар көрінісіне қоғам тіл арқылы өз бағасын береді. Осы берілген бағаларға негізгі өзек болатын, кей тұста шешуші болатын тілдік материалдар – саяси лингвистикада көрінеді. Қоғамның бір саласында болып жатқан оқиғаға екінші оқиғаның қатысын, немесе тұтасымен қоғам қатынасын ашу – тілдік бірліктер қозғалысымен жүзеге асады. Осы тұста тағы бір еске салар жағдай – бұл өзгерістер мен қозғалыстар тек механикалық түрде өтіп қоймай, кей шақтарда екінші бір істердің қозғаушысы да болады. Осы қозғаушылық әрекетті іске кірістіретін тіл материалдары қызметінде көбінен-көп саяси бағалаулар мен тұжырымдар, пікірлер мен мәтіндер жүреді. Сондықтан осы тұста ғалым А.Байтұрсыновтың: «Адамның, елдің, жұрттың басындағы келіссіз ғаламдарын, мінездерін айтып көрсету, халықтың құлқын түзеуге зор пайдасы тиетін нәрсе» [15, 227 б.] деген пікірі саяси тілге де қатысты болып шығады.

Саяси лингвистика туралы жалпылама ойды қорытуда төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

- саяси лингвистика – тіл біліміндегі зерттеуге кейіннен назар салынып келе жатқан сала;
- саяси лингвистика қоғамдық-саяси, рухани-саяси, тарихи-саяси саланың нысаны;
- демократиялық дәстүрлерді енгізген елдердегі қоғамды басқарудың саяси-әлеуметтік, мәдени, ғылыми қалпы лингвистикада саяси лингвистиканың нысандары мен негізгі бағыттары мен мақсат-міндеттерін белгілеп берді;
- қазіргі қазақ тілі білімінде саяси лингвистика тәуелсіздік алғаннан кейін зерттеу нысанына айнала бастаған. Бұл сала қоғамдағы саяси лингвистиканың мәні мен орнынан бастап, жаңа қазақстандық әлемнің беделдік қалпын жасаудағы рөлі тұрғысынан зерттеуге алына бастаған;
- қазақ тіліндегі саяси тіл ерекшеліктері кең ауқымда зерттеле қоймаса да, өз бағыт-бағдары мен стильдік ерекшеліктерін байқатады;
- қазіргі қазақ тіліндегі саяси лингвистиканы зерттеуде негізгі ұстаным – әлемдік саяси лингвистикадағы тәжірибе негізге алынғанымен, мазмұн ұлттық таным мен ұлттық саяси сипаттарды басшылыққа ала жүргізіледі;
- қоғамның бір саласында болып жатқан оқиғаға екінші оқиғаның қатысын, немесе тұтасымен қоғам қатынасын ашудағы – тілдік бірліктер – саяси тіл бірліктері қозғалысымен жүзеге асады;

– қоғамның түрлі формацияға байланысты өзгерер көріністері саяси лингвистикада анықталады;

– қоғам – әлеумет – отбасы – жеке тұлға арасындағы түрлі рухани және мүдделік байланыстар саяси лингвистикада бірігеді немесе құндылықтар бағасы өзгереді;

– саяси лингвистиканы зерттеу арқылы қоғамның тарихи кезеңдеріне қайта қарау мүмкіндігі туады. Бұл мүмкіндіктер саяси оралымдар арқылы айқындалатындықтан да, қоғамның саяси-әлеуметтік қабаттарының бар жай-жапсарын қайта ой елегінен өткізуге болатын жағдай туады;

– саяси лингвистикада зерттеу әдіс-тәсілдері де саяси ойдың берілуіне қатысты бөлінеді [16, 40 б.].

Біз бұны үш түрге бөлдік.

Саяси лингвистика – қоғамның саяси қалпын танытатын, әлеуметтік жай-күйін де анықтай алатын тілдік оралымдар. Қазақ тіл білімінде бұл сала жеке лингвистика саласы ретінде зерттелмеген. Қазіргі жаһандық бірігулер тұсындағы егемен Қазақстан үшін бұл сала зерттеуді қажет ететін нысандардың бірі.

1.2 Саяси лингвистиканың мазмұнын құратын ұғымдар

Қазіргі тіл білімі салаларының ішінде саяси лингвистиканың басқалардан өзгешелелігі – әдіснамалық қоры жалпылық мәнге ие бола тұрып, ғылымның әр саласына қатысты терминдер мен ұстанымдарды, постулаттарды қоса қамтитындығында. Саяси лингвистиканы зерттеушілер бұл саланың зерттеу нысанын тек тіл білімімен шектеп қоймай, әлеуметтану, саясаттану т.б. сияқты гуманитарлық сала нысандарымен де байланыстырады.

Солардың қатарында когнитивті лингвистика, салыстырмалы-тарихи тіл білімі және психоллингвистика бар. Ал саяси лингвистиканы зерттеу басқаша түрде жалпылық мәнімен ерекшеленеді. Саяси лингвистиканы біріктіретін зерттелетін материалдың ортақтығы (саяси тіл, саяси мәтіндер, саяси дискурс), сондықтан да бұнда терминология, әдіснама және теориялық негіздер ортақ. Дегенмен, саяси лингвистика негіздерін жүйелі айқындау үшін, мамандар арасында қарапайым қарым-қатынас жасалуы үшін кейбір ұғымдық және терминологиялық минимумдар анықталуы қажет.

Осындай ерекшеліктерді ескере келіп, А.П.Чудинов [17, 94 б.] саяси лингвистиканың саяси қарым-қатынас (коммуникация) ұғымдары мен әлемнің саяси кеңістігіндегі тілмен байланысты ұғымдар деп (лингвоменталды) бөліп қарастырады.

Саяси коммуникация – саяси әрекетке қатысушылардың өзара қарым-қатынас үрдісі. Коммуникация communico – латын тілінен аударғанда «ортақ іс жасаймын», «байланыстырамын», «қарым-қатынас жасаймын» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі кезең мамандары коммуникацияны ақпаратты беру және қабылдаудағы үрдіспен бірге алады. Коммуникацияда екі жақ қатысады. Олар: адресант (сөйлеуші немесе жазарман) және адресат (тыңдаушы немесе

оқырман). Саяси лингвистикада ақпарат берудің негізгі тәсілі вербальды, яғни тілдік материалдар арқылы жүзеге асады. Сонымен бірге саяси ақпаратты берудің вербальды емес түрлері де (кескіндеме, нышан-белгілер, ым-ишара т.б) қатысады. Осылардың ішінде вербальды тәсілдерге өзгеше мән бере отырып, А.П.Чудинов негізгі терминдер мен ұғымдарды төмендегідей жіктейді:

- саяси тіл;
- саяси мәтін. Контекст (мәнмәтін);
- саяси тілде сөйлеу;
- саяси тілдің стилі;
- қарым-қатынастың саяси кеңістігі және түрлілігі;
- саяси тілде сөйлеудің жанрлары;
- саяси дискурс [17].

1.2.1 Саяси тіл

Қазіргі тіл білімінде «саяси тіл» терминіне қатысты даулы мәселелер көп. Соның бірі – саясат тілі деп кең қолданыс алған тілдерді бөліп жіктеу де кездеседі. Дегенмен, саяси тілді тек бір ғана тілдің аясында алар болсақ, онда ауызекі сөйлеу тілі мен ресми-іскери тілге де қатысты осындай пікірді келтіруге болады. Сондықтан да саяси тіл жеке бір ғана ұлттық тілге қатысты емес, ұлттық тіл нұсқасындағы саяси кеңістікке бағытталған тіл.

Саяси тіл арқылы коммуниканттар өз сөзінің мазмұнымен бірге сол кезеңге, нақты ситуацияға, белгілі бір тілдік контекске, қандай да бір тілдік жүйеге тән алуан түрлі мәтіндерді де интерпретациялаушы болып табылады. Саяси тілдің екіжақты түсінілуі мүмкін екендігін ескерсек, айтылымда осы екіжақтылықтың болуын да ұстаным етілуі мүмкін. Соған қарай ойын бейімдейді немесе онда екіұштылықтың болмауын көздеп, мәтіннің бір ғана мәнде түсінілетіндей болып құрылуын қадағалайды [18, 222 б.].

Саяси тіл – саясат пен қоғам-әлеумет арасындағы көпір рөлін атқаратын күрделі коммуникативтік құбылыс деп танимыз. Ол (саяси тіл) қоғамдағы белгілі бір саяси топтардың, партия, қоғамдық ұйымдар басшылығының, тағы басқа да мүдделі тұлғалардың саяси тапсырыстарын жүзеге асырады. Бұл – көбінесе қоғамда қалыптасып саяси ахуалды халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін және ұлттық мүдделерді ескере отырып интерпретациялауға қатысты мәселе. Сондай-ақ, саяси тілде арнайы контекст жасау үшін қолданылатын айрықша тілдік механизм жұмсалады. Аудиторияның саяси тілді барынша дұрыс түсінуі үшін адресант ойды жеткізу барысында оқырман қауымның қажеттіліктерін, мүдделерін, білім деңгейін, әлеуметтік ұстанымдарын ескереді. Сөз субъектісі коммуникативтік ниетін жүзеге асыру үшін мәтін адресаттың:

- тілдік біліміне;
- дәстүрлі біліміне сүйенеді [12, 188 б.].

Осыған байланысты саяси тілдің прагматикалық сипаттамасын арнайы қарастыру қажеттілігі туындайды. Өйткені мәтіннің прагматикалық компоненті

тілдік құралдардың жұмсалыуына қатысты заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Саяси мәтінде адресанттың белгілі бір прагматикалық ұстанымы көрініс табады.

Зерттеушілер оны үш түрге жіктейді:

- ақпараттық ұстаным (мәліметті іріктеп ұсыну);
- фатикалық ұстаным (саяси тілде нақты бір ойға, іске назарын аударту үшін пайдалану);
- манипулятивтік ұстаным (саяси тілдегі баяндалатын оқиғаларға қатысты оқырман көзқарасын қалыптастыруды мақсат ету) [19, 128 б.].

1.2.2 Саяси мәтін

Лингвистикада мәтін – «жүйелі, байланысты, тұтас, тиянақты, қалыптасқан және т.б. мағыналық жақтан өзара байланысқан сөйлемдердің бірізділігі» [7, 374 б.].

– Жанры жағынан түрлі болуы мүмкін: ауызша және жазбаша. Ауызша: митингілердегі шаршы сөз, парламенттегі пікірсайыс, партия съезіндегі баяндама, саяси басшының телеинтервьюі т.б.

– Жазбаша: газеттегі талдама мақала, үнқағаз, саяси партияның бағдарламасы т.б.

– Саяси мәтіндердің негізгі мазмұндық белгісі – партия, қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік органдар, қоғамдық және мемлекеттік белсенділердің қоғам құрылымының экономикалық және әлеуметтік дамуына қатысты ой-пікірлерінің бейнеленуі, берілуі.

– Саяси сипаттағы мәтіндердің мақсатты белгісі – нақты бір идеяларды насихаттау арқылы саяси жағдайға әсер етуге арналуында. Саяси мәтінге билікті қолдану және оны тарату мәселелеріне қатысты тура және жанама бағыттылық тән. Көптеген саяси мәтіндерде деректер мен ойлар беріледі. Бұл мәтіндер ақпараттық сипатта болуы да мүмкін, дегенмен, адресанттың ой-пікірін өзгертіп, саяси ұстанымдарын ауыстыруда сенімді дәлел де болатын кездері көп.

– Саяси мәтіндегі бір құрылымдық ұғым – мәнмәтін. Мәтіннің бөлігі. Осы бөлікте тандалып алынған бірлікті талдау арқылы сол мәтіндегі мағынаны нақты анықтаушы қызметін атқарады. Анықтаушы бірліктің өзі контекстің құрамына кірмейді (ол жеке сөз болуы мүмкін). Кейбір жағдайларда айтылар ойды түсіну үшін бір сөйлем ғана қажет болуы мүмкін, енді бір тұстарда толық мәтінді немесе мәтіннің едәуір көлемді бөлігі маңызды бірлік ретінде алынуы мүмкін. Осыған байланысты тар және кең шеңберлі белгілері бар мәнмәтіндер бөлініп алынады [20, 87 б.].

Мамандар осы тұста жағдаяттық мәнмәтін, эстралингвистикалық мәнмәтін және мәнмәтін деп бөледі. Дегенмен, аталған ұғымдарды басқа терминдермен жіктеу (саяси дискурс, саяси нарратив) нақтырақ аша түседі. Саяси тілдегі мәтін авторының өзі сипаттап отырған оқиға-құбылысқа беретін

бағасын және өзі материалдарын арнап отырған аудиторияға деген көзқарасын көрсететіні маңызды тілдік категориялармен танылады. О.И.Москальская мен Ю.С.Степанов сияқты ғалымдар тілдік категориядан тек сөйлеушінің коммуникативтік құрылымын анықтап қоймай, оның коммуникативтік акт барысындағы әртүрлі элементтеріне деген көзқарасын да білдіретінін айқындады. Мәселен, адресант пен адресат қарым-қатынасы актісінің орны мен өту уақытын сөз еткенде міндетті түрде сөйлеудегі ойдың мәнмәтіндік сипатын ашуға назар аударылады.

Саяси мәтіннің маңызды қызметтерінің бірі – аудиторияны сөз болып отырған оқиғаға қалтқысыз сендіру. Сондықтан да онда міндетті түрде көрініс табатын дерек пен дәлелдеменің орны өзгеше. Мұндағы негізгі мәселе сөйлеушінің тілдік құзыреті мен шеберлігіне және дәйектеу өнерін (аргументация) терең меңгеруіне келіп тіреледі. Яғни өзі ұсынған ақпаратқа, мәлімет пен ойға, пікірге аудиторияны сендіру үшін адресант бірнеше сатыдан тұратын логикалық шара дәлелдеуді жүзеге асыруы тиіс. Осы мақсатқа орай автор өз мәтінінің дәлелдемелерінің негіздемесін жасайды. Бұл негіздеме мәтін өзегін құрайтын тезис-тұжырымнан, сол тұжырымды негіздейтін деректерден (факті) және осы екеуінің арасындағы логикалық байланыстан тұратын күрделі құрылым болып табылады [21, 25 б.].

Саяси мәтін міндетті түрде екі коммуникантқа қатысты болады. Адресант өз көзқарасын білдіре отырып қоғамда болып жатқан оқиға, құбылыстарға баға береді. Осы тұрғыдан бір-бірімен тығыз байланысты ой әрекеті және тілдік әрекет жүзеге асырылады. Ой әрекеті – мәтіннің тууы мен қабылдануына негіз болатын коммуникацияның мақсаты мен шарттарын ескеретін, ең алдымен, автордың ойлау дүниесін қамтитын күрделі семантикалық кешен. Ол реципиенттің тілдік біліктілігін, әлеуметтік мәртебесін, индивидуалды-психологиялық ерекшеліктері мен ғалам туралы білімінен тұратын ойлау жүйесі болып табылады. Ал тілдік әрекетте эксплицитті немесе имплицитті деңгейлердің бірі таңдалады.

Ақпаратты немесе мәліметті беруде, ең алдымен, адресантта ой мазмұны қалыптасып, тілдік сигналдар арқылы жеткізіліп отырады. Ол тілдік сигналдар ауызша коммуникацияда айтылым түрінде болса, жазбаша коммуникацияда мәтін арқылы көрініс табады [22]. Ал ақпаратты қабылдауда тілдік сигнал алдымен беріліп, содан кейінгі кезекте реципиенттің ой мазмұны қалыптасады. Тілдік сигналдың мәнін ашу, мазмұнын түсіну үшін міндетті түрде кодталған ақпарат ашылуы тиіс. Осыған байланысты ғылыми әдебиетте олар былайша көрсетіліп жүр: ақпарат көзі ретінде танылатын жіберуші, яғни белгілі бір хабарламаны жасаушы – жеке адам немесе тұтас бір ұйым (ұжым, адамдар тобы) болуы ықтимал.

Қазіргі қазақ тіліндегі саяси мәтіндердің басты ерекшеліктері:

- ұлттық ойды жеткізуде маңызды рөл атқаратын көркемдегіш құралдарды пайдалану;
- ұлттық түсінікпен бірге жаһандық ұғымдарды тұтастыру;

– халықтық танымды қоғамдық әрекет пен жаңалықтармен байланыстыра алу [23];

– әлемдік саяси мәтіндердегі негізгі мазмұнды беруде жаңа тілдік бірліктерді ұлттық тілдің өзінен табу. Бұндай негізгі ерекшеліктер көбіне –көп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа Жолдауында анық көрінеді. Мысалы: «Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік ел» етуді мұрат қылдық» [24, 2 б.] деген биылғы 2014 жылғы Жолдаудағы «Мәңгілік ел» идеясын жеткізген тұста – ұлттық таным мен мәнді барынша ашатын – «көз тігу», және «мұрат қылу» тіркестері. Қазақ тілінде тұрақты сөз тіркестері ойды көркемдеп қана жеткізбейді, барынша дәл, неғұрлым анық та айқын етуі үшін жұмсалады.

Елбасының қолданысындағы «көз тігу» тіркесі – арқылы екі мағынаны тереңдеп талдауға болады:

–«Мәңгілік елдің» болашағына деген сенімді жасап тұр;

– «Көз тігу» – алысқа қарау; болашақты, неғұрлым көз ұшындағы жайды бағдар ету деген мағынаны береді.

«Мұрат қылу» – мақсат ету, мақсат қою деп қазіргі тілдік қалыптағыдан өзге қолданыстың ұлттық танымдық мәнін төмендегідей таратқан жөн.

1. Мұраттың (мақсаттың) нақтылығы;

2. Халыққа жақындығын айқындай түскен.

1.2.3 Саяси тілде сөйлеу

Саяси тілде сөйлеу – жалпыхалықтық тіл лексикасын қолдана отырып, саяси мәтін құру.

Саяси тілде сөйлеудің ерекшеліктері мен негізгі мәселелері (билікті мемлекетаралық, мемлекеттегі түрлі мемлекеттік құрылымдарда бөлісу), қызметтері (адресаттың әлемнің саяси бейнесіне туралы ойына әсер ету, адресаттың эмоциялық әсері, нақты бір немесе басқа жағдайларға адресатты көндіру), идеологияға ыңғайландырылған стратегиялық және тактикалық коммуникативті әрекет түрлерін, сондай-ақ лексикалық және басқа да тілдік элементтерді тандап, сұрыптап алу шарттарымен анықталады.

Саяси қарым-қатынас тілінде көп жағдайларда адам жеке тұлға деп танылмайды. Адам белгілі бір саяси ұйымның немесе билік құрылымдарының өкілі деп есептелінеді. Мысалы, көптеген саяси құжаттар авторы көрсетілмейді, ұйым не партия атынан жарияланады. Референт жазған сөз президент сөзі деп қабылданып және солай талданады. Бірқатар саяси құжаттар нақты құрастырушылар атымен берілмейді. Саяси партия немесе билік құрылымдарының басшылары атынан беріледі [25, 287 б.].

А.П.Чудинов диалогтықтың үш формасын бөліп алып, диалогтық-монологтық байланысты саяси коммуникация мінездемелерінің дискурсивті негіздерінің бірі ретінде қарастырады [17]. Ең біріншісі – «мәтінді ұйымдастырғандағы бірнеше сөйлеуші қатысатын диалогтық» (әңгіме, интервью, пікірталас). Диалогтықтың екінші формасы – «қашықтықтағы»

диалог, онда «саяси көшбасшы алдын ала жіберілген сұрақтарға жауап береді немесе өзге саясаткерлердің пікіріне талдау жасайды, бар көзқарастарға баға береді». Автордың осындай «диалогтық форма» (бізбен ажыратылған – Ж.Қ.) көріністері жазбаша және ауызша тесттерде кездесетінін баса айтқаны кездейсоқ емес (публицистикалық кітаптар, сайлауалды бағдарламалар және т.б.). Саяси сөйлеудің диалогтықтың үшінші формасы «уақыт пен кеңістіктегі мәдениет диалогын көрсететін интермәтіндік болып табылады». Бұл «диалог» арқылы автор бұрын айтылған және жаңа саяси тәжірибе негізінде жаңартылған, немесе басқа бір саяси амалдар арқылы саяси коммуникация мәтіндеріндегі нақыл сөздер, аллюзия, реминисценция, метафоралардың қолдануын түсінеді. Тіл білімінің саяси-лингвистикалық бағытындағы өзге де өкілдеріндей, А.П.Чудинов саяси әрекет пен саяси коммуникацияның ырықсыз объектісі сияқты саяси диалогты саясат субъектісінің әрекеті арқылы ашып беретінін ерекше атап өткен жөн. «Саяси тіл табиғатынан диалогтық болып табылады, – деп жазады зерттеуші, – ол ойды білдіруге емес, ықпал етуге бағытталған». [17, 94 б.] Автордың сөзінше, осындай дискурс «әдетте өз алдына қаланып, қабылданатын диалог», бірақ біздің көзқарас бойынша, саяси коммуникация саяси және сапалық ескірген біржақты жол бойынша монологтық-насихаттау парадигмасы негізінде жүзеге асады. Оны осы саланы арнайы зерттеген ғалымның өзі де жасырмайды, «саяси коммуникация жағдай сипаттамасының объективтілігін емес, адресатты саяси әрекетке бастауды мақсат етеді» .

1.2.4 Саяси тіл стилі

Саяси тіл стилі – ұлттық тілдегі сөйлеу ерекшеліктерін басшылыққа алады. Бұның өзгешелігі – белгілі бір саясаткерге немесе саяси партия мен ұйымға тән болуында. Саяси тіл стилінің басты сипаты белгілі бір тілдік құрылымдарды ұстанғандығымен айқындалады [26].

Қазақ саясаткерлері тіліндегі ерекшеліктер – Д.Назарбаева («Сол себепті намысты қолдан бермеуге бел байлаған біз болашақ жаңа парламентте өзіміздің сөзімізді сөйлеп, біз үшін *қуатты лобби жасайтын өкілдеріміз болуы тиіс* деп түйдік», – деді Д.Назарбаева[27]. <http://kaz.gazeta.kz/art. 2.09.2012>)

Е.Ертісбаев («Kazsat» және «Intelsat» спутниктерінде жалға алынған сыйымдылық оңтайландырылды, бұл транспондерлерді жалдау үшін қажетті бюджеттік қаражаттың нақты көлемін анықтауға мүмкіндік берді» [28] (<http://www.massagan.com/news. 2008.01.28>), тілдеріндегі орыс тілінің элементтері мен шетелден енген терминдерді көп қолдану болса, ұлттық құндылықтарға баса мән беретін келесі топ тілінде (Ө.Бәйменов: «...мемлекеттік қызметкер азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік танытып, маман таңдауда туысқандық, жерлестік және жеке таныстыққа жол бермеуі тиіс» [29], <http://www.minber.kz. 2012.11.17.>, И.Тасмағамбетов: «Дархан даламызда, ат жалында, түйе қомында жүріп ғұмыр кешкен, барша ой арманы мен таным-тағылымын тасқа таңбалап, ұрпақтарына мәңгілік аманат етіп қалдырған хас өнер шеберлерінің, есімдері белгілі де, белгісіз де әулиелі ата-бабаларымыздың

аруақты рухына бағыштаймын» [30], «Егемен Қазақстан газеті, 2012, 03.10) қазақы қалып басты стиль болып саналады. Қазіргі саяси лингвистикада жекеленген саяси партиялардың тілдік стилі де, саясаткерлер тіліндегі идиостильдер де зерттеле бастады.

Жалпы тілдік қатынас – «ойлау мен сөйлеудің қатысы арқылы тілдік тұлғалардың таңбалық жүйесі мен дыбысталу қасиеті нәтижесінде жүзеге асатын, қатысымдық тұлғалардың семантикалық бірлігі мен байланысу заңдылықтары арқылы берілетін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз ететін, тек адамзатқа ғана тән күрделі тілдік қоғамдық-әлеуметтік үрдіс. Ғылым саласындағы қарым-қатынастың неғұрлым өзіндік үлгілерін анықтауда қарым-қатынас тақырыбы, тілдік құралдардың жұмсалыу тәртібі, әлеуметтік ұстаным т.б. факторлары ерекше орын алады. Қазақ тіл білімінде З.Ш. Ерназарова [31] ауызша ғылыми тілді жалпы сөйлеу тілінің құрамында қарастыра отырып, сөздің прагматикалық бағытын мынадай түрлерге бөледі:

- 1) сөйлеуші өз ойын дәлелдеп, жеткізуді мақсат етеді;
- 2) сөйлеуші белгілі бір бағытты, тақырыпты жақтап, қолдап сөйлеуді мақсат етеді;
- 3) пікірді, тұжырымды сынау, қарсы шығу мақсаты көзделеді,
- 4) ескерту, ұсыныс айту мақсаты көзделеді.

Автор осылай бөле отырып, одан әрі былай деп жазады: «Сөйлеуші мақсатының әр түрлі болуы түзілетін мәтіннің құрылымы мен мазмұнына әсер етеді. Бірақ кез келген ғылыми сөзде дәлелдеу, ойды нақты, тартымды етіп жеткізу, жаңа мәлімет беру сияқты қосымша мәліметтері бар» [31, 98 б.]. Осындай ерекшеліктер саяси лингвистика тілінің стиліне де тән.

1.2.5 Қарым-қатынастың (коммуникацияның) саяси саласы мен оның түрлілігі

Қарым-қатынас саласының ұстанымдарын бөліп қарастыру, оның дәстүрлі функционалды стильде қолданылуымен сабақтастығы және ондай кеңістіктік бар-жоқтығы тіл білімінде даулы мәселе екені белгілі. Тек, қазіргі лингвистикада қарым-қатынас саласы деп бөлінген сала ішінара функционалды және басқа стильдер саласымен байланысады. Саяси лингвистика сияқты қарым-қатынастың алдыңғы қатардағы (коммуникация) кеңістігіне: қаржылық, құқықтық, өнеркәсіптік, медициналық, ғылыми, педагогикалық, діни, тұрмыстық, бұқаралық-ақпараттық кеңістік пен өнер саласы жатады. Бұл салалар байланысу мен қарым-қатынас жасау жағынан бір-біріне қарама-қарсы: саяси саласының мақсаты – билік үшін күрес, құқықтық – қатынастарды реттеу, қаржылық – есеп және бөлу, ғылыми кеңістікте – қоғам мен адамның және табиғаттың дамуы мен тіршілік ету заңдарын орайластыру, педагогикада – жеке тұлғаны әлеуметтендіру т.б. [32, 103 б.].

Саяси қарым-қатынас әрекетінде жеке тұлға саяси ұйым немесе мемлекеттік орган өкілі, сондай-ақ азаматы ретінде алынады. Сондай-ақ қарым-қатынастың (коммуникацияның) субъектісі – мемлекеттік орган немесе саяси ұйым ғана болуы да мүмкін. Қаржылық кеңістікте субъекті сатушы және сатып

алушы болуы мүмкін (жеке меншік ұйым немесе оның өкілі болуы мүмкін). Діни салада адам мен жаратушы арасында, оның жердегі өкілі арасындағы қатынас арқылы өрбиді.

Саяси лингвистикада стиль барлық стильдерге қатысты болады. Соның ішінде публицистикалық және ресми-іскери тіл стильдері кеңінен қолданылады. Арнайы зерттеулер көрсетуі бойынша, саяси жағдайларды функционалды стиль түрі (М.Н.Кожина, Д.Н.Шмелев және т.б.) бөлініп көрсетіледі. Олардың қатарына ғылыми тіл, публицистикалық, ресми-іскерлі тіл, ауызекі сөйлеу тілі, көркем-әдеби тіл стильдерін анықтайды. Саяси лингвистикадағы стиль ғылыми немесе көркем-әдебиет стилінде суреттеу, саясат туралы тұрмыстық әңгімелер публицистикалық, ресми-іскерлі тілдегі саяси мәтіндер бөлек, басқа стилистикалық заңдылықтармен көрінеді. Сондықтан әдеби, ғылыми,, тұрмыстық тілдегі тақырыптар саяси сөйлеу тілінен бөлек құрылымдармен айқындалады.

Мәтіннің кімге, кімнен арналғандығына қарай саяси қарым-қатынас түрлерін (деңгейлері мен төменгі кеңістіктерін) келесі жүйемен жіктейді:

- аппараттық (қызметтік, ішкі, бюрократтық) саяси қарым-қатынас (коммуникация). Бұл – саяси қарым-қатынастың мемлекет немесе қоғамдық құрылымның ішкі қатынастарына ыңғайланған түрі. Әрі бұндай қарым-қатынас түрі нақты біреулерге арнала дайындалады, «күпия», «қызметтік пайдалану үшін» грифі жиі кездеседі;

- көпшілікке арналған саяси әрекеттегі саяси қарым-қатынас. Аталған саяси қарым-қатынас түрі кәсіби және қоғамдық белсенділердің іс-әрекеттерін жүзеге асыруда қолданылады. Адресат ретінде қоғамның әр түрлі деңгейі қатысады. Нақты мысал бола алатын – сайлау алды үгіт-насихат, парламенттік дебаттар, мемлекет басшылары мен оның құрылымдық органдарының жетекшілерінің көпшілік аудиторияға арналған арнайы көсемсөздері;

- журналистермен бірге және тікелей журналистер қатысуымен жүргізілетін саяси қарым-қатынас. Бұндай жұмыс түрі де кең қамтылған аудиторияға есептелген. Оған мысал ретінде интервью, журналистер, саясаттанушылар мен саясаткерлер (көбіне-көп БАҚ мамандары көмегімен жазылады) жазған газет беттеріндегі талдамалы мақалалар жатады. Бұл жағдайда журналистер аудиторияның назарын мәселенің қойылысына аудартады, оның шешілу жолдарына ұсыныстар жасайды, саяси ұйымдар басшыларының осы мәселеге қатысты пікірлеріне талдау береді, саясаткерлерге белгілі бір мәселенің шешілуіне қатысты өз пікір, кеңестерін ұсынады;

- митингілер, демонстрациялар мен жиналыстарда қатардағы азаматтардың саяси сөйлеу тілі. Бұндай коммуниканттар негізінен халық, сайлаушылар, еңбекшілер немесе белгілі бір топ (мамандыққа қатысты, жас мөлшеріне қарай, тұрғылықты жеріне байланысты) өкілі болып саналады. Кейбір тұстарда ерекше деңгей етіп, парламентті және келісім коммуникациясын да алады. Бұның екінші жағы бар: парламенттегі сөйлеуді саяси әрекеттің түрлеріне жатқызуға болады. Ал көпшілікке белгісіз комитеттегі әрекетті аппаратты коммуникацияға бөлу керек.

Саяси лингвистикадағы сөйлеу кеңістігі көп өлшемді. Тілдік әрекеттесу ерекшеліктерін есепке алғанда, лингвистикаға қолданатын семиотикалық құрылғы түсіністіктің көпжақты жобасы. Бұл шынайы коммуникация шарттарында тілдік белгілер сипаттамасының негізгі мінездемелерін таратуға мүмкіндік береді. Осындай тілдік белгілер сипаттамасына, біріншіден, сигматикалық, семантикалық, прагматикалық, синтаксистік сияқты тілдік/тілдік емес шынайылық объектілерімен байланысқа түскен қатынас сипаттамаларының аспектілері жатады. Тілдік белгілер аспектілері сөйлеу өндірісінің координаттары ретінде коммуникативті-функционалдық тұрғыда қарастырылады.

Дискурстың коммуникативті-функционалдық кеңістігі жоғарыда аталған төрт координатты сөйлеу әрекетінің күшіне ықпал етеді. Дискурс автордың жоспарланған адресатқа жасалған тілдік әрекетін сипаттайды. Дискурсқа қатысты тілдік тұлғаның сөйлеу әрекеттері, бұл өлшемде сигматикалық, семантикалық, прагматикалық, синтаксистік жолдар арқылы адресант қолданатын мінездеме өлшемін қабылдайды. Тілдік тұлға дискурсының сөйлеу әрекетінің кеңістігі сөйлеуге ықпал ететін күштер интеграциясының берілген координаттары бойынша қаралады. Оны:

- аргументтік (семантика);
- негіздеу (сигматика);
- прагматикалық (прагматика);
- аккумуляциялық (синтактика) деп бөлу қалыптасқан [33].

1.2.6 Саяси тілде сөйлеудің жанрлары

Саяси сөйлеу тілінің әр жағдайларға қарай өз жанрлар корпусы бар. Жанрды:

- ауызша сөйлеу – митингілердегі шаршысөз, баяндама, сұхбат, дебат, интервью т.б.;
- жазбаша сөйлеу – бағдарлама, үнқағаз, газеттегі мақала, саяси басшыға хат т.б. деп бөледі.

Жанр – әрекеттегі сөйлеу шарттарына қарай мәтінді басқалардан ерекшелейтін құрал. Мәтіннің қатаң құрастырылу сипаттарына қарай әрбір жанрдың өз ережелері бар. Жанрды қызметтік сипатына қарай:

- салт жоралары жанрлары (ұлықтау рәсіміндегі мәлімдеме, құттықтау сөз т.б.);
- бағыттық жанрлар (баяндамалар, бұйрықтар, келісім шарттар т.б.);
- агоналды жанрлар (үнқағаз, митингідегі шаршысөз, жарыс сөз т.б.);
- ақпараттық жанрлар (газеттегі ақпарат, БАҚ-қа немесе саясаткер-азаматтардың үндеуі т.б.) деп бөлуге болады [34, 36 б.].

Жанрды айтылу мақсатына қарай саяси қарым-қатынаста ақпаратты бағалау, императивті түрлеріне қатысты да көрсетеді. Олардың бір ғана мәтінде кездесуі де мүмкін. Мысалы, сайлауалды үгіт-насихат үнқағазында кандидат

туралы, оның жағымды қасиеттері және сенім білдіруге шақырған мазмұндағы ақпараты болады. Осында ақпараттық, бағалау және императивті түрлердің үшеуі де бар. Саясаткердің өмірбаяндық кітабында императивті түрі ғана кездесуі мүмкін.

Қазіргі кезеңде шетелдік саяси кампаниялар үнқағаздарды емес, «слогандарды» пайдаланады. Бұлай бөлудің астарын коммунистік және либералды идеологиядан іздестіру қажет.

Саяси коммуникация жүйесі белгілі бір саяси мақсатқа қол жеткізу үшін қоғамдық санаға әсер ету құралдарынан тұрады. Зерттеуші Б.С.Ахатованың [6] айтуынша, саяси коммуникация мынадай құрамдас бөліктерден:

- саяси PR;
- саяси үгіт-насихат;
- саяси жарнамадан тұрады.

Саяси PR көпшіліктің белгілі бір саяси субъектіге (саяси партия немесе қайраткер) деген сенімін қалыптастыру мақсатымен ұзақ уақытқа жоспарланады [35].

Саяси үгіт-насихат сол қалыптасқан сенім негізінде саяси мінез-құлықтың белгілі бір типін жасау үшін қоғамдық санаға нақты саяси идеяларды сіңіреді.

Саяси жарнама электораттың сол үгіт-насихат ықпалына түскен бөлігін «дұрыс таңдау жасауға» шақырады, яғни нақты бір саяси партияға немесе оның көшбасшысына дауыс беруге үндейді.

Саяси коммуникацияның аталған құрамдас бөліктеріне қарай саяси тілдің жанрлары да анықталады.

Сөйлеушінің өз мақсат-мүддесіне қарай, саяси істерінің ауқымы мен оның қоғамдық-саяси, әлеуметтік орнына, рөліне қарай саяси жанрды таңдап алады. Бұл жанрлардың өзгешелігі тілдік тәсілдерді қолданылуына қарай айқындалады. Сол сөйлеуші мүддесіне сәйкес қолданылатын осындай тілдік тәсілдерді екі топқа бөлуге болады:

- тілдік амал-тәсілдер;
- тілдік айла-тәсілдер.

Мұндағы бірінші топқа бұрыннан белгілі, авторлар актив қолданатын, адресатқа жағымды әсер ету үшін пайдаланылатын тілдік бірліктер, екінші топқа реципиентке жасырын түрде әсер ету үшін, авторлардың немесе жекелеген бір топтардың теріс ниеттегі мүдделерін жүзеге асыру үшін қолданылатын тәсілдерді жатқыздық. Осы соңғы топқа байланысты мәселелер лингвистикалық әдебиетте «тілдік манипуляция» деп аталып жүр.

Саяси лингвистикада тілдік манипуляцияның қолданылуы мен жанрлары арасында тығыз байланыс та бар:

- көпшілік көзінен тасалау, беймәлім жағдайда өтетін оқиғаға арналған мәтін жанрларында тілдік манипуляция кеңінен пайдаланылады;
- саяси дискурс та айрықша көрініс табады;
- саяси мәтіндердегі жанрлық ерекшеліктер ретінде мәтіндерде адресанттың ұстанымын жүзеге асыратын – сөзойнатым тәсілі көпшілік жанрларға тән [36].

1.2.7 Саяси дискурс

Саяси лингвистикадағы «дискурс» терминінің бүгінгі күнге дейін нақты мағынасы тұрақталмаған. Француз лингвистикасында Патрик Серио [37], дискурс сөйлеу әрекетін, мәтінді, мәнмәтінді, айтылу себеп болған түрлі жағдайлармен де байланысты болады дегенді айтады. Орыс тіл білімінде де осыған ұқсас мағына алынады. «Аталған саладағы ағымдық сөйлеу әрекеттері», «мәтіндегі сөйлеу», «аяқталған аяқталмаған коммуникациялық жағдай» деп анықтама беріледі.

Нақты тұрақты атаулары белгіленген лингвистикада дискурсты ұғым мағынасында қолданудың қажеті жоқ. Дискурсты мәнмәтін (мәтін бөлігі), мәтін, нарратив немесе сөйлеу әрекеті деп те ала берудің қисыны жоқ деген ойды айтады. А.П. Чудинов, Ю.Н. Караулов пен В.В. Петровтың пікірі бойынша, дискурс – «күрделі коммуникативті құбылыс, мәтінмен бірге, сол мәтінді түсіндіретін экстралингвистикалық факторлар (әлем туралы білім, көзқарас, қойылым, адресат мақсаты т.б (1989. 8 б.). Н.Д. Арутюнова дискурс – ол «өмір шындығымен қаныққан сөйлеу тілі» [38, 8 б.] дейді.

Мәтін арқылы ұғынылатын, қабылданатын «саяси өмір» көп салалы. Сондықтан да саяси дискурс айтушы мен тыңдаушының санасындағы бар мазмұнды құрайтын компонент болуы шарт. Бұл жерде басқа мәтіндер де болатындығы ескеріледі: онда адресаттың мақсаты, автордың саяси көзқарастары, саяси жағдай және осы мәтінді тудырған жағдаят себептері т.б [39].

Саяси мәтінді және оның дискурсті элементтерін зерттеу – аталған мәтінге әсер етуі мен оны қабылдауының түрлі тілдік, мәденитанымдық, саяси, ұлттық, басқа да деңгейлерін анықтау. Дискурстің митингілік, парламенттік, аймақтық, федералды түрлерін көрсетуге болады дейді А.П.Чудинов [17, 94 б.].

Лингвистикалық пәндердің арасында саясаттану лингвистикасы немесе лингвистикалық саясаттану (лингвосаясаттану) деп аталатын пәннің жарыққа шыққанына көп уақыт болған жоқ. Оның үстіне, лингвистика өкілдері бұл екі атауды синоним ретінде қолданады.

«Саяси лингвистика» журналында В.А.Маслова өзінің «Саяси дискурс: тілдік ойындар немесе сөздер ойыны» мақаласында былай дейді: «Лингвосаясаттану немесе саяси лингвистика – лингвистика және саясаттану сияқты екі дербес ғылымның түйіскен жерінде қалыптасқан және басқа да заманауи лингвистикалық пәндермен байланысы бар лингвистика тарауы» [40, 95 б.]. Ендеше дискурстың тағы бір ғылыми негіздемесін саясаттану арқылы ашамыз. Саяси дискурсты зерттеумен саяси лингвистика немесе лингвосаясаттану сияқты жаңа ғылыми пән айналысады.

Дискурс қатынас барысында пайда болатын коммуникант пен мәтінді коммуникативтік жағдай ретінде де қарастырады. Сондықтан да ол ақиқат

көріністерін бейнелейді. Бұл саланың мазмұны мен байланыс негіздемесі бола алатын дискурсқа қатысты сыртқы жағдай және тілдік әрекеттесу үдерісінде уақыт пен кеңістіктегі айналаның ортаны құраушысы коммуниканттық орта мен жағдай болады.

Дискурсқа берілген анықтама тұлға аралық байланыста интеграциялық орталықтың бірлігі ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Бұл ретте дискурс қоршаған орта субъектілерінің тұлғааралық байланысқа түсетін қатысушылар табиғатына бағдар беретін субстанционалдық құраушы анықтамаларын толықтырады. Дәлелдеу күшінің векторы дискурстың объектіге немесе құбылысқа бағытталған семантикалық сипаттамасы болып табылады. Семантикалық сипаттама ақиқат – жалған мағыналарды қамтитын өлшемдермен реттеледі. Бұндай сипаттама адресант және адресат үшін жалпы бола алмайды. Адресат тұлғасымен және жалпы білім қазынасын жасаған коммуниканттармен тығыз байланысқан объектілер мен құбылыстарды негіздеу күштердің векторы деп аталады [41].

Бұл тұрғыда Ю.И.Плахотная да келіседі: «Саяси дискурс диалогінің сөйлеу ықпалы» мақаласында реципиент мінез-құлқының өзгерісін дискурсивті ықпал екенін болжайды. Себебі «саяси дискурс белгілі бір тілдік емес мақсатқа жетудің құралы болып табылады. Мысалы, адресатты белгілі бір әрекетке бастау немесе ұстанымын өзгерту» құралы ретінде алынуы мүмкін. [42]. «Сөйлеу ықпалының мақсаты саяси жағдай жүйесіне түбегейлі әсер етіп, адресаттың ғана емес, адамдар тобының көзқарасын өзгерту арқылы реципиент әрекетінің белгілі ұйымдасуы ретінде түсіндіріледі» [42, 121 б.]. Ресейлік саяси лингвистика мектебі өкілінің ойынша, «алдын ала жоспарланған әсерге жетуге» және «адресаттың құндылықтар жүйесін өзгертуге» бағытталған «саяси дискурстағы сөйлеу ықпалын адресатқа жасалған психологиялық әсер түрінде анықтауға болады». Осындай сөйлеу ықпалы, Ю.И.Плахотнаяның айтуынша, «саяси дискурс диалогының ажырамас бөлігі». [42, 123 б.]

Қорыта келгенде, саяси лингвистиканың ұғымдық құрамдары оның мазмұнды, құрылымдық сипаттарын ашады:

- саяси лингвистиканы зерттеу тіл білімінің басқа салаларынан басқаша түрде жалпылық мәнімен ерекшеленеді. Саяси лингвистиканы біріктіретін зерттелетін материалдың ортақтығы (саяси тіл, саяси мәтіндер, саяси дискурс), сондықтан да бұнда терминология, әдіснама және теориялық негіздер ортақ;

- ұғымдық және терминологиялық минимумдар анықтауда – А.П.Чудинов [17, 27 б.] саяси лингвистиканың саяси қарым-қатынас (коммуникация) ұғымдары мен әлемнің саяси саласын тілмен байланысты ұғымдар деп бөліп (лингвоменталды) қарастырады;

- саяси тіл арқылы коммуниканттар өз сөзінің мазмұнымен бірге сол кезеңге, нақты ситуацияға, белгілі бір тілдік контекске, қандай да бір тілдік жүйеге тән алуан түрлі мәтіндерді де интерпретациялаушы болып табылады;

- сөз субъектісі коммуникативтік ниетін жүзеге асыру үшін мәтін адресаттың: тілдік біліміне және дәстүрлі біліміне сүйенеді;

– саяси тілдегі тілдік категориядан тек сөйлеушінің коммуникативтік құрылымын анықтап қоймай, оның коммуникативтік акт барысындағы әртүрлі элементтеріне деген көзқарасын да білдіреді;

– А.П.Чудинов диалогтықтың үш формасын бөліп алып, диалогтық-монологтық байланысты саяси коммуникация мінездемелерінің дискурсивті негіздерінің бірі ретінде қарастырады;

– тілдік белгілер сипаттамасына, біріншіден, сигматикалық, семантикалық, прагматикалық, синтаксистік сияқты тілдік – тілдік емес шынайылық объектілерімен байланысқа түскен қатынас сипаттамаларының аспектілері жатады;

– тілдік белгілер аспектілері сөйлеу өндірісінің координаттары ретінде коммуникативті-функционалдық тұрғыда қарастырыла алады;

– дискурс қатынас барысында пайда болатын коммуникант пен мәтінді коммуникативтік жағдай ретінде де қарастырылады;

– дискурс қоршаған орта субъектілерінің тұлғааралық байланысқа түсетін қатысушылар табиғатына бағдар беретін субстанционалдық құраушы анықтамаларын толықтырады;

– саяси лингвистикада ақпарат берудің негізгі тәсілі вербальды, яғни тілдік материалдар арқылы жүзеге асады. Сонымен бірге саяси ақпаратты берудің вербальды емес түрлері де (кескіндеме, нышан-белгілер, ым-ишара т.б) қатысады;

– саяси лингвистиканы құрамындағы ұғымдарға саяси тіл, саяси мәтін, контекст (мәнмәтін), саяси тілде сөйлеу, саяси тілдің стилі, қарым-қатынастың саяси кеңістігі және түрлілігі, саяси тілде сөйлеудің жанрлары, саяси дискурс жатады;

– саяси тіл жеке бір ғана ұлттық тілге қатысты емес, ұлттық тіл нұсқасындағы саяси кеңістікке бағытталған тіл;

– саяси мәтіннің бірнеше ерекшеліктері бар: жанры жағынан түрлі болуы мүмкін, негізгі мазмұндық белгісі – партия, қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік органдар, қоғамдық және мемлекеттік белсенділердің қоғам құрылымының экономикалық және әлеуметтік дамуына қатысты ой-пікірлерінің бейнеленуі, берілуі, саяси сипаттағы мәтіндердің мақсатты белгісі – нақты бір идеяларды насихаттау арқылы саяси жағдайға әсер етуге арналуында;

– саяси тілде сөйлеу – жалпыхалықтық тіл лексикасын қолдана отырып, саяси мәтін құру. Саяси тілде сөйлеудің ерекшеліктері мен негізгі мәселелері, қызметтері, идеологияға ыңғайландырылған стратегиялық және тактикалық коммуникативті әрекет түрлерін, сондай-ақ лексикалық және басқа да тілдік элементтерді тандап, сұрыптап алу шарттарымен анықталады;

– саяси тіл стилі – ұлттық тілдегі сөйлеу ерекшеліктерін басшылыққа алады, өзгешелігі – белгілі бір саясаткерге немесе саяси партия мен ұйымға тән болуында. Саяси тіл стилінің басты сипаты белгілі бір тілдік құрылымдарды ұстанғандығымен айқындалады;

– саяси қарым-қатынас әрекетінде адам саяси ұйым немесе мемлекеттік орган өкілі, азаматы ретінде алынады. Қарым-қатынастың (коммуникацияның) субъектісі – мемлекеттік орган немесе саяси ұйым ғана болады;

– қазіргі қазақ тіліндегі саяси мәтіндердің басты ерекшеліктері ұлттық ойды жеткізуде маңызды рөл атқаратын көркемдегіш құралдарды пайдалану, ұлттық түсінікпен бірге жаһандық ұғымдарды тұтастыру, халықтық танымды қоғамдық әрекет пен жаңалықтармен байланыстыра алу, әлемдік саяси мәтіндердегі негізгі мазмұнды беруде жаңа тілдік бірліктерді ұлттық тілдің өзінен табу;

– мәтіннің кімге, кімнен арналғандығына қарай саяси қарым-қатынас түрлері (деңгейлері мен төменгі кеңістіктері) жүйемен жіктеледі;

– жанрдың ауызша және жазбаша түрі бар. Қызметтік сипатына қарай:

– салт жоралары жанрлары, бағыттық жанрлар, агоналды жанрлар, ақпараттық жанрлар деп бөлінеді;

– саяси дискурс – айтушы мен тыңдаушының санасындағы бар мазмұнды құрайтын компонент. Бұнда адресаттың мақсаты, автордың саяси көзқарастары, саяси жағдай және осы мәтінді тудырған жағдаят себептері т.б. ескеріледі.

– саяси мәтінді және оның дискурсті элементтерін зерттеу – аталған мәтінге әсер етуі мен оны қабылдауының түрлі тілдік, мәдени танымдық, саяси, ұлттық, басқа да деңгейлерін анықтайды [17].

1.3 Саяси лингвистикадағы тақырыптық контент

Контент терминін қазіргі қоғамда бірнеше мағынада алады:

– медиаэкономикада БАҚ-тың түрлі формалары мен жанрларындағы, сондай-ақ жеке электронды тасымалдаушылардағы мазмұнды анықтайды;

– психологияда – ақпарат тасушы құралдардағы және мәтіндердегі арнайы сипаттаманың бағалауы мен әдістерін анықтау;

– саясаттануда – саяси ақпарат мазмұнын үйренудің сандық әдісі;

– БАҚ-тағы тасымалдаушыларда – мәтіндік және кескіндемелік ақпаратты үйренудің қалыпқа түскен әдісі;

– жалпы терминде – сөйлеу актісі, түрлі тақырыптардағы, идея, эмоция, көзқарас, хабарламаларды талдаудың әдістері дегенді білдіреді.

Осындай сипаттарына қарай контентті:

– мәтіндік;

– аудио;

– видео;

– мультимедиялық;

– кескіндемелік деп бөледі [43].

Контент-талдаудың түпкі ойының мәні интуициялық түйсіктерді жүйелеу және оларды көрнекі әрі бақылау жүргізуші ретінде қолдануында. Сондай-ақ бұл түйсіктерге негізделетін мәтіндік нысанды анықтайтын әдістемені

жасауында. Осындай әдістемені қолданған зерттеуші тек өз түйсіктерін ретке келтіріп, өз қорытындыларын дәйекті етіп қана қоймай, мәтіннен автордың айтқысы келгеннен де көбірек біле алады.

Бұл контент пен тақырып байланысынан ашылады. Мәтін ішінде кейбір тақырыптардың қайталануы немесе қалыпқа түскен элементтер мен құрылымды қолдануда автор түсініспеушілігіне зерттеушінің араласуы болуы мүмкін. Контент-талдаудың шынайы белгісі болып оның көркемделген «жүйелілігі» мен «нақтылығы» емес (бұл белгі мәтінді талдаудың басқа да әдістеріне тән), оның квантитативтік мінезі болып табылады [44].

Контент-талдау мәтіннің құрамдас бөліктерін сандық бағамен болжайды. Түрлі сапалы саралау мен сол не басқа құрылым заңдылықпен толықтырылатын сандық әдісті пайдаланады.

Жергілікті жалпыұлттық және аймақтық контент-талдаудың жобалары бірнеше сан түрлі қоғамдық мониторинг кезінде жүзеге асады.

Контент-талдаудың кең таралуы бұқаралық ақпарат теориясында, әлеуметтану мен саясаттануда ерекше.

Термин жүйеліліктің барлық әдістеріне жалпылауыш болып саяси мәтіндер мен бұқаралық ақпарат арналарында қайталанып келетін мәтіндерді талдаудың шындығына жету кезінде қолданылады [45].

Алайда контент-талдаудың бұндай түсіндірмесі дұрыс бола бермейді. Себебі зерттеу әдістерінің бірнеше түрі бар, не болмаса саяси мәтіндерді талдауға арналған арнайы жасалған әдістер (мысалы, когнитивтік карталау әдісі), сондай-ақ мақсат үшін қолданылған және қолданылып жүрген әдістер (мысалы, семантикалық дифференциал мен мәтін құрылымын және оған әсер ететін механизмдерін жобалап оқитын түрлі тәсілдер әдісі) де кездеседі.

Дегенмен, контент-талдаудың да басқа аналитикалық әдістердің ішінде ерекше мәні бар. Себебі бұл әдіс басқалармен салыстырғанда технологиялық әрі үлкен ақпараттық ағындардың жүйелік мониторингін жасауда ең оңтайлы амалы болып келуінде.

Контент-талдау әдісі (ағылш. content analysis) саяси зерттеу жұмыстардың бастапқы кезеңдерінде аймақтың жалпы ахуалын талдаған кезде қажет. Саяси жағдай туралы географиялық, экономикалық, демографиялық, тарихи, мәдени ақпараттарды жинау үшін әр түрлі статистикалық мәліметтердің талдамасын айналып өту мүмкін емес. Олар газеттер, журналдар, түрлі салалық және мамандандырылған жинақтарда бола алады, сондай-ақ компьютердің дерекқорларында сақталуы мүмкін [46].

Саяси контент-талдауды жүргізген кезде хабарлама жарияланғанын және тиісті бейнемен әлдебір белгілі мақсатпен құрылатынын ескеру керек. Дерек беру, сипаттама, шақыру, өзін-өзі қорғау және жалған ақпараттар да контент талдаудың құрамына кіретін кездер болады.

Сондықтан талдау жасаған кезде олардың мазмұнын автормен белгіленген мақсаттар негізінде оларды түсіндіріп, анықтау қажет. Соңында, сол не басқа хабарламаның таралуын да ескеру қажет.

Сайлаушылардың мекен-жайларының тізімі бойынша таралатын сайлау алдындағы үндеу – шектелген немесе ерекше саласымен таралудың хабарлама

үлгісі болып табылады. Күнделікті газеттер мол оқырмандар аудиториясына айналса, бұл түрлі газеттердің де әр түрлі болып келетінін анықтайды. Кез келген жағдайда бізді қызықтыратын хабарламалардың қол жетімділік дәрежесіне баға берілуі қажет [47, 89 б.].

Саяси контент-талдау төрт кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең. Әр хабарлама жауап беретін зерттелетін дерекнаманың жиынтығын немесе хабарламаларды берілген белгілерді теру көмегімен анықтау:

- дерекнама түрі (баспасөз, теледидар, радио, жарнамалық және насихаттық хабарлар);
- хабарлама түрі (мақалалар, жазбалар, плакаттар);
- коммуникация барысында қатысатын жақтар жіберуші, алушы (реципиент) немесе екеуі бірге;
- хабарлама көлемі (орташа көлем немесе көлемді);
- хабарлама келудің жиілігі;
- хабарлама тарауының әдісі, хабарлама тарауының орындары және оның келуінің уақыты [48, 88 б.].

Мысалы, егер бізді газетте белгілі сайлаушы кампанияның жарияланғаны қызықтырса, ізделіп отырған жиынтық өзіне барлық сайлау алдындағы газеттік жариялауларды (хабарлама түрі) қамти алады. Оның мөлшері газеттік бір бағананы қамтып (хабарлама көлемі), күн сайынғы газетте (хабарлама келудің жиілігі) берілген қаланың немесе аймақтың (хабарлама тарауының орындары) сол газетке жазылушыларға (хабарлама тарауының әдісі) сайлауға бір ай қалғанда жеткізіледі (хабарлама келуінің уақыты). Қажет болса басқа белгілерді қолдануға болады, бірақ аталып кеткендері жиі кездеседі.

Екінші кезең. Хабарламалардың іріктелген жиынтығын қалыптастыру. Кейбір жағдайларда бірінші кезеңдегі бар анық жиынтықты оқып білу мүмкін, себебі талдауға жататын жағдайлар (хабарлама) саны бойынша жиі шектеу қойылып, қажетті нәтиже де алынуы мүмкін. Дегенмен, кейде контент-талдау ірілеу жиынтықтан алынған шектелген іріктемеге сүйенуі де керек. Жалпы іріктемелердің өлшемдері басқа зерттеулер түрлерін қажет ететін басқаларынан әдетте асып түседі (қол жетімділік пен бастапқы мәліметтердің салыстырмалы талдамасы негізінде).

Үшінші кезең. Талдаудың бірлігін анықтау – қоғамға қажет дегеннің жеке элементі немесе сол хабарламаның белгісі. Хабарламаның қарапайым элементі – сөз, ол контент-талдауда тікелей түрде қолданылуы мүмкін.

Төртінші кезең. Талдаудың рәсімін тікелей жүргізу.

Зерттеудің мақсаттарына қарай мазмұнды немесе құрылымдық контент-талдау әдістерін қолдануға болады,

Сөзге, тақырыптар мен хабарламаларға негізделген мазмұнды саяси контент-талдаудың ең қарапайым рәсімінің тұжырымы мынада: белгілі маңызды сөздер бекітіліп, олардың хабарламаларда қолданылатын жиілігі есептеледі. Алайда бейстандарттық көрсеткіштерді қолдану қате қорытындыларға әкелуі әбден мүмкін. Олардан құтылу үшін тек қана сөздің

қолдану санын орынды қарап қоймай, жалпы сөз санының үлесін байқау қажет. Одан басқа, бір сөз кез келген мәнмәтінде қолданылуы мүмкін, тіпті оның мағынасы «кері мағынаға» өзгеруіне дейін жетеді. Мәнмәтіннің есептеуі екі тәсіл арқылы іске асады: төреші пікірін қолдану, басқаша – кодтаушы (ол зерттеуші де болуы мүмкін, немесе қарастыруға талдаудың екінші бірлігін – тақырыпты қосу керек (сөздер мен ұғымдардың фразда, сөйлемде, азатжолда іске асырылған анық тіркесі). Бір жағынан екінші тәсіл жеке сөздердің қолдану мәнмәтінін түсіндіреді, бірақ бұл барлық рәсімнің елеулі күрделену есебінде болады.

Тағы бір күрделі міндет, нақты бағалардың маңызды ескертулерге қосып жазу қажеттілігіне байланысты – осы ескерту позитивті немесе негативті мағына ретінде келуі, бізді қызықтыратын объектінің «жақтаушылары» мен «қарсылары» және т.б. Осы жағдайда саралаудың ең белгілі екі тәсілін қолдануға болады:

- Q-іріктеу әдісі;
- салыстыру жолымен айқындау.

Бұл тәсілдер кейбір терминнің күшіне (қарқындылығына) немесе арбитр тобының мән туралы пайымдауына арқа сүйейді. Төреші ретінде жіберушілер, сол сияқты хабарламаларды алушылар да, зерттеушілер, сондай-ақ халықтың өкілі де бола алады. Хабарламалардың мазмұнын ашатын сөздер, тақырыптар мен басқа да элементтермен қатар құрылымдық контент-талдау жүргізуге рұқсат беретін өзге де бірліктер болады [93]. Мысалы, баспа кеңістігінің уақыт ұзақтығын, көлемін анықтап, сайлау науқаны кезінде әрбір кандидатқа берілетін сөз санын және газеттік бағаналарын алуға болады. Сонымен бірге хабарлама пішініне де назар аударылады (хабарламаны таныстыру рәсімінің тәсілі) – фотосуреттің болуы, тақырыптың өлшемдері, орналасқан орны, ерекшеліктің дәрежесі, және тағы басқалары.

Контент-талдаудың келесі ең маңызды ерекшелігі мәтіндік ақпаратта көрсетілген әр түрлі құрамдас бөліктердің дәрежесі өлшеуге беріледі. Біздің зерттеуіміздің міндеттеріне тиісті белгілі «өлшегіш аспап» жабдығын құрастырып, бұқаралық ақпарат құралдары сайлау алдындағы заңдылықтарға қарағанда терроризммен күрес тақырыптарына зер салатынын түсіне аламыз. Немесе алдыңғы жыл мен қазіргі жылда айтылған жолдауды салыстырғанда, президенттің кедейлікпен күрес тақырыбы екпіндірек естіледі. Болмаса, қандай саяси көшбасшылар сөйлеген сөздерінде «архитектуралық метафораларды» жиі қолданады.

Контент-талдау алдымен бұл – сандық әдіс (бір жағынан, елеулі сапалы жасаушы). Оның маңызды әдістемелік мәселесі – сандық көрсеткіштерде мәтіндік ақпараттың дұрыс сапалы аудармасы болып табылады. Осыны алып, біз бұрын қарастырған талдау нәтижесін тереңдету үшін статистикалық әдістемелердің көлемді арсенал қоймасын қолдануға мүмкіншілігіміз бар.

Контент-талдаудың тағы бір маңызы айқындалған есептік сипаттамаларына зерттелетін құжаттар, саяси оқиғалар мен үдерістердің елеулі ерекшелігін бейнелеп көрсетуінде. Контент-талдау зерттеушіге мәтін мен

мәтіндік емес шындықтың байланысын ашқанда ғана пайдалы нәтижелер әкеледі. Бұл ретте мұндай байланысты анықтаудың 3 негізгі үлгілері болады, бірақ барлық жағдайда бастапқысы құжат болып табылады (мәтіндік хабарлама):

– «мәтіннен хабарламаның өндірушісіне». Мысалы, елдің саяси басшылығының өкілдерімен «вертикалды билік құрылысы» ұғымын қолданудың жиілігінің ұлғаюы өктемді ресурстар мен өкілеттіктердің нақты саяси бағытты орталықтандыруға қалыптастыруын айғақтайды;

– «мәтіннен хабарламаны алушысына (реципиентке)». Мысалы, бұқаралық ақпарат құралдарының терроризммен күрес тақырыбына назар аударуын терроризм мәселесінің қоғамдағы басты нысанға айналуымен түсіндіруге болады (тақырып бойынша хабарлама алушы). Сонымен бірге мұнда бірінші үлгі де қолданылады (мәтіннен өндірушіге). БАҚ өкілдері мен оларды дәйектейтін мемлекет басшылары қоғамға осы мәселені жеткізу қажет деп есептеп, қоғамдық пікірді белгілі шектеулермен дайындау маңызды деп есептейді;

– «мәтіннен жалпы жағдайға». Бұл үлгі белгілі дәрежеде алғашқы екеуіне интегралды болып келеді: «мәтіннен өндірушіге» және «мәтіннен хабар алушыға». Бұл жерде біз қоғам мен мемлекет байланысының жалпы тұрпаты, осы үдерістегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі сияқты кең көлемді сұрақтар қоя аламыз.

Контент-талдаудың нысаны жеке мәтін емес, мәтіннің әжептәуір үлкен жиынтығы болып табылады [49].

Статистикалық табиғи түйін мен заңдылық контент-талдаудың қорытындысы бойынша құрастырылғаны ескертілген. Ақпараттың үлкен ауқымы талдауға тартылса, соның нәтижесінде сенімді және қисынды қорытындылар алынады.

Екіншіден, контент-талдаудың қазіргі әдістері негізінде компьютерленген, осы уақытта үлкен көлемді мәтіндік ақпараттардың электронды түрде қол жетімді болуы аз уақыт ішінде мәтіндік ағындарды өңдеудің техникалық мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бүгінгі ақпараты мол әлемде ең тиімді әдістердің, бағыттардың бірі – контент-талдау.

Үшіншіден, контент-талдауға көпшілікті ақпарат соңынан ерітудің кеңейуі компаративтік міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Бір уақыт аралығында әр түрлі субъекттегі ақпараттар екінші бір субъект ақпарат тобының уақытша серпінді өзгерістерін салыстыру арқылы өтеді.

Тақырыптың ұйымдастырылуы, құрылымы және ақпараттық-мағыналық кескіндемесі тұрғысынан жан-жақты талданды. Қазіргі қазақ баспасөзі материалы негізінде газет мәтіндерінің жалқы және көптақырыптарға құрылатыны анықталды. Көптақырыпты мәтіндерде негізгі және қосымша тақырыптар қамтылады. Ондай мәтіндер ойды эксплицитті және имплицитті түрде жеткізеді, кейбірі фактіні баяндауға негізделсе, екіншісі жеке проблеманы көтереді. Сондай-ақ реципиент назарын бір ғана тақырыпқа аударуды мақсат ететін жалқы тақырыпты мәтіндер де кеңінен қолданылады. Контент саяси

мәтінінің құрылымы мен жанрлық сипатына қарай ерекшеленеді. Негізінен саяси мәтінге тән мағыналық-құрылымдық модельді мынадай бес бөліктен тұрады деуге болады:

- мәтіннің тақырыптық бөлігі;
- кіріспе бөлігі;
- негізгі ақпаратты дәйектеуші бөлік;
- жинақтаушы мәре бөлік және түйін.

Осы бөліктердің әрқайсысына белгілі бір мағыналық жүк артылады. Бұл бөліктер төмендегідей сипатталады:

- тақырыптық бөлік бір ғана тақырыптан тұрса, ол абзац деп саналмайды. Сипаты жағынан кілт фраза болып есептелінеді;

- кіріспе бөлігінде бастама, кілт фраза, ойды таратып жеткізуші блок қамтылады. Бұл бөліктің саяси тілде атқаратын қызметі реципиент назарын ақпараттық бөлігінен гөрі, берілетін ақпараттың проблемалық бөлігіне аудару;

- негізгі ақпаратты дәйектеуші бөлікте бастама (реципиентті баяндалып отырған ақпаратқа қатысты негізгі тұжырымға жетелеу), кілт фраза (ұсынылған ақпаратты дамыту), ойды таратып жеткізуші бөлік (ақпаратты толықтыру, қосымша түсініктеме беру) қамтылады;

- жинақтаушы-мәре бөлік кілт фразадан, ойды таратушы бөліктен және қорытындыдан тұрады. Мұнда ақпаратқа қатысты негізгі тұжырым (қорытынды) жасалады;

- түйінде көтерілген негізгі мәселеге қатысты тұжырым жасалып, жаңа пікір беріледі, ой айтылады [50].

Ақпараттық-мағыналық кескіндемесіне арналған тармақшада жалпы берілетін ақпараттың бірнеше мағыналық бөліктен тұратындығы анықталып, оған қатысты мынадай формула жасалды: «қайда+кім+қанша адам+қашан+не себепті+қалайша+не істеді+әрі қарай не болады». Әмбебап сипаттағы ақпараттық-мағыналық кескіндемені құрайтын сегіз бөліктің әрқайсысы белгілі бір орындарда берілетіндігі анықталды. Бір ескере кететін жайт, автордың түпкі ойына, оқиғаға қатысты деректердің толықтай белгілі немесе толық айқын болмауына байланысты және оқиғаның қалай өрбитіндігі беймәлім жағдайларда ақпараттық-мағыналық кескіндемені құрайтын бөліктердің мәтінде қамтылуы және орналасуы әралуан сипатта болуы мүмкін. Сондай-ақ кейбір бөліктерді адресант өзінің ұстанымына сәйкес уәжді түрде айналып өтуі ықтимал. Бұл тәсіл қажетті бағытқа жетелеу мақсатында жұмсалады. Демек, әрбір жекелей алынған мәтіннің ақпараттық-мағыналық кескіндемесі дара сипатта қарастырылуы тиіс:

- контент – ақпарат тасушылар мен БАҚ-тың негізгі мазмұны мен оны талдаудың әдісі;

- контент-талдаудың түпкі ойының мәні интуициялық түйсіктерді жүйелеу және оларды көрнекі әрі бақылау жүргізуші ретінде қолдануында;

- контент түйсіктерге негізделетін мәтіндік нысанды анықтайтын әдістемені жасайды;

– әдістемені қолданған зерттеуші тек өз түйсіктерін ретке келтіріп, өз қорытындыларын дәйекті етіп қана қоймай, мәтіннен автордың айтқысы келгеннен де көбірек біле алады;

– контентпен тақырып байланысы әдіс арқылы ашылады;

– саяси контент-талдауды жүргізген кезде хабарлама жарияланғанын және тиісті бейнемен әлдебір белгілі мақсатпен құралатынын ескеру керек;

– мақсатқа құрылған тақырыптық түрлер: дерек беру, сипаттама, шақыру, өзін-өзі қорғау және жалған ақпарат түрлерінде болады;

– саяси контент-талдау төрт кезеңнен өтеді;

– сөзге, тақырыптар мен хабарламаларға негізделген мазмұнды саяси контент-талдаудың ең қарапайым рәсімінің тұжырымы мынада: белгілі маңызды сөздер бекітіліп, олардың хабарламаларда қолданылатын жиілігі есептеледі;

– контент-талдау зерттеуші мәтін мен мәтіндік емес шындықтың байланысын қолға түсіргенде ғана пайдалы нәтижелер әкеледі;

– контент байланысты анықтаудың 3 негізгі үлгісі болады, бірақ барлық жағдайда бастапқы нүкте құжат болып табылады [51].

1.4 Саяси лингвистикадағы тілдік құралдар

Саяси лингвистикадағы басты сипат – тілдік құралдардың қолданылуы. Тілдік құралдар саяси лингвистикада басты рөл атқаруы оның негізгі материалы сөздің лексика-семантикалық, дериватологиялық, грамматикалық, фонетикалық, стилистикалық сипаттарымен анықталады.

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік, рухани, шаруашылық жағдайларына берілген бағаға қарай сол қоғам туралы түсініктің алғашқы қалпы жасалады. Бұл түсініктің қалыпты бастамасы тыңдаушының тілдік құралдарды қалай тыңдап, естіп, оны ой елегінен өткізгеніне де байланысты.

Саяси тілде сөйлеудің екі түрінің бірі - жұрт алдында ауызша сөйлеу. Бұл сөйлеу түрінің бірнеше артықшылықтары мен ерекшеліктері бар. Ауызша сөйлеуде:

– дауыс ырғағына, интонациясына, дауысты сан түрлі құбылтуға;

– сөйлемнің эмоционалды бояуына;

– сөйлеу темпіне;

– дауыс күшіне;

– сөздерді орфоэпия нормасына сай қоюға;

– қимыл-қозғалыс, ым-ишараны орнымен қоя білуге назар аударылуы керек [52].

Ауызекі тілде сөйлесу қарым-қатынасты жасаушы, ұлтты ұйытушы, бірлік, ынтымағын жарастырушы болды, әлі де сол қызметін жоққа шығара алмаймыз.

Жазу адам ойын жүйелі, тиянақты, толық жеткізуге мүмкіндікті молырақ береді.

Жазбаша сөздің, қарым-қатынастың ерекшеліктері:

- сөйлем құрылымы қалыптасқан үлгіден көп ауытқи бермейді (стильдік өзгешеліктерді болмаса);
- емле ережесі ортақ, оны өзгертуге болмайды;
- сөздердің жазылуының орфографиялық ұстанымдары сақталуы тиіс;
- қаратпа, қыстырма, одағай сөздер ретсіз көп қолданылмайды (стиль өзгешелігіне қарай ғана).

Саяси тілде сөйлеуде мазмұнның бай болуы, көркем шығуы үшін төмендегілер ескеріледі:

- қандай жағдайға қатысты;
- мәселенің шешілуіне қандай жаңа, тың пікір әсер етуі мүмкін;
- оны қандай сөздермен берсе неғұрлым әсерлі болады;
- айтылған пікірлердің нақты дерекке қатыстылығы қандай;
- дау туғызар, келесіге, талдауға, ой елігінен өткізуге болатын қандай ыңғайы, қажеті бар;
- айтушы, сөйлеуші ұстанымы не, оның тыңдаушы ұстанымымен сабақтастығы қандай.

Сөздің әсерлілігінің екінші жағы – сөздің тура мағынасымен бірге суреттеп, бейнелеп, ауыстырып айту.

Саяси тілдегі алғашқы бейімдеу, өз ортасына тартуда осындай тілдік талаптар сақталуы шарт болса, келесі кезекте түсінілім – жүзеге асуы үшін адресат онда берілген мәліметтердің растығына (негізділік) көз жеткізіп, дәлелдерге назар аударары сөзсіз [53].

Көтерілген мәселені дұрыс түсіну үшін адресат ондағы сөздердің ауыспалы мағыналарын терең түсініп, қазақ танымына тән сөздердің семантикалық аясына қатысты кодты мүмкіндігінше ашуға тырысады.

Ойды жеткізуге қажетті сөздердің дәл таңдалып алынуы (анықтық) келтіріліп отырған деректің шынайылығы, растығы (негізділік) айқын болғанымен өзге екі белгінің (тереңдік, толық ұғыну) өз деңгейінде танылмауы негізгі ойдың түсінілуіне кедергі болады. Соған сәйкес көздеген мақсатқа жету үшін лексикалық бірліктердің аса кең семантикалық аясын, әлеуетін білу, әрі сол түсінік пен сол тілдік қалыпта ойлайтын, адресат бұл ойды түсінуге қатысты төрт белгіні:

- тереңдік;
- негізділік;
- анықтық;
- толық ұғынуды анықтайды.

Соның нәтижесінде негізгі идеяны және саяси тілдегі түпкі ойды түсінеді. Осындағы тереңдік пен толық ұғынуға негіз болатын, яғни ойдың толық түсінілуі арқылы интерпретациялануына жол ашатын аса маңызды фактор – аялық білім.

Осы аялық білімнің оқырман санасында әр алуан көлемде болуы терең немесе үстірт, толық немесе шала түсінілуіне негіз болады. Айтушы, жазушы

адамның ұстанымын ұғынуы үшін негізділік, анықтық сияқты белгілер аса маңызды болмайды.

Саяси тілдегі құралдардың ішінде ең өтімдісі – контраст. Контраст – негізгі прагматикалық құрамдас бөлік болып табылады. Бүгінгі қоғамымызда бұрын соңды басын біріктіруге келмейтін, түрлі құбылыстар мен пікірлерді тұтастыру, терең қарама-қайшылықтар типтік жағдай ретінде қабылданып жатқан тұста тілдегі контраст қоғамның, саяси, рухани, экономикалық өмірдің қайшылықтарын көрсетуді қажет етеді. Осы арқылы тыңдаушы әсеріне мүкіндік алынады.

Контраст тақырыптан көрініс табуы да мүмкін. Алғашқы сөйлемнен де басталуы мүмкін. Немесе соңғы ой тастау болуы да ғажап емес. Әрі барлық контраст мәтін қабылдаушының есінде жақсы сақталады.

Тілдік қайталама немесе реприза құбылысы деп жекелеген дыбыстардың, сөздердің, морфемалардың, синонимдердің немесе синтаксистік конструкциялардың қатар тұрып, яки арасына бірді-екілі өзге сөздерді ғана кірістіре отырып қайталана жұмсалуды айтылады.

Қайталанатын элементтердің бір-бірінен алшақ емес, мүмкіндігінше жақын (тіпті қатар) орналастырылуы – оларға баса назар аударту, қалай да реципиент көңілін бөлу мақсатынан туған тәсіл. Сөйленім мәнерлілігін күшейту үшін пайдаланылатын өзге сөзжұмсамдық фигуралар сияқты қайталаманы да тілдік нормадан уәжді түрде ауытқу деп санауға болады.

Сонымен бір сөйлемнің құрамында бір сөздің бір-ақ рет қолданылуы синтаксистік норма болса, екі немесе бірнеше рет қайталана жұмсалуды сөздің әсерін күшейтуге бағытталған арнайы тәсіл болмақ. Қазіргі ерекше тәсіл – бір сөздің (автордың реципиент назарын айрықша, баса аударту қажет деп тапқан элементтің) бір сөйлем ішінде ғана емес, бүкіл сөйлем мен сөйлеудің өн бойында бірнеше дүркін жұмсалуды.

Қазіргі кеңінен қолданылатын қайталамаларды үлкен екі топқа бөлуге болады:

- синтаксистік қайталамалар (синтаксистік конвергенция);
- дыбыстық қайталамалар (аллитерация, ассонанс т.б.).

Осы қайталамалар арқылы қарқындылық категориясын қалыптастырып, іске қосатын қосымша мәндік реңктер жеткізіледі.

Лексикалық қайталамалар көп жағдайда сөзжұмсамдық клишелердің трансформациялануы негізінде жасалады. Ол сөйлемнің бөліктерін байланыстырушы қызметін атқара отырып іс-әрекеттің қарқындылығын немесе басқыштана сатылануын, өрбуін көрсетеді. Оның өзі іштей ұқсастығы және ұқсас еместігі белгісі бойынша жіктеледі. Жұмыста аталған қайталама түрінің газет мәтіндерінде қолданылуына қатысты қазақ баспасөзінен жиналған мысалдар көптеп қамтылды.

Ұқсас қайталама деп бір сөздің өзгеріссіз (бастапқы күйінде) бірнеше рет жұмсалуды айтамыз. Ұқсас емес лексикалық қайталаманың стилистикалық мүмкіндіктері молырақ болады. Ол көбінесе комикалық әсер тудыру тәсілі

ретінде қолданылады. Ұқсас емес лексикалық қайталама әсіресе көп мағыналы сөздердің мәндік реңктерінің аса бай екендігін көрсетеді.

Лексикалық қайталамалар – семантикалық және құрылымдық алуан түрлілігімен ерекшеленеді. «Бізге оқу *керек*, өнер *керек*, ең *керектің* басты *керегі* – еңбек етуі *керек*» (Ә.Бөкейханов) [54, 234 б.]. Мұнда сөздердің тура және ауыспалы мағыналарда түрлене қолданылуы оқырман назарын аударту құралы болып табылады. Олар артылатын мағыналық жүкті күшейте отырып, ой мәнерлілігін арттырады. Осының нәтижесінде сөздің әсері де салмактанып, күшейе түседі.

Қазіргі кеңінен қолданылатын қайталаманың түрі – синтаксистік конвергенция – қызметтері өзара ұқсас келетін, басыңқы сөйлемге немесе негізгі сөзге синтаксистік қатынасы жөнінен бірден бағынышты, тәуелді болатын элементтер тобы. Бұған мысал ретінде сөйлемдегі бірыңғай мүшелерді атауға болады.

Саяси тілдегі контраст оған төмендегідей ерекшеліктерді жасайды. Ол:

– бейстандарттық;

– бағалауыштық;

– жарнамалық;

– қарқындылық сипат бере отырып, саяси тілдің прагматикалық бағдарлылығын анықтайды [55].

Мұндағы адресат психологиясы мен эмоциясына әсер етуші маңызды фактор – тосындық болып табылады. Яғни мәтіннің әсер ету күшін неғұрлым қарқынды ете түсу мақсатымен таңдалынып алынған прагмемалар неғұрлым тосын, тың болса, тілдік құралдардың прагматикалық күші де соғұрлым басым болады. Қазіргі қазақ саяси тіліндегі негізгі контраст «Біз – олар» түріндегі оппозициялық күштердің жұбы төңірегінде шоғырланады.

Қазіргі саяси лингвистикадағы сөз мағынасының ауыспалы қолданылуы дегенде саяси тілдегі – метафоралар қолданысы еске түседі.

Метафора және метафоралану – сөз мағынасының ауысуы. Метафора – тұжырымдау мен танудың бір үлгісі. Ол – жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа білімнің қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Тілдің дәстүрлі теориясында метафора ойдың емес, тілдің ғана құбылысы деп танылып келді. Когнитивистер алғашқылар қатарында метафораның әлемдік бейнені танудағы, оның концептуалды сипатын айқындаудағы қызметін сұрыптаған ғалымдар қатарында М.Реддидің есімін атаған орынды деп есептейді. Аталмыш зерттеуден бастап метафораның зерттелу аясы кеңейіп, адамның ұқсату әрекеті тек салыстыру мақсатында ғана емес, әсер ету, шынайы болмысты өзгеше қабылдау бағытында да ұғынылды деп көрсетіледі. Осы орайда, бүгінгі күні метафора танымдық құрылғы ретінде ғана емес, абстрактылы ұғымдарды нақтылауға көмектесетін құрал есебінде қарастырылып, қоршаған әлемді танудың, ол туралы тұжырымдаудың нақты көрінісі, амал-тәсілі тұрғысынан сипатталып отыр. Сондықтан да саяси метафора саяси лингвистикадағы негізгі тілдік құралдар ретінде зерттеу нысаны болады.

Тілдік құралдар саяси лингвистикада басты рөл атқаруы оның негізгі материалы – сөздің лексика-семантикалық, дериватологиялық, грамматикалық, фонетикалық, стилистикалық сипаттарымен анықталады.

Қоғамдағы түсініктік қалыптың бастамасы тыңдаушының тілдік құралдарды қалай тыңдап, естіп, оны ой елегінен өткізгеніне де байланысты.

Саяси тілде сөйлеуде мазмұнның бай болуы, көркем шығуы үшін тілдік шарттар ескеріледі.

Түсінілім – жүзеге асуы үшін адресат онда берілген мәліметтердің растығына (негізділік) көз жеткізіп, дәлелдерге назар аударары сөзсіз.

Ойды жеткізуге қажетті сөздердің дәл таңдалып алынуы (анықтық) келтіріліп отырған деректің шынайылығы, растығы (негізділік) айқын болғанымен өзге екі белгінің (тереңдік, толық ұғыну) өз деңгейінде танылмауы негізгі ойдың түсінілуіне кедергі болады.

Саяси тілдегі құралдардың ішінде ең өтімдісі – контраст. Контраст – негізгі прагматикалық құрамдас бөлік болып табылады.

Қайталанатын элементтердің бір-бірінен алшақ емес, мүмкіндігінше жақын (тіпті қатар) орналастырылуы – оларға баса назар аударту, қалай да реципиент көңілін бөлу мақсатынан туған тәсіл ретінде мәнді.

Қазіргі кеңінен қолданылатын қайталамаларды үлкен екі топқа бөлуге болады: лексикалық қайталамалар, синтаксистік қайталамалар (синтаксистік конвергенция), дыбыстық қайталамалар (аллитерация, ассонанс т.б.).

Қазіргі саяси лингвистикадағы сөз мағынасының ауыспалы қолданылуы дегенде саяси тілдегі метафоралар қолданысы еске түседі.

«Қазіргі лингвистикалық парадигманың негізгі фрагменті ретіндегі саяси лингвистиканың орны» деп аталатын тарауда қазіргі саяси тілдік материалдардың нысан ретінде қойылуы мен зерттелуі, құрамдас бөліктері, негізгі ұғымдары қарастырылды. Саяси лингвистиканың қазіргі қазақ тіліндегі зерттелуіне шолу жасай отырып, қазақстандық тіл білімі ғылымындағы осы бағыттағы ғылыми еңбектердің ерекшеліктері туралы төмндегідей сипаттарды бөлуге болады.

Қазақ тіліндегі саяси лингвистиканың бағыт-бағдарын, негізгі бөліктері мен құрамдарын анықтайтын Б.А.Ахатова, Б.С.Жумагулова, Ж.Қ.Ибраева, Г.К.Ихсанғалиева, Р.Г.Сейдахметовалардың еңбектері бар.

Қазақстандық зерттеулер саяси дискурстағы тілдік сананың берілу формаларын қарастырады. Қазақ тіл біліміндегі зерттеулерде тілдік сана мен саяси лингвистиканы қоғамдық жағдайлардың дамуы тұрғысынан қажетті деңгейді айқындап береді. Қоғамдағы өтіп жатқан барлық құбылыстар мен өзгерістер, істер мен басқа да жағдайлар көрінісіне саяси тіл арқылы өз бағасын береді.

Саяси және қоғамның түрлі жағдайларына берілген бағаларға негізгі өзек болатын, кей тұста шешуші болатын тілдік материалдар – саяси лингвистикада көрінеді. Қоғамның бір саласында болып жатқан оқиғаға екінші оқиғаның қатысын, немесе тұтасымен қоғам қатынасын ашу – тілдік бірліктер қозғалысымен жүзеге асады. Қоғамдық-саяси, әлеуметтік ортадағы өзгерістер мен қозғалыстар тек механикалы түрде өтіп қоймай, кей шақтарда екінші бір

істердің қозғаушысы да болады. Осы қозғаушылық әрекетті іске кірістіретін – тіл материалдарын қызметінде көбінен-көп саяси бағалаулар мен тұжырымдар, пікірлер мен мәтіндер жүреді.

Саяси мәтіндердегі жанрлық ерекшеліктер ретінде мәтіндерде адресанттың ұстанымын жүзеге асыратын – сөзойнатым тәсілі көпшілік жанрларға тән. Қазақ тіліндегі саяси мәтіндер ерекшеліктерін ашуда Елбасының «Мәңгілік ел» идеясын негіздеген сөзі талдауға алына отырып, ұлттық дискурстағы басты сипаттар айқындалды. Саяси тіл стилінің қазіргі қазақ тіліндегі түрлілігін, ойды жеткізуде тілдік құралдарды қолдану ерекшеліктерін анықтауда қазақ саясаткерлерінің стильдері мысалға алынды.

Қазіргі қазақ тіліндегі саяси мәтіндердің басты ерекшеліктері ұлттық ойды, жаңа тілдік бірліктерді ұлттық тілдің өзінен табуды негізгі әдістер ретінде алуымен айқындалады. Сөйлеушінің өз мақсат-мүддесіне қарай, саяси істерінің ауқымы мен оның қоғамдық-саяси, әлеуметтік орнына, рөліне қарай саяси жанрды таңдап алады. Жанрлардың өзгешелігі тілдік тәсілдерді қолданылуына қарай айқындалады. Жанрдың ауызша және жазбаша түрі бар. Қызметтік сипатына қарай: салт жоралары жанрлары, бағыттық жанрлар, агоналды жанрлар, ақпараттық жанрлар деп бөлінеді.

Саяси дискурс – айтушы мен тыңдаушының санасындағы бар мазмұнды құрайтын компонент. Бұнда адресанттың мақсаты, автордың саяси көзқарастары, саяси жағдай және осы мәтінді тудырған жағдаят себептері т.б. ескеріледі.

Саяси мәтінді және оның дискурс элементтерін зерттеу аталған мәтінге әсер етуі мен оны қабылдауының түрлі тілдік, мәденитанымдық, саяси, ұлттық, басқа да деңгейлерін анықтайды [56].

Саяси лингвистикадағы тақырыптық контенттер мәселесін ашуда контенттің жалпы қоғамдық ғылымдардағы мәні ашылды.

Саяси лингвистикада контент сөйлеу актісі, түрлі тақырыптардағы, идея, эмоция, көзқарас, хабарламаларды талдаудың әдістері дегенді білдіреді. Контенттегі тақырыптың ұйымдастырылуы, құрылымы және ақпараттық-мағыналық кескіндемесі тұрғысынан жан-жақты талдануы қажеттігі негізделді.

Қазіргі қазақ тіліндегі саяси материалдардағы мәтіндердің негізінен жалқы және көп тақырыптарға құрылатыны анықталды. Көптақырыпты мәтіндерде негізгі және қосымша тақырыптар қамтылады. Мәтіндер ойды эксплицитті және имплицитті түрде жеткізеді, кейбірі фактіні баяндауға негізделсе, екіншісі жеке проблеманы көтереді. Реципиент назарын бір ғана тақырыпқа аударуды мақсат ететін жалқы тақырыпты мәтіндер де кеңінен қолданылады.

Саяси лингвистикадағы тілдік құралдардың басты рөл атқаруы оның негізгі материалы – сөздің лексика-семантикалық, дериватологиялық, грамматикалық, фонетикалық, стилистикалық сипаттарымен анықталады. Тақырыптар мен хабарламаларға негізделген мазмұнды саяси контент-талдаудың ең қарапайым рәсімінің тұжырымы болып табылады. Белгілі, маңызды сөздер бекітіліп, олардың хабарламаларда қолданылатын жиілігі есептеледі. Бейстандарттық көрсеткіштерді қолдану қате қорытындыларға

әкелуі әбден мүмкін. Олардан құтылу үшін тек қана сөздің қолдану санын орынды қарап қоймай, жалпы сөз санында үлесін байқау болып табылады.

Саяси тілдегі алғашқы бейімдеу, өз ортасына тартуда осындай тілдік талаптар сақталуы шарт болса, келесі кезекте түсінілім – жүзеге асуы үшін адресат онда берілген мәліметтердің растығына (негізділік) көз жеткізіп, дәлелдерге назар аударары сөзсіз. Көтерілген мәселені дұрыс түсіну үшін адресат ондағы сөздердің ауыспалы мағыналарын терең түсініп, қазақ танымына тән сөздердің семантикалық аясына назар аударады. Қазіргі тілдік құралдардағы ерекше тәсіл – бір сөздің (автордың реципиент назарын айрықша, баса аударту қажет деп тапқан элементтің) бір сөйлем ішінде ғана емес, бүкіл сөйлем мен сөйлеудің өн бойында бірнеше жұмсалуды. Қолданылуына қарай қайталамаларды үлкен екі топқа бөлуге болады. Лексикалық қайталамалар көп жағдайда сөзжұмсамдық клишелердің трансформациялануы негізінде жасалады. Контраст тақырыптан көрініс табуы да мүмкін. Алғашқы сөйлемнен де басталуы мүмкін. Немесе соңғы ой тастау болуы да ғажап емес. Контраст мәтін қабылдаушының есінде жақсы сақталады. Қазіргі кеңінен қолданылатын қайталаманың түрі – синтаксистік конвергенция – қызметтері өзара ұқсас келетін, басыңқы сөйлемге немесе негізгі сөзге синтаксистік қатынасы жөнінен бірден бағынышты, тәуелді болатын элементтер тобы.

Саяси лингвистикадағы сөз мағынасының ауыспалы қолданылуы саяси тілдегі метафоралар қолданысын еске түсіреді. Метафора және метафоралану-сөз мағынасының ауысуы. Метафора – тұжырымдау мен танудың бір үлгісі. Жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа білімнің қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды фактор [57]. Тілдің дәстүрлі теориясында метафора ойдың емес, тілдің ғана құбылысы деп танылып келді. Метафора танымдық құрылғы ретінде ғана емес, абстрактылы ұғымдарды нақтылауға көмектесетін құрал есебінде қарастырылып, қоршаған әлемді танудың, ол туралы тұжырымдаудың нақты көрінісі, амал-тәсілі тұрғысынан сипатталып отыр.

Қазіргі тіл біліміндегі саяси лингвистика саласының әлемдік дамуының бағыттары мен әдіснамалық негіздемесіне сүйене отырып, аталған саланың басты мәселелері жинақталды. Сонымен бірге қазақстандық зерттеулердің ерекшеліктері туралы талдаулар жасалды. Саяси лингвистиканы құрайтын ұғымдар мен құрамдас бөліктері жеке-жеке нысаны ретінде алынды. Контент пен тілдік тәсілдердің басты сипаттары мен заңдылықтары ашылды. Саяси тілдегі тәсілдердің түрлілігі мен бейнелілігі, эмоция мен ойды жеткізудегі орны айқындалып, қазіргі саяси лингвистикадағы басты тілдік тәсіл – метафора екені белгіленді.

2 СЯСИ МЕТАФОРА: СЯСАТКЕР ТІЛІНДЕ АЛАТЫН ЕРЕКШЕ ОРНЫ

2.1.1 Лингвистикалық ғылымындағы метафора: интерпретациялық парадигма

Тілдік түсінік, әдеби көркемдеу құралы ретінде метафора дегеніміз ауыстыру, алмастыру мағынасын ашады. Алмастыру мен ауыстыру мағыналары да ұқсастық мәніне қарай жасалатыны белгілі. Қазіргі тілде әдебиет тілінің метафоралары мол зерттелген. Бұның себебі де түсінікті. Әдебиеттің өзі ойдың көркем, бейнелі, суретті, астарлы көрінісі болуымен де өнер. Өнер түрі ретінде де ойдың өзгеше жетуін қажет етеді. Ал қоғамдық ойдың ауыспалы мағынада қолданылуы – бүтіндей басқа жағдайлармен байланысты болып кетеді. Бұл қоғам мен көркем ойдың астасуы деп қабылдауды да талап етеді.

«Метафора (грек. *metaphora* – ауысу) ағыл. *metaphor*, фр. *metaphore*, нем. *metapher* (мағынаның ауысуы) – сөздер мен сөз орамдарының ұқсастығы, сәйкестігі және т.б. негізінде олардың ауыспалы мағынада пайдалануынан тұратын троп тәсілі» [7, 220 б.].

Әдебиеттегі метафораның қолданылу сипаты көбіне-көп ойдың бейнелілігі мен оқырман эмоциясына қатысты болатыны белгілі. Екінші бір ерекшелік – әдеби метафоралар көбіне-көп тұрақты. Қазақ әдебиетіндегі 18-20 ғ.ғ. басындағы әдебиеттердегі метафоралардың көбі тотемдік мән мен символдық белгілерге қатысты.

Саяси метафоралардың әдеби метафоралардан бірнеше ерекшеліктері бар:

- саяси метафоралар сөзді бейнелі де кестелі етуге жұмсала бермейді;
- саяси метафоралардың ауызекі тілдік және жазбаша үлгілері болады;
- жазбаша тілдегі саяси метафоралар қолданысы неғұрлым ойдың нақтылығы мен жүйелілігіне қызмет етсе, ауызекі тілдегі метафоралар аудиторияны ойдың мазмұнынан гөрі айтылу формасына, берілу ыңғайына назар аударуға қызмет етеді;
- саяси метафоралар функционалдық, стильдік, когнитивтік, семантикалық жағынан қарастыруды қажет етеді.

Саяси метафора – қоғамдағы саяси бірліктерге қатысты (саясат, партия, бағдарлама, іс-шараларға) немесе басқа нысандағы жағымды, жағымсыз ой мен пікірді қалыптастыратын тілдік қатынас [58].

Саяси метафораларды қолданылуына қарай шартты түрде:

- шабуыл стратегиясы;
- ақталу стратегиясына бөлуге болады.

Шабуыл стратегиясында да, ақталу стратегиясында да ең бастысы эмоция күші сезіледі. Сол эмоция ойды бейнелеп астарлайды.

Қоғам – әлемдік өзгерістердің негізгі көрсеткіші. Бұл қазақстандық қоғамға да қатысты. Ол қаншалықты ой мен танымдағы тұрақтылықты ұстануды қағида еткенімен де, жаһандық бірігу өз ықпалын жасамай қоймайды. Қазақстан қоғамы егемендік пен жаңа демократиялық қадамдарды мақсат еткендіктен де тілдегі бұрынғы қалыптасқан оралымдарға жаңа таным лингвистикалық, мәдени жағынан семантикалық мағына өзгешеліктері белгісін береді. Ел өзгерістерінің ішкі қалпы мен сыртқы әсерлері тілдегі жаңа дискурстардың қалыптасуына жағдай жасайды. Соның ішінде көркемдеу құралдары десек, бұл тұрғыда қоғам мүшелері тілінің астарлы, бейнелеуіне қашанда метафоралық модельдер ыңғайлы. Метафоралық модельдер қай кезең үшін де бар және бола береді. Бірақ қазіргі өркениет пен адамзаттың саналы да, өзгеше ойлау, тың тұрпатты өмір сүруге талпыныс жасаған тұсында заманауи құрылымдарды барынша дәл ашатындары да бар. Қазіргі жаһандық қоғамда демократияға дендеп енген елдердің ғылымында саяси метафоралар қоғамдағы негізгі рухани қозғаушы күш, адресат пен адресанттың арасын жалғастырушы дәнекер ретінде көп зерттеліп келеді. Соның ішінде Ресейдегі қазіргі саяси дискурс ретінде метафоралық модельдеудің заңдылықтарын зерттеген профессор Н.Д.Арутюнованың, осы қағида негізінде саяси лингвистиканы жан-жақты зерделеген, метафораны когнитивті метафоралық дискурс қалпында қарастырған Э.В.Будаевтың ғылыми еңбектері бар. Жалпы дискурсқа лингвоконцептуалдық талдау жасаған ғылыми жұмыстардан бастап, қазіргі саяси дискурс ретіндегі саяси метафоралардың термин жасау сипаттары туралы Д.В.Неждановтың, саяси метафораларға танымдық зерттеу жасай отырып, қоғамның қайталама нақ көрінісі (айна) деп белгілеген А.П.Чудиновтың, метафораны саяси лингвистика қалпында алып, тілдік экспертиза деп бағалаған Е.С.Кара-Мурзаның зерттеулерінде Ресей саясат тілінің бар қырын тілдік, қоғамдық-әлеуметтік мәнімен байланыстыра зерттейді.

Қазіргі тілдегі саяси метафоралар лингвомәдени сипатқа ие бола отырып, елдің саяси-экономикалық жағдайларымен бірге қарастыруды талап етеді. Саяси метафораларды негізінен лингвомәдени сипатта зерттеп, талдай отырып, оны басқа ғылымдардан бөлектей алмаймыз. Немесе саяси метафораларды зерттеуде басқа да ғылым салалары бірге жүретіндігі мәлім. Осы тұста С.С.Гусевтің «Наука и метафора» [59] деп аталатын еңбегін зерделеп қарастыру қажет болды. Автор метафораны лингвистика бірлігі ретінде зерттей отырып, оның семантикасындағы әр тектілік сипатына назар аударады. Ендеше саяси метафораны зерттеу бірнеше ғылымдардың тірек негіздерінен жалпы білім

болған жағдайда ашылатындығы назарға алынды. Жалпы метафораны зерттеу – қазіргі когнитивті тіл білімінің маңызды бағыттарының бірі.

Метафораға анықтама беріп, тұжырымдар жасауда оны түрлі сипатымен алушылық бар:

- дәстүрлі қысқа қалыптағы салыстыру (Аристотельден [60] басталған);
- бүгінгі тілде генеративистикада (Н.Хомский, Л.Н.Мурзин және т.б.)

бейнелеу, астарлау мәндеріне жалғасады;

- қазіргі когнитивистикада (Дж.Лакофф, Н.Д.Арутюнова, А.Н.Баранов, Ю.Н.Караулов, Е.С.Кубрякова т.б.) таным, құрылымды біріктіру және әлемді түсіндіру мағынасында алады.

Адам баласы метафора арқылы өз ойын жеткізіп қана қоймайды, метафоралы бейнемен ойлайды, метафора арқылы өз әлемін жасайды. Көркем туындыда ғана емес, саяси метафоралардан да эмоция мен экспрессияның берілу жайын аңғару қиын емес: оларда тілдік тәсілдер еркін пайдаланылады. Бұл мәтіннің функционалдық стилінің заңдылықтарына орай, тілдік нормалар берік сақталуын қамтамасыз етеді, эмоция мен экспрессивтілікті жеткізу мүмкіндігі шектеулі. Дегенмен, шебер саясаткер, талдаушы (аналитик), саяси шолушы тілдік құралдарды ұтымды пайдалана отырып, ой ұстанымдарын (позициясын), қоғамдық-әлеуметтік, саяси өмір шындығын және, ең бастысы, өзінің көңіл-күйін нақты суреттей алады. Демек, саяси метафорада да шынайы көркем образ жасау мүмкіндігі бар. Бұл тұрғыда стилист-ғалым Р.Сыздықова: «көркемдік пен образдылық (бейнелілік) тек көркем әдебиетке ғана тән емес, публицистикадан да, тіпті ғылыми әдебиеттен де табылады», – деген [61, 173 б.].

Саяси метафораның қоғамдағы пайда болуы дегенде ең басты мәселе – адамзат қауымының саяси билік пен әлеумет болып жіктелуінен басталған деп айтуға толық негіз бар. Бұны саяси метафоралардың билік ісін тігісін жатқызы жеткізуі мен халыққа әсерлі де жақын айтылуының тәсілі деп қабылдау керек.

Қазақ тіл білімінде саяси метафоралардың зерттеу нысанына алына қоймауының бірнеше сипаттарын айтуға болады. Ол ұлттың танымдық, қоғамдық-әлеуметтік ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Қазақ тілінің саяси жүйесінде ғана емес, ауызекі тілдік стилінің өзінде көркемдеу мен астарлау, айырбастау мен әсірелеу мол. Қазақ тілінің басты ерекшелігінің өзі де сонда. Сонымен бірге қоғамдық-әлеуметтік болмыстың да ықпалы бар. Қазақ тіліндегі саяси метафоралар әдеби тіл аясында көп назарға алынады да, қоғамдық ғылымдармен сабақтастықта тілдік нысан ретінде шеттеп қала береді [62].

Метафоралық ауыстыру – қоғамның насихат тілі, көрсеткіш тілі, саясаттың екінші тура атауға болмайтын ұғымдық қалпын беретін сәйкестік атауы болатындықтан жаңа қолданыстағы метафоралар жаңа тәсілдермен жасалып, жаңа құрылымдарды қалыптастыруда. Олардың ұлттық белгілермен жасалғандары, тура аударма арқылы жасалғандары және балама жолмен жасалғандары тілдік-мәдени сипаттарымен айқындалады.

Саяси метафораларды зерттей отырып, метафоралық бейненің ұғым тұтастығы екендігі анықталады. Қазіргі қазақ тіліндегі саяси метафоралардың

лингвистикалық, мәдени сипаттарын ашу арқылы біз қоғам – билік – әлеуметтің түрлі қабаттары мен тілдік орта арақатынасын белгілей аламыз. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі қазақ тіліндегі саяси шешендік сөздер мен метафоралардың лингвистикалық сипаттарының мәнін ашу қажеттігі туындайды. Бұл саяси метафоралар қолданысының жіктелуі мен аталым белгілерінің лингвомәдени, қоғамдық сипаттарын ашумен тілдің саясат пен тілдік ортадағы беделі мен орны айқындалады [63].

Қорыта келгенде, саяси метафоралардың сипатын анықтай отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

- тілдік түсінік, әдеби көркемдеу құралы ретінде метафора дегеніміз ауыстыру, алмастыру мағынасын ашады;

- қоғамдық ойдың ауыспалы мағынада қолданылуы – бүтіндей тұтас қоғаммен байланысты болып кетеді. Бұл қоғам мен көркем ойдың астасуы деп қабылдауды да талап етеді;

- метафора – сөздер мен сөз орамдарының ұқсастығы, сәйкестігі және т.б. негізінде олардың ауыспалы мағынада пайдалануынан тұратын троп тәсілі;

- саяси метафоралар сөзді бейнелі де кестелі етуге жұмсала бермейді;

- саяси метафоралардың ауызекі тілдік және жазбаша үлгілері болады;

- жазбаша тілдегі саяси метафоралар қолданысы неғұрлым ойдың нақтылығы мен жүйелілігіне қызмет етеді;

- ауызекі тілдегі метафоралар аудиторияны ойдың мазмұнынан гөрі айтылу формасына, берілу ыңғайына назар аударуға жұмсалады;

- саяси метафоралар функционалдық, стильдік, когнитивтік, семантикалық жағынан қарастыруды қажет етеді;

- саяси метафора – қоғамдағы саяси бірліктерге қатысты немесе басқа нысандағы жағымды, жағымсыз ой мен пікірді қалыптастыратын тілдік қатынас;

- саяси метафоралар ел өзгерістерінің ішкі қалпы мен сыртқы әсерлерін анықтай отырып, тілдегі жаңа дискурстардың қалыптасуына жағдай жасайды;

- саяси метафоралар көркемдеу құралдары болады, бұл тұрғыда қоғам мүшелері тілінің астарлы, бейнелеуіне қашан да метафоралық модельдер ыңғайлы;

- метафоралық модельдер қай кезең үшін де бар және бола береді. Бірақ қазіргі өркениет пен адамзаттың саналы да, өзгеше ойлау, тың тұрпатты өмір сүруге талпыныс жасаған тұсында заманауи құрылымдарды барынша дәл ашуымен мәнді;

- адам баласы метафора арқылы өз ойын жеткізіп қана қоймайды, метафоралы бейнемен ойлайды, метафора арқылы өз әлемін жасайды;

- көркем туындыда ғана емес, саяси метафоралардан да эмоция мен экспрессияның берілу жайын аңғару қиын емес: оларда тілдік тәсілдер еркін пайдаланылады;

– саяси метафораларда мәтіннің функционалдық стилінің заңдылықтарына орай, тілдік нормалар берік сақталуын қамтамасыз етеді, эмоция мен экспрессивтілікті жеткізу мүмкіндігі шектеулі;

– қазақ тілінің саяси жүйесінде ғана емес, ауызекі тілдік стилінің өзінде көркемдеу мен астарлау, айырбастау мен әсірелеу мол;

– қазақ тіліндегі саяси метафоралар әдеби тіл аясында көп назарға алынады да, қоғамдық ғылымдармен сабақтастықта тілдік нысан ретінде шеттеп қала береді;

– метафоралық ауыстыру – қоғамның насихат тілі, көрсеткіш тілі, саясаттың екінші тура атауға болмайтын ұғымдық қалпын беретін сәйкестік атауы болады;

– жаңа қолданыстағы метафоралар жаңа тәсілдермен жасалып, жаңа құрылымдарды қалыптастырады;

– саяси метафоралардың ұлттық белгілермен жасалғандары, тура аударма арқылы жасалғандары және балама жолмен жасалғандары тілдік-мәдени сипаттарымен айқындалады;

– шебер саясаткер, талдаушы, саяси шолушы тілдік құралдарды ұтымды пайдалана отырып, ой ұстанымдарын, қоғамдық-әлеуметтік, саяси өмір шындығын және, ең бастысы, өзінің көңіл - күйін нақты суреттей алады;

– саяси метафора қоғамның саяси, әлеуметтік, тұрмыстық, рухани сипатарын ашатындықтан да – көркемдік тілдегі ауыстыру тілдік құрылымдары күрделі болары белгілі;

– қазіргі тілдегі саяси метафоралар лингво-мәдени сипатқа ие бола отырып, елдің саяси- экономикалық жағдайларымен бірге қарастыруды талап етеді;

– саяси метафоралар негізінен лингвомәдени сипатта зерттеп, талдау оны басқа ғылымдардан бөлектей алмайды [64].

Қоғамдағы саяси метафоралар арқылы қоғам сипаты ашылатындықтан да, аталған тілдік бірліктердің сипаттары жан-жақты талданады.

2.2 Метафораның жіктелуі

Метафора және метафоралану – «сөз мағынасының ауысуы». Метафора – тұжырымдау мен танудың бір үлгісі. Ол – жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа білімнің қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Тілдің дәстүрлі теориясында метафора ойдың емес, тілдің ғана құбылысы деп танылып келді. Когнитивистер алғашқылар қатарында метафораның әлемдік бейнені танудағы, оның концептуалды сипатын айқындаудағы қызметін сұрыптаған ғалымдар қатарында М.Реддидің есімін атаған орынды деп есептейді. Аталмыш зерттеуден бастап метафораның зерттелу аясы кеңейіп, адамның ұқсату әрекеті тек салыстыру мақсатында ғана емес, әсер ету, шынайы болмысты өзгеше қабылдау бағытында да ұғынылды деп көрсетіледі. Осы орайда, бүгінгі күні метафора танымдық құрылғы ретінде ғана емес, абстрактылы ұғымдарды нақтылауға көмектесетін құрал есебінде қарастырылып, қоршаған әлемді

танудың, ол туралы тұжырымдаудың нақты көрінісі, амал- тәсілі тұрғысынан сипатталып отыр [65, 51 б.], сондықтан тілшілер когнитивтік метафораның шығу тегін адамдардың әр түрлі тұлғалар мен объектілер арасындағы ұқсастықтарды құрастыра білу қабілетінен өрбітеді [8, 49 б.]. Бұл ұғым бір объектінің екінші объект арқылы сипатталуымен ерекшеленетіндіктен, ғалымдар оны жекеленген құбылыстар табиғатынан гөрі күрделі ой кеңістігіне сәйкестендіре зерделейді. Олар танымдық үдерісте орын алатын ой қорытындылары метафора арқылы бір- бірімен байланысқа түсе келе, нақты және абстрактылы бірліктердің үйлесу заңдылықтарын саралауға септігін тигізеді деп пайымдайды. Демек, ойлау жүйесіне құрылған метафораның танымдық қызметін өзектеумен қатар [61], қазіргі тіл ғылымында оны «абстрактылы тұжырымдарды саналы түрде қабылдаудың тәсілі, абстрактылы ойлауға мүмкіндік беретін механизм ретінде қарастыру керектігіне өзгеше мән береді. Сол себепті адам ойлайтын, әрекет ететін жүйе табиғатынан метафоралық күйде болатындықтан, метафоралық таным адамның күнделікті өмірінде тек тілге ғана емес, оның ойы мен әрекетіне де әсер етіп, толығымен кірігіп кеткен делінген Дж.Лакофф пен М.Джонсонның пікірі метафораны зерттеуде негізге алынады. Осы мақсатта аталған ғалымдар метафораның келесі түрлерін бөліп көрсеткен:

- онтологиялық метафора – эмоцияны, оқиғаларды, әрекеттер тізбегін белгілі бір зат немесе субстанция ретінде қарастырудың амалы. Когнитивтік терминдер сөздігінде оған «абстрактылы ұғымдардың кеңістіктегі шекарасын анықтау» [66] деген анықтама берілген;

- бағдарлы метафора – бір-біріне қатысты дәрежеде ғана айқындалатын әрі кеңістіктегі бағдарға негізделген тұжырымдар жүйесі, мұнда «жоғары-төмен, ішкі-сыртқы, терең-таяз, орталық-шеткі» секілді қарсылықты ұғымдар қолданылады. Айталық, ағылшын тілінде жақсы атаулының барлығы жоғары деңгейдегі көрсеткішті құрайды – денсаулық, бақыт, сана: ал оның қарсы мағыналары төменгі деңгеймен өлшенеді – ауру, бақытсыздық, жамандық т.б.;

- концептуалдық метафора – ерекше хабарлы құрылымды құрайтын, білім туралы мәлімет беруге, оның жадыдағы көрінісін сұрыптауға мүмкіндік беретін амалдардың бірі [67].

Аталған метафоралардың әрқайсысы образ нысанын құрайтын ұғымдар мен олардың ара- қатынасындағы ұқсастықтарға не болмаса баламаларға негізделе жасалатындықтан, когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде оның қосымша тағы төрт түрі аталады. Олар:

- құрылымдық метафора;
- «хабарды жеткізу құралы» ретіндегі метафора;
- «контейнерлік» метафора;
- құрылымды метафора.

Бірінші жағдайда әр түрлі салаларға қатысы бар объектілер туралы тұжырымдау, оларды бір-біріне ауыстыру әрекеті жүзеге асады.

Екіншіде аталмыш ұғым қатысымдық негізде сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы тілдік құрылымды толықтыратын «мағыналар қозғалысы» ретінде танылады.

Үшінші жаңа мағыналар тізбегінің нақты тілдік бірліктерді толтыруы негізінде алынады.

Ал соңғы сөйлесім әрекетінің көлемді мағыналық бірліктерін кіші мағыналар қосындысынан жинақтау арқылы жасалады.

Метафоралардың ішінде кеңінен қолданылып жүрген түріне концептуалдық метафораны жатқызады. Концептуалдық метафора әр түрлі екі саланың, нақты және дерексіз ұғымдардың байланысына негізделеді. Сезім арқылы қалыптасатын тәжірибеден дерексіз құбылыстарға бағытталған бұл үрдісті адамның ментальді жүйесіндегі өзгешелігі арқылы әрі сол ойдың ұсынылу үлгісіндегі әркелкі сипаты негізінде дәйектеп түсіндіреді. Бұл тұжырым арқылы бір-бірінен ерекшеленетін алуан түрлі мағынадағы метафоралар жасалуы мүмкін. Метафоралық ауыстыру – қоғамның насихат тілі, көрсеткіш тілі, саясаттың екінші тура атауға болмайтын ұғымдық қалпын беретін сәйкестік атауы болатындықтан жаңа қолданыстағы метафоралар жаңа тәсілдермен жасалып, жаңа құрылымдарды қалыптастыруда. Олардың ұлттық белгілермен жасалғандары, тура аударма арқылы жасалғандары және балама жолмен жасалғандары тілдік-мәдени сипаттарымен айқындалады.

Қоғамдық ойлар мен түсініктердің бейнелі жеткізілуі – көркемдік ғана емес, ұқсастық пен сәйкестік арқылы берілетін нақтылық екендігі де ескерілуі қажет. Метафораны зерттеу арқылы қазіргі қоғам, билік, халықтың әлеуметтің мәселелері ашылады. Метафора халық пен қоғам, әлеумет, билік қатынастарын метафоралық белгілер арқылы салыстыра, жалғастыра беруімен де, ұлттық сананың саясатқа жағымды, жағымсыз қалыптарын береді. Бұның ескерер тағы бір сипаты – ұлттық ерекшеліктер, дәстүрлі белгілер, жаңа құбылыстарға көзқарас түрінде көрінетіндігінде [68].

Метафоралар әлем туралы, орта туралы тұжырымдауға көмектесе отырып, әр түрлі құбылыстар мен заттар арасындағы ұқсастықтарды дәйектеуге, соның негізінде жинақталған білім мен тәжірибені бір саладан бір салаға ауыстыра қолдануға мүмкіндік береді. Сол себепті де, оның табиғатын ғалымдар «санадағы логикалық операциялардың динамикалық көрінісі, ой тудыру моделі» деген анықтама береді [69, 25 б.].

Метафораларды жіктеуге қатысты лингвистикада түрлі пікірлер мен ойлар айтылған. Н.Д.Арутюнова, В.Г.Гак, Ю.И.Левин, В.П.Москвин және тағы басқалардың осы тақырыпқа қатысты еңбектері бар. Қазақ тіл білімінде де бұл мәселеге қатысты бірнеше еңбектер жазылған: С.К.Сансызбаеваның, Ж.Қ.Өмірбекованың, А.Рахимжанованың Г.И.Байгунисованың тілді бейнелі парадигмалық және астарлау мәнінде қолданудың түрлі амал-тәсілдерін қарастырған жұмыстары толықтырады. Көптеген зерттеушілер оларды белгілі түрлерге анықтайды. Түрлі белгілеріне қарап отырып, оның жіктелуіне қатысты ойлар айтты.

Н.Д.Арутюнова тілдік метафораның функционалдық типтерін келесі топпен жіктейді:

- номинативті;
- бейнелі;
- когнитивті;
- генерализация жасайтын (когнитивті метафораның соңғы нәтижелері ретінде) метафоралар [39].

В.Г.Гактың жіктеуі бойынша:

- екіжақты метафоралық ауысым («мен – желмін»);
- бір жақты семасиологиялық метафора (үстелдің аяғы);
- бір жақты ономасиологиялық метафора (дабылдату);
- ішінара метафоралық ауысым (шанышқының тістері) болып бөлінеді [70].

Ю.И.Левиннің бөліністері компаративті элементтердің жүзеге асуына қарай төмендегідей бөлінеді:

- метафора-салыстыру;
- метафора-жұмбақ;
- бір нысанның белгілерінің екінші нысанға көшірілуінен жасалған метафоралар [71].

Қазақ тілінің лексикологиясын зерттеген ғалым Ә.Болғанбаев метафораны зат пен құбылыстың сыртқы не ішкі белгілі бір ұқсастық белгілеріне қарай анықтайды. Сөздің бірнеше мағынада ауысып қолданылуын метафора дейміз деген анықтама бере отырып, тіл білімінде бұл заңдылықты кейде ұқсату заңы деп те атайтындығын да ескертеді [72].

Метафораны тілдегі қолдану сипатына қарай:

- тілдік (сөздік) метафора;
- тұрақты метафора;
- жеке қолданыстағы метафора деп бөледі.

Тілдік (сөздік) метафора сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады. Тіліміздегі көп мағыналы сөздердің бір тобы осы тәсіл арқылы жүзеге асқан. Тілдік метафораның жалпы халықтық сипатына қарап дәстүрлі метафора деп те жұмсалады. Дәстүрлі метафоралық тәсіл бойынша ұқсату заңына сүйеніп, қазақ тілінде аяқ деген сөздің ең алғашқы заттық мағынасы деп адам мен жан-жануарлардың жүріп-тұру қызметін атқаратын мүшесі деп түсінеміз. Мұнан кейін стол мен орындық тәрізді жансыз заттардың төрт таған тіреуішін де аяқ деп ұқсастырып айтқан. Бас пен аяқтың бірі жоғары, екіншісі төмен келуіне қарай (ауылдың басынан кіріп, аяғынан бір-ақ шықтым дегендігі) үшінші мағына пайда болған.

Сөздердің бәрі метафоралық тәсіл арқылы ауыспалы мағына жасай алмайды.

1. Тілдегі заттар мен құбылыстардың атын, іс-әрекетін, сапа мен белгілерін білдіретін сөздер ғана жасайды. Бұлар сөзге нақтылы мағына қосып, семантикалық аясын үнемі кеңейтумен болады:

– мүше деген сөздің ең алғашқы мағынасы жан-жануарлардың анатомиялық денелерінің жеке-жеке атауларын білдіру болған. Дәулет құсын бауыздап, аспазшының қолына берді де: бір мүшесін қалдырмай ас деді (И.Байзақов).

– мүше сөзі сый ретінде біреуге берілетін белгілі үлес, сыбаға мағынасын білдірген. Батырдан – сауға, мергеннен – мүше (Мақал);

– белгілі бір топтың, партияның құрамындағы ұстанымдары, міндеттері ортақ адамдарды «мүшелер» деп атайды [73].

2. Бір затқа, құбылысқа, сапаға қанша қасиет, ерекше белгі қажет болса, соларды ұқсастырып айтудан бір сөз арқылы бірнеше ұғымды танып білуге болады.

Қалың сапалық ұғымды білдіретін сын есімнен мынадай ерекше белгілер жасалады:

- қалың – жуан;
- тығыз;
- жиі;
- көп.

Сөзге қосылған үстеме (туынды) мағына заттың құбылыстың бойында бар сан алуан ерекше белгілердің негізінде ауыстырып қолдану арқылы жасалады.

3. Бір сөзден тараған қосымша мағыналар бір сөз табына да, кейде әр сөз табына да қатысты болып келді. Балапан – зат есім (құстың баласы), осы сөздің метафоралық ауыспалы мағынасы сындық мағынада жұмсалады. Балапан қарағайлар, балапан шаш т. б.

4. Сын есімге қатысты сөздердің метафоралық ауыспалы мағыналар да кейде заттық ұғым тудыра береді. Суық су, суық сөз, суық қарас, суық пішін т.б.

Тұрақты метафора. Адамның күнделікті өмірден көріп біліп, әбден сырмінез болған дүниелерімен айтушы ойының қабысып үйлесуіне туындағына тұрақтанған үлгілер. Өткір тіл – семсер, түйе – шөл т.б.

Жеке қолданыстағы метафора мен тұрақты метафора өзара тығыз байланысты. Алғашқысы соңғысының үлгісімен жасалады да белгілі бір саясаткерге, айтушыға қатысты. Белгілі контексте ғана ұшырасатын сөздің келтірінді мағынасы қашанда әр автордың қолтаңбасын көрсетеді. Сондықтан да келтірінді мағына әрдайым құбылмалы болады.

Метафораны топтарға бөлуде олардың мынандай белгілері де назарға алынатыны анық:

- метафора таным аясында жүйелі;
- метафора мәдени ортамен тығыз байланыста;
- метафоралану кезінде «кеңістік метафорасы», «уақыт метафорасы», «шайқас метафорасы» болып жіктеліп, осыған қарай бөліну белгілері анықталады;
- метафорада мәдениет, тілдік орта, қоғамдық қатынас пен қабылдау, синтаксис, семантика және таным өзара тығыз байланыста.

Қазіргі лингвистикада неғұрлым ыңғайлы әр жан-жақты метафора сипаты ашылған жіктеу В.П.Москвиннің пікірі деп алынады [74]. Бұл:

- құрылымдық;
- семантикалық;
- функционалдық метафора.

Мәтін деңгейінде жасалатын композициялық метафора – тұтас мәтін бойында ашылады. Бұндай метафоралар түрін әдебиеттен де, саяси мәтіндерден де таба аламыз. Кейде бүтіндей мәтін метафоралық тәсілге көшеді. Сол арқылы мәтін негізінде тұтас ой, ауыспалы мағына ұғынылады.

Метафоралар қоғамдық сананың көрсеткіші де бола алады. Қоғамдық тілдің әлеуметтік, әлеуеттік, саяси сипаттарын зерттеуге назар аударылмай келген шақтарда метафора көркемдік құрал ретінде әдеби тілдің аясынан шыққан жоқ. Дегенмен, бүгінгі қоғам әдеби тілдегі метафоралық қолданыстан гөрі қоғамның белгілерін ашатын метафораларды көбірек қажет етеді.

Қазіргі қоғам ғылым салаларына жаңа көзқарастар мен пікірлерді қажет етеді, зерттеуде қоғамның нақты әрекеттегі нысандарын зерделеу мен тәжірибедегі бар материалдарға баға берудің мәні артып келеді. Бұл гуманитарлық ғылымдар қатарындағы тіл білімінің қолданбалылық сипатын арттырып, тілдің қоғамдық қызметін көтере түседі. Қазіргі әлем ғалымдары тілдің құрылымдық, өзгермелі-семантикалық қалпының түрлі белгілерін қоғамдық өзгерістермен, соның ішінде жетекші өзгерістермен сабақтастыра зерттеуді кең қолға алған. Бұл тұрғыда ғылымдағы метафораның әдеби қалпынан гөрі қоғамдық қызмет әрекетте белсенді ықпал ететін саяси түрін дискурс ретінде жан-жақты зерделеуде.

Метафоралардың тілдік қордағы тұрақты тіркестер мен қанатты сөздер қатарын, синонимдер қолданысын, синтаксистік құрылымдарды қалыптастыратын маңызды фактор болып табылады, сондықтан да олардың жасалуы да күрделі болады. Күрделі, астарлы, ауыспалы ой берілуі үшін қызмет етеді.

Метафоралар ықшамдық, дәлдік, әсерлілік принциптерін басшылыққа алады. Сонысымен де қоғамдық ойдың тез таралуына да мүмкіндік жасайды.

Қоғам мен заман, әлеумет сұраныстары мен қажеттіліктеріне қарай орыс сөздерін ойдың эмоционалдығын айқындап ашу барысында орынды қолдану – ақиқат болмыстың бір фрагментін репрезентациялайтын күрделі де құрастырмалы модель түріндегі саяси метафоралар жасайтын тәсіл.

Саяси метафоралар аудиторияға әсер етудің прагматикалық стратегияларын жүзеге асыратын қуатты құрал ретінде танылып, қоғамдағы белсенділігі артса, мемлекеттік тілдің де сұраныс, белсенділік мәні күшейеді.

Қоғам өміріндегі түрлі оқиғалар мен жайларды қанық бояумен әрлендіре суреттеудегі тілдік амалдардың рөлі жайлы ғылыми тұжырымдар саяси метафораларға лингвистикалық талдау жасаудың дерек көздері бола алады.

Метафоралар халықтық сөйлеу тілінің әсерлі айшықтары тәсілімен жасалғанда адами сезімдерді бейнелеу құралы бола алатындығын ұғынуға мүмкіндік береді.

Метафораның креативті қасиеттері мен танымдық әлеуеті оны нақты іс-әрекет құралы ретінде қолдануға ықпал жасайды. Бұған дейін метафора тілдегі шешендік сөзді көркемдейтін құрал ретінде зерттеліп келсе, қазіргі қоғамда дәйек пен дәлел және ой қисынын жеткізуші, прагматикалық ықпалды құралы болып қолданылады.

Метафораларға тілдік тұрғыдан зерттеу авторлық даралықты айқындауға бағыт-бағдар береді. Қорыта келгенде, метафораны топтарға бөлуде қазіргі тіл білімінде бірізділік жоқ. Бұның себебі – метафоралық қолданыстың ауқымының кеңдігі болса керек. Екіншіден, қоғамдағы ұғым мен түсініктің, танымның да ауыспалылығы. Метафора:

- тұжырымдау мен танудың бір үлгісі. Жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа білімнің қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Тілдің дәстүрлі теориясында метафора ойдың ғана емес, тілдің де құбылысы;

- объектінің екінші объект арқылы сипатталуымен ерекшеленетіндіктен, ғалымдар оны жекеленген құбылыстар табиғатынан гөрі күрделі ой кеңістігіне сәйкестендіре зерделейді;

- Дж.Лакофф пен М.Джонсон метафораның түрлерін онтологиялық, бағдарлы, концептуалдық деп бөліп көрсеткен: онтологиялық метафора – эмоцияны, оқиғаларды, әрекеттер тізбегін белгілі бір зат немесе субстанция ретінде қарастырудың амалы [75, 52 б.];

- бағдарлы метафора- бір-біріне қатысты дәрежеде ғана айқындалатын әрі кеңістіктегі бағдарға негізделген тұжырымдар жүйесі;

- концептуалдық метафора- ерекше хабарлы құрылымды құрайтын, білім туралы мәлімет беруге, оның жадыдағы көрінісін сұрыптауға мүмкіндік беретін амалдардың бірі;

- Н.Д.Арутюнова тілдік метафораның функционалды типтерін келесі топпен жіктейді: номинативті; бейнелі; когнитивті; генерализация жасайтын (когнитивті метафораның соңғы нәтижелері ретінде) метафорлар [38];

- В.Г.Гактың жіктеуі бойынша: екіжақты метафоралық ауысым («мен – желмін»); бір жақты семасиологиялық метафора (үстелдің аяғы); бір жақты ономасиологиялық метафора (дабылдату); ішінара метафоралық ауысым (шанышқының тістері) болып бөлінеді [70];

- Ю.И.Левиннің бөліністері компаративті элементтердің жүзеге асуына қарай төмендегідей бөлінеді: метафора-салыстыру; метафора-жұмбақ; бір нысанның белгілерінің екінші нысанға көшірілуінен жасалған метафоралар [71];

- Ә.Болғанбаев метафораны тілдегі қолдану сипатына қарай: тілдік (сөздік) метафора; тұрақты метафора; жеке қолданыстағы метафора деп бөледі [72];

- тілдік (сөздік) метафора сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады;

- дәстүрлі метафоралық тәсіл ұқсату заңына сүйенеді;

- тұрақты метафора – адамның күнделікті өмірден көріп біліп, әбден сырмінез болған дүниелерімен айтушы ойының қабысып үйлесуінен туындаған тұрақты үлгілер;

- метафоралар қоғамдық сананың көрсеткіші де бола алады;
- қоғамдық тілдің әлеуметтік, әлеуеттік, саяси сипаттарын зерттеуге назар аударылмай келген шақтарда метафора көркемдік құрал ретінде әдеби тілдің аясынан шыққан жоқ. Дегенмен, бүгінгі қоғам әдеби тілдегі метафоралық қолданыстан гөрі қоғамның белгілерін ашатын метафораларды көбірек қажет етеді;
- жеке қолданыстағы метафора мен тұрақты метафора өзара тығыз байланысты;
- алғашқысы соңғысының үлгісімен жасалады да белгілі бір саясаткерге, айтушыға қатысты болады;
- белгілі мәнмәтінде (контексте) ғана ұшырасатын сөздің келтірінді мағынасы қашанда әр автордың қолтаңбасын көрсетеді;
- келтірінді мағына әрдайым кұбылмалы болады;
- метафораны топтарға бөлуде олардың мынандай белгілері де назарға алынаыны анық: метафора таным аясында жүйелі; метафора мәдени ортамен тығыз байланыста;
- метафоралану кезінде «кеңістік метафорасы», «уақыт метафорасы», «шайқас метафорасы» болып жіктеліп, осыған қарай бөліну белгілері анықталады;
- метафорада мәдениет, тілдік орта, қоғамдық қатынас пен қабылдау, синтаксис, семантика және таным өзара тығыз байланыста;
- қоғам мен заман, әлеумет сұраныстары мен қажеттіліктеріне қарай орыс тіліндегі сөздерді ойдың эмоционалдығын айқындап ашу барысында орынды қолдану – ақиқат болмыстың бір фрагментін репрезентациялайтын күрделі де құрастырмалы модель түріндегі саяси метафоралар жасайтын тәсіл болып табылады;
- қазіргі лингвистикада неғұрлым ыңғайлы әр жан-жақты метафора сипаты ашылған жіктеу В.П.Москвиннің пікірі деп алынады: құрылымдық; семантикалық; функционалдық метафора [74].

2.3 Метафора – саяси мәтіннің сегменті

Саяси мәтіннің қоғамдағы орнын белгілейтін негізгі шарттардың бірі – мәтіндегі ойдың берілу тәсілдерінің көркемдігі мен нақтылығы. Мәтіндегі негізгі мәселе адресанттың прагматикалық ұстанымы десек, психолингвистика тұрғысынан алғанда мұны ақпараттардың жазбаша мәтінде сөз астарымен жеткізілуі деуге болады. Адресанттың мәтінді интерпретациялауы, яғни мәтіндегі ашық және жасырын түрде берілген ақпаратты, ойды дұрыс түсініп қабылдауы болып шығады. Саяси мәтіндегі астарлау мен айырбастаудың бір тәсілі және өнімді тәсілі – метафоралық қолданыстар. Мұның өзі адресанттың когнитивтік санасындағы білім қорының көлемімен тығыз байланыста ашылады. Саясаткер немесе сөйлеушінің жеткізбек болған түпкі ниеті қоғамдық ойға бұрын-соңды белгілі ұғымдарға астарлы, ауыстырылған қалыпта

негізделсе, бұл коммуникация біршама нәтижелі болмақ. Ал ондай сәйкестік болмаған жағдайда оқырманның мәтінді дұрыс интерпретациялауы екіталай.

Саяси мәтін – әлеуметтік-сөзжұмсамдық құбылыс, жоғары деңгейдегі коммуникативтік бірлік, ол қоғамдық-әлеумет өмірінің барлық саласындағы ақпаратты, басты ой мен негізгі түсінік, танымды қамтитын ауқымды дүние [76].

Саяси мәтін – қоғамдағы басты саяси және әлеуметтік, мәдени, рухани түсініктер астарлау (метафоралану) арқылы жүзеге асырылатын ақпараттық-коммуникативтік үрдістің маңызды элементі. Сондықтан да қарым-қатынастың өзге түрлерінің жүзеге асырылуы үшін қолданылатын сөзжұмсамдық әрекет формасы аталған мәтінге де тән [77]. Бірақ сөзжасамдық мәтін бөлектігі ойды жеткізу тәсілімен айқындалады.

Коммуникацияның аяқталған, тиянақты және тұтас бірлігі ретінде саяси метафора мәтін немесе бүкіл мәтіндегі ойды жинақтаушы сөйлеммен де жүзеге асады. Саяси мәтін ақиқат болмыстың қандай да бір басты ойын жинақтап беруші болғандықтан да күрделі, құрастырылмалы моделі де болады. Бұл қызмет оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді интерпретациялаушы көп құралдың ішіндегі аса әлеуеттісі де екені анық.

Саяси мәтінді мәтіндік құрылымдық механизмдер әрекетінің жемісі ретінде де алуға болады. Қазіргі кезеңдегі өзгерістер саяси мәтінде әсер етудің прагматикалық стратегиялары ретінде жүзеге асырылатындықтан маңызды қызмет атқарады. Саясаттағы құралдар өзгеріп, сөзге, ішкі, жасырын әрекеттерге, ойды тұспалдауға көп берген сайын мәтін – әлеуметтік ортада қолданылатын қуатты құралға айнала береді.

Осындай себептерден болса керек, қазіргі саяси лингвистикада метафора ғаламның жалпы бейнесін қалыптастырушы негізгі факторы болып табылады.

Саяси мәтінді құрастырушы да (адресант), оны тұтынушы да (адресат) – белгілі бір саяси немесе әлеуметтік топтардың мүшелері. Осы әлеуметтік және саяси субъектілер саяси мәтіндегі хабарламаға анағұрлым жақын тұрған топ өкілдері болып табылады. Метафораның қабылдануы – оның туындауына қарсы үрдіс. Мәтін түзу ойдан мәтінге қарай бағытталса, қабылдау мәтіннен ойға қарай жүргізіледі. Мәтінді қабылдау үрдісі мынадай негізгі сатылардан тұрады:

- уәждеу сатысы қабылдау үрдісінің бастапқы кезеңін көрсетеді;
- екінші сатыда тыңдаушының тікелей мәтінмен жұмыс істейтін үрдістері қамтылады, сондай-ақ, алынған ақпаратты өңдеуге қатысты алғышарт үрдістер жүзеге асырылады;
- үшінші сатыны мәтінді тереңдей түсіну үрдісі құрайды.

Ол тыңдаушы, оқырман тезаурусындағы концептілер жүйесін өзгертуі мүмкін. Бұндай болмаған күнде жаңа ақпараттар ойлау арқылы анықталады.

Саяси мәтін міндетті түрде екі тілдік қарым-қатынас жүйесіне қатысты болады. Саясаткер өз көзқарасын білдіре отырып қоғамда болып жатқан оқиға, құбылыстарға баға береді. Осы тұрғыдан бір-бірімен тығыз байланысты ой әрекеті және тілдік әрекеті жүзеге асырылады. Ой әрекеті – мәтіннің тууы мен

кабылдануына негіз болатын ойды жеткізудің мақсаты мен шарттарын ескеретін, ең алдымен автордың ойлау дүниесін қамтитын күрделі семантикалық кешен. Ол тыңдаушының, оқырманның тілдік біліктілігін, әлеуметтік мәртебесін, жекелік, тұлға ретіндегі танымдық, психологиялық ерекшеліктері мен ғалам туралы білімінен тұратын ойлау жүйесі болып табылады. Ал тілдік әрекетте метафора дәстүрлі және жекелік деңгейлердің бірін таңдайды.

Ақпаратты, ойды беруде, ең алдымен, мәтіннің ой мазмұны қалыптасып, тілдік бірліктер арқылы жеткізіліп отырады. Ол тілдік бірліктер ауызша қарым-қатынаста айтылым түрінде болса, жазбаша коммуникацияда мәтін арқылы көрініс табады. Ал ақпаратты қабылдауда тілдік бірліктер алдымен беріліп, содан кейінгі кезекте тыңдаушының ой мазмұны қалыптасады. Тілдік метафораның мәнін ашу, мазмұнын түсіну үшін міндетті түрде астарлы ақпарат ашылуы тиіс. Бұл метафораның тілдік бірліктер мәнін арттыру үшін ғана емес, ең бастысы, саясаткер тілі арқылы қоғамдағы саяси, әлеуметтік, рухани т.б. мәселелерге баға беруі болып саналады.

Тіл қызметіндегі мәтіннің бірліктерін мағыналық жағынан ғана емес, құрылымдық жағынан сипаттаудың да мәні бар екені анық. Мәтін – қарым-қатынастың негізгі бірлігі. Адамдар жекелеген сөздермен, сөйлемдермен емес, мәтіндермен қарым-қатынас жасайды. Мәтін ұғымы ерте кезден болғанымен, терминологиялық ұғымда бертін келе қолданыла бастады. Ал саяси мәтін ұғымы кейінгі зерттеулерде ерекше назар салына бастағандықтан да, оның құрылымдық қалпы мен мағыналық бірліктері тұтас алынады.

Саяси мәтіндегі метафораның қолданысы мәтін ыңғайы мен саясаткер орнына, айтар ойына, аудиториясына қарай ерекшеленеді. Сондықтан да кейбір мәтіндер тұтасымен метафоралық қалыпта жұмсалса, енді бір мәтіндерде метафора негізгі ойға бағытталады [78]. Метафоралардың түйін ретінде алынатындары да болады. Қалай қолданылса да, метафора арқылы саяси мәтіндегі басты өзек ауыстыру мен алмастыру болып қала береді.

Саяси мәтіндегі дискурсивті бірліктердің көркемдік құраммен (метафора) жасалған сөздерді де енгізуге болады: *quiet diplomacy* – «бейбіт дипломатия»; *cheque book diplomacy* – «қаржыға байлаулы». Қазақ тілінде осыған ұқсас дискурсивті формуладағы мәтіндер орыс немесе ағылшын тілдерінен де көбірек жасалады. Дегенмен, олардың қолданысқа кірмей, жалпыхалықтық сипат ала алмай отырған қалпы ғана бар. Саясат тіліндегі метафоралар қазақ тілінің тарихи кезеңдеріне тән. Қазақ саясаткерлері – билер мен шешендер тілі – метафора қалпында ғана қолданылған. Мысалы қазіргі ресми тіл лексикасында ағылшын тілінен тікелей аударылып қолданылып жүрген метафоралық тұрақты қолданыстың бірі – сондай-ақ жиі қолданылғандығы себебінен олар тез нормаға еніп кеткен: *bridge-building* – көпір жүргізу деп сөзбе-сөз аудармасымен беріліп жүрген тіркесті: келісім көпірін салу деп алуға болады. Егер осы сияқты сөздерді бейнелеп, ауыстырып аударылатын болса, онда түпнұсқаның нақтылығы жоғалады деп, *ostrich (ostrich-like) policy* – «әшкереленбелі саясат» деп беріліп жүрген тіркестің сөзбе-сөз аудармасы: шұғыл мәселенің шешімінен

кету саясаты. Қазақ тілінде оны да метафоралы тәсілмен – шешімнен шегіну деп алуға болары анық.

Саясат пен әлеумет арасындағы тілдік қатысым қоғамға ықпал етудің негізгі және сенімді құралдарының бірі екені мәлім. Саяси лексикология нақты саяси жүйе шеңберінде, сонымен бірге аталған жүйемен және тұтастай қоғаммен ақпарат алмасу үрдесін ғана көрсетіп қоймайды. Бұл коммуникативті кеңістікте саясаткерлердің жағымды қоғамдық пікірді қалыптастыруына, қоғамдағы түрлі жағдайларды түсіндіру, тігісін жатқызуы үшін де қызмет етеді. Осы тұрғыдан алғанда саясат тілі үдерісінің қатысушылары билік органдары, БАҚ және қоғам болса, ал оның басты негізі – өзара сенімді қалыптастыру. Адамзат қоғамы үшін сенім мен өзара түсіністіктің ең ыңғайлы және мол кеңістікті түрі – тіл құралдары. Саясат тіліндегі қоғаммен арадағы қатынастың экспрессивті және көркемдегіш, эстетикалық құралы болып метафоралар қалыптасқаны да белгілі.

Саяси метафора ойды ғана емес сезімді де жеткізеді. Метафораның жасалуындағы нақтылық пен бейнелілік қоғамдағы негізгі тетікке ие тұлғалардың сенімдері мен басымдылық берген ойларын төменгі топқа қабылдата бастайды.

Саяси метафоралардың тілдік табиғатындағы нақтылық пен бейнелілік, түсініктілік өзара сабақтасқан тұста ұғынықтылық пен қабылдаудың ыңғайлылығы арта түседі [79].

Қазіргі қазақ тіліндегі саяси метафоралардың жасалу ерекшеліктері жоғарыдағы айтылған белгілерді барынша ескереді. Қоғам мүшелерінің қабылдау мүмкіндіктері жоғарылаған сайын тілдегі метафоралардың жасалу тәсілдері де күрделене түседі.

Сөз – адамзаттың ең асыл да бағалы еңбегі. Сөзбен әлем танылады, сөзбен бүкіл жаратылыс ұғынылып, сурет қалпында беріледі. Сөзді лексикологияда сентагма ретінде зерттеуі бұрыннан бар. Сөз семантикасын зерттеудегі жаңа әдіс метафоралану үрдісінің табиғатына көңіл аудару кейінгі кезеңдер жемісі. Бұл тұста метафоралану үрдісі – әдебиеттанудағы көркемдеу тәсілі ретінде алыну бұрыннан қалыптасқан тәсіл. Тілде метафоралық тәсіл көркемдегіш құралдар жасаудың тәсілі ретінде қарастырылғанмен, терең зерттеуге әзірге алына қойған жоқ. Бұл әлі де әдебиет тілі қалпында қалып отыр. Ал тілдегі метафоралардың ауысымдық деңгейін саяси тіркестерден мол кездестіреміз. Саяси метафоралар сөз мағынасының өзгеруі, құбылуы, бір мағына мен екінші мағынаның астасуы, тілдің (сөз мағынасының) экспрессивті, эмотивті сипаттарымен, бағалауыштық қызметімен байланысты болады.

Саяси метафоралардың табиғаты сөз болғанда олардың белгісі ретінде төмендегідей ерекшеліктер талданады.

Екі түрлі нысанның (өзара іргелес, ұқсас, қарама-қарсы, кейде мүлде мағыналық байланыссыз) қатар алынып, бір мағынаға жинақталуы. Осы тұста бүгінгі қазақ тіліндегі саяси метафоралардағы тілдің өз табиғатынан туындайтын өзгешеліктерді ескергеніміз дұрыс. Бұл – қазақ тілінің өзінің бояулы, астарлы, әсерлі, көркемдегіш құралдарға бай тіл екендігі. Тілдің ішкі мүмкіндіктерінің молдығы соншалық әдеттегідей, тек зат есім, сын есім сияқты

түрленуге бейім сөз таптарынан ғана еемс, етістіктерден де метатфара жасалуы көп кездеседі. «Қазақстанда ұлттық оянудың, соның ішінде мәдени тұрғыдан да түлеудің енді бет қайтпайтындай және ауқымды үдерісі бүкіл КСРО-дағы орталыққа бағынудан безінуді бастап берген 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларынан басталды деп санаймын». (Е.Ертісбаев, «Саясат мәдениеті мен мәдениет саясатының астасатын тұстары аз емес...» // Егемен Қазақстан, 2006, 4 ақпан) [11].

Осы сөйлемдегі ұлттық ояну мен түлеу – қазақ тіліне ғана тән етістікті метатфара. Жай қалыпты тілде ояну мен түлеуді ұлттық шеңбердегі қалпымен салыстырсақ, терең мағынаға көз жеткіземіз.

Ояну – 1. Ұйқыдан тұру, ұйқысын ашу. 2. Ауыспалы: жандану, тірілу [1, 501 б.].

Түлеу – түскен түктің орнына жаңасының шығуы [1, 330 б.].

Қазақ тілінде «ояну» етістігін әдеби метатфарадан саяси метатфараға ауыстырған екі тұлғаның есімі белгілі. Біріншісі – 20-ғасыр басында патшалы Ресей саяси қауіпті еңбек бағалаған «Сарыарқаның кімдікі екендігі» шығармасының авторы – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы (Оянбай әлі күнге қазақ жатыр, Арыз хат басқа жерден барған болса), екіншісі – қоғам қайраткері, «Алашорда» партиясының басшыларының бірі, 20-ғасыр басындағы қазақ ұлтынан шыққан саясаткерлердің алдыңғы өкілі – Міржақып Дулатов (1909 жылы «Оян, қазақ!» деген саяси үндеумен елді көтеруді мақсат етті).

21-ғасырда «ояну» – ұлттық ояну метатфарасына ауысты. Түлеу – қазақы ұғымға ғана тән. Себебі мал шаруашылығымен айналысқан халық қана малдың түлеу кезіндегі өзгеше үрдісін дәл байқай алады. Бұл мысалдардағы негізгі орталық – етістіктер. «Етістік және оның актанттары арасындағы семантикалық қатынастар, ең бастығы тұра объектісіне қатысты, сөйлемнің мағыналық жағын түсіну үшін өте маңызды болады. Қандай да болсын әрекеттің, құру, жою, қайта құру, сипатын объект арқылы анықтай аламыз» [1, 125 б.]. Екі нысан салыстырылады. «Елбасы – елдіктің белгісі» (Е.Шаймерденов «Инаугурация») [80, 5 б.].

Осындай тәсілдермен бірге абстарктілі ұғым зат, құбылыс, іс-әрекет арқылы баламаланып берілу, окказиональдану үрдісі, тілдік әлеуметтік «жадылық кодында» сақталған мәліметтер жинағы арқылы берілу т.б тәсілдері де бар.

Саяси метатфаралардың тілдің сыртқы пішіндік қалпының бұндай сипаттары тіл білімінде айтылып зерттеліп келеді. Қазіргі қазақ тілінде терең талданбаса да, жинақталған үлгісі бар. Осы тұста қазіргі жаңа жаһандану тұсындағы қазақ тіліндегі саяси метатфаралардың ішкі мағыналық сипаттарына өзгеше көңіл бөлу арқылы жаңа бағыттар айқындалады. Бұл бағыттар – саяси биліктің бағыты, мемлекеттің бағыты болуымен де мәнді [81]. Қазіргі қазақ тіліндегі саяси метатфаралардың жасалуында өзгеше қалыптарды байқауға болады. Олардың қатарында біз діни ұғымдарды пайдалану арқылы – бұрыннан бар танымды жаңартып ұсыну тәсілімен метатфара жасау және тілдегі бар тұрақты сөз тіркестерін жаңа метатфаралық мағынаға ауыстыру мен көпқабатты бейнелеуіштерді қолдану тәсілдерін талдау қажет деп таптық.

1. Діни ұғымдарды пайдалану. «Ал “транзитал” – бұл жаһандық дағдарыстың бүкіләлемдік топан суынан активтерді құтқару үшін капиталдың өзіндік бір Нұх кемесі. Сондықтан баршаға өз активтерін дер кезінде “транзиталға” конвертациялауды ойластыру артық болмас еді. Сол ғана, капиталдың осынау Нұх кемесі ғана активтерді құтқарып, оларды толық әрі сақталған күйінде “акметалдың” Жаңа дүниесіне жеткізе алады». (Н.Назарбаев «Дағдарыстан шығудың кілті») [82, 3 б.].

Адамзатты құтқарған Нұх кемесі мен бүгінгі ақша топаны – капиталдың құнсыздануы ұғымдары салыстырылып, саяси метафора түсінікті ежелгі таныммен бүгінгі жаңа жаһандық өзгеріске барынша дәл түсінік береді. Бұл тәсіл әдебиетте бұрынна бар. Мәселен, Т.Драйзердің «Америка қасіреті» («Американская трагедия») шығармасында Матфейді мысалға алады.

Түпнұсқа: «If ye have faith as grain of mustard seed, ye shall say unto this mountain? Remove hence to yonder place, on it shall move; and nothing shall be impossible to you» Matthew 17:20

Орысша: «Если вы будете иметь веру с горчичное зерно и скажете горе сей: Перейди отсюда туда, — и она перейдет и ничего не будет невозможного для вас». От Матфея, 17:20

Қазақша: «Егер көңілінде бұршақтың үлкендігіндей сенім болса, әне бір тұрған асқар тауға: Қозғал орныңнан десең – қозғалады ол, сөйтіп, сенің қолыңнан келмейтін нәрсе болмайды». Матфейден 17:20 .

Т.Драйзер шығармасын аударудың ерекшеліктерін сөз етуден бұрын, әрине, оның өз стилінің ерекшеліктерін негізге алған жөн. Т.Драйзер – ұлы жазушы, роман жазудың үлкен шебері, дарынды суреткер. Сондықтан да, шындықтың элементтерін кез келген туындысында шығармашылық шеберлікпен әдемі құрастыра білді. Қаламгердің шығармаларында таным мен көркем сурет бірге қабаттасып кететіндігі де ескеріледі. Қоғам мен табиғат, жаратылыс пен әлем жеке адам мен жалпы адамзат, тіршілік пен барша тіршілік иесі ғаламдық тұтастықпен алынады. Сондықтан да жазушы терең ойларды суретпен береді. Матфей уағызындағы сенім «Қозғал орныңнан десең – қозғалады» деп, «сенің қолыңнан келмейтін нәрсе болмайды» екінші сыңарын бүтіндей метафора жасап тұр.

Бұдан қазіргі тілде саяси метафоралар діни ұғымдар мен танымдарға жаңаша реңктер мен бояулар берумен қатар, түсінікті де үстемелеуде. Бір ислам дініндегі: ғазуат, содыр, жиһад метафоралық тұрғыда жаңа мағынаға ауысты [79]. Сондықтан да діни ұғымда сенім, күш, ақыл, сабыр, қайрат сияқты дерексіз ұғымдар метафоралық қалыпқа бейім.

2. Тұрақты сөз тіркестері қалпында беру.

Саяси метафора жасауда тілдегі тұрақты тіркестердің орны ертеден өзгеше рөл атқарады. Жалғаусыз тіркескен зат есімдердің алғашқы сыңарының метафоралық қолданысының нәтижесінде жаңа мағынаға ауысуы қазақ тілінде кең тараған құбылыс. Бұл көбінесе зат есім – сын есім тіркесіне тән болғандықтан тілде адъективтену құбылысы шеңберінде қарастырылып келді. Бұл қазақ тіліне ғана қатысты емес, басқа да түркі тілдеріне де ортақ екен. Мысалы якут тіліне қатысты мынандай пікірді келтіруге болады: «Зат есім

метафоралық мазұнда қолдану мүмкін, ондай жағдайда олар өзінің негізгі семантикасынан айырылады және жаңа мағынаға ие болады – заттың сипатын немесе қасиетін көрсетеді» [83, 137 б.]

Бірінші кезең ХХІ ғасырдағы «мүмкіндіктер көзін» пайдалана отырып, жаңғыру серпілісін жасау қажет болатын 2030 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. (Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы) [24].

Сөйлемдегі «мүмкіндіктер көзі» – жаңа метафоралық қолданыс. Қазақ тілінде бұған дейін бұлақ көзі, көкірек көзі, жақсының көзі кейіннен қалыптасқан білім көзі, ғылым көзі метафоралық тіркестеріне енді мүмкіндіктер көзі қосылып отыр.

Метафоралық қолданыс адамның ойлау жүйесін кеңейтеді. Қоғам өзгерген сайын таным мен түсінік өзгерген сайын жаңа метафоралық қолданыстар пайда болады [84]. Бұлақ көзі, жақсының көзі қазақ тілінде қашан пайда болғаны белгісіз. Ал көкірек көзі – Абай шығармаларынан бастау алады. «Көкірегінде болсын көз» жолдары арқылы ақын жаңа таным мен жаңа адам бейнесін жасады. Жаңа ұғым қалыптасты. Ал бүгінгі жаһандық заман жаңа «мүмкіндіктер көзін» іздестіруде.

3. Көпқабатты бейнелеуіштерді қолдану.

Метафоралық ойлау – қоғам өзгеруіне қарай таным өзгеріс айқындайды дедік, екінші ерекшелігі – сөз таптарының арасындағы ауысу үрдісін жүргізеді. Көбіне көп заттық ұғым сындық ұғымға ауысуына метафоралық тәсіл ықпал етеді. Сонымен бірге метафоралық қолданыстардың жеке сөздерге ғана қатысты болмай, бір ойды ашуға қызмет ететіндігі.

«Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды ету. Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы» (Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы) [24].

Бұл – Елбасының 2014 жылғы «Бір мақсат, бір мүдде, бір ел» деп аталатын жолдауының түйіні. Бұндағы барлық ойды жинақтап тұрған – «Мәңгілік ел» атауының – өзі метафора. Кең аудиторияға арналған, кең пафосты, мол тынысты саяси метафора жан-жақтан құйылған ой түйіндерін бір шешімге жинақтайды. Тек сөз тыңдаушыларын ғана ұйытып, бір мақсатқа жұмылдырып қоймайды. Бүкіл бір елді ортақ мүддеге біріктіреді.

Саяси метафора – қазақ тіл білімінде тілдік тұрғыдан метафора қалпында ғана зерттеліп келді. Ал саяси тұрғыда қоғамның әлеуметтік, саяси қатынастарын ескере отырып, тілдік талдау жасау кешеуілдеп келе жатқаны мәлім. Қазақ тілі астарлы, бояуға бай тіл. Онда саяси метафоралық қолданыстардың жасалуының да түрлі тәсілдері бар екендігі ашылады. Қазіргі қазақ тіліндегі саяси метафоралар жасалу тәсілінде көркемдік құралдарды

ескерумен бірге тілдің бай ішкі мүмкіншіліктері байқалады. Ал астар мен көркемдік бояу жаһандық өзгерістердің бар сырын аша алады. Жаһандық өзгерістерді ескеріп жасалған саяси метафораларда бұрынғы діни танымның, бұрыннан бар халықтық түсініктің өзгеше пішінін Тәуелсіз ел саясаткерлері де ұсынып жатыр. Бұл – заңды да, қалыпты құбылыс.

Қазіргі қазақ тіліндегі саяси метафоралардың лингвистикалық және мәдени ерекшеліктеріндегі әдеби метафора белгілерінен қалған тотемдік мән мен символдық белгілер, ауызекі тілдік және жазбаша үлгілері арасындағы императивтік (үстемдік), көпшіліктің назарын аудару, айрықша батылдық, кемшілікке қарсы күрестегі өткірлік, саяси бағыттың айқындығының көрінісі. Жазбаша тілдегі саяси метафоралар қолданысы неғұрлым ойдың нақтылығы мен жүйелілігіне қызмет етсе, ауызекі тілдегі метафоралар аудиторияны ойдың мазмұнынан гөрі айтылу формасына, берілу ыңғайына назар аудару қызметінде жұмсалып мәндерінің функционалдық, стильдік, когнитивтік семантикалық түрлеріндегі орны қарастырылады.

Қазіргі қазақ тіліндегі саяси метафоралардың лингвистикалық және мәдени ерекшеліктеріндегі әдеби метафора белгілерінен қалған тотемдік мән мен символдық белгілер, ауызекі тілдік және жазбаша үлгілері арасындағы императивтік (үстемдік), көпшіліктің назарын аудару, айрықша батылдық, кемшілікке қарсы күрестегі өткірлік, саяси бағыттың айқындығының көрінісі. Жазбаша тілдегі саяси метафоралар қолданысы неғұрлым ойдың нақтылығы мен жүйелілігіне қызмет етсе, ауызекі тілдегі метафоралар аудиторияны ойдың мазмұнынан гөрі айтылу формасына, берілу ыңғайына назар аудару қызметінде жұмсалып мәндерінің функционалдық, стильдік, когнитивтік семантикалық түрлеріндегі орны қарастырылады.

Саяси метафоралардың әдеби метафоралардан бірнеше ерекшеліктері бар. Саяси метафоралар сөзді бейнелі де кестелі етуге жұмсала бермейді [85]. Бұны саяси метафоралардың ауызекі тілдік және жазбаша үлгілері арасынан қарастырудың мәні бар. Жазбаша тілдегі саяси метафоралар қолданысы неғұрлым ойдың нақтылығы мен жүйелілігіне қызмет етсе, ауызекі тілдегі метафоралар аудиторияны ойдың мазмұнынан гөрі айтылу формасына, берілу ыңғайына назар аударуға қызмет етеді. Ендеше саяси метафоралар функционалдық, стильдік, когнитивтік семантикалық жағынан қарастыруды қажет етеді.

Саяси метафора – қоғамдағы саяси бірліктерге қатысты (саясат, партия, бағдарлама, іс-шараларға) немесе басқа нысандағы жағымды, жағымсыз ой мен пікірді қалыптастыратын тілдік қатынас.

Саяси метафораларды қолданылуына қарай шартты түрде шабуыл стратегиясы және ақталу стратегиясына бөлуге болады. Шабуыл стратегиясында да, ақталу стратегиясында да ең бастысы эмоция күші сезіледі. Сол эмоция ойды бейнелеп астарлайды да.

Саяси метафораның бір қызметі – когнитивтік функция. Бүгінгі тіл білімінде метафоралар рационалды ойлаудан кем түспейтін құбылыс. Белгілі ұғым, түсініктердің атауын алмастырады. Метафораны қолданудың тағы бір аспектісі автордың айтқысы келген заттарды басқаша атаумен алмастыруды жөн

көруден туындайды. Бұл ретте метафора қандай да бір категорияға жатқызылады. Бұл өзгеріс тілдегі екінші бір танымды ашпаса да, танымдық, түсініктік қалыпқа толықтыру жасайды, жаңа мағыналық реңк береді, айтар ойдың мәнін тереңдете түседі, адресат пен қабылдаушы арасындағы байланысты жақындата түседі, көркемдік белгілерге жол ашады. Мұның өзі сөз құбылысының табиғатын танытып, оған деген автордың көзқарасын білдіруге қызмет етеді.

Бүгінгі қазақ тілінде саяси метафоралардың жаңа түрлері жасалуда. Бұлардың орыс, Еуропа тілдеріндегі дискурстардан өзгешеліктері бар. Ол өзгешеліктер тілді тұтынушылар мен қоғам сипаттарына байланысты. Қазақ қоғамы кейінгі 20 жылдан астам уақытта егемендік алып, демократиялық жолды таңдағаны белгілі. Дегенмен, қашанда астарлы оймен, әдептен озбаған қазақ қоғамының билік пен саясатқа көзқарасы ұлттық шеңберде өрбуінің өзі де тілдегі саяси метафораларды жасауда өз жолын, өз тәсіл-амалдарын таңдайды. Содан да болар, қазіргі қазақ тіліндегі «Елбасы», «Астана» концептілеріне қатысты дискурстардағы мағыналық ауысым басқа да, жалпы билік, билік институттары, билік, әлеуметтік-саяси мәселелерге т.б. қатысты тұстарда өзгеше өрбу бар. Осы тұста қазақ қоғамындағы бір «Елбасы» концептісіне қатысты бірнеше саяси метафораларды жүйелеудің маңызы ерекше. Себебі «Елбасы» концептісі саяси метафорасы кей тұстарда көркемдік қалыппен астасып кетеді. «Алдаспан», «ой-шынар», «бойтұмар», «елдіктің символы» т.б. деп берілсе, «Астана» концептісі – «Арқа төсіндегі алқа», «ел айдыны мен айбыны», «ақ орда» т.б. сияқты тіркесте қолданылуы саяси метафора болғанымен әдеби бояуы қалың тіркестер. Бұндай ерекшелік қазақ тілінің көркем, кестелі, бейнемен ғана өрнектелер жүйесінен туындайды. Тілдің көркемдік бояуы, кестелі өрнегі саясат атты салқын тұстарда да өз жылылығын шашып тұрады.

Қазақ тіліндегі саяси метафоралардың лингвистикалық сипаттарын зерттеуде тілдің ішкі заңдылықтары мен құрылымдарына, лексикалық-семантикалық қуатына, дискурс жасау қабілетін назар аударылуы қажет. Сонымен бірге қоғамның әлеуметтік-саяси, мәдени, рухани және өркениеттілік пен саналылық, тіл мәдениеті деңгейі де ескерілуі шарт. Саяси метафоралардың қолданыс аясы, жасалу сипаты тіл ауқымдылығының кеңдігімен, орамды ұғымдылығымен еленіп қана қоймайды, қоғамдық сана, тілді қолданушылардың жаңа қоғаммен қатынастарына тікелей қатысты. Тілдегі саяси метафоралар бүгін жасалған жоқ. Ол бұған дейін де болды. Бірақ қазақ тілінде бұның барлығы әдеби тіл, әдеби метафора аясында қарастырылып келді. Бүгінгі қоғам интеграциялық екпінді күшейтіп қана қойған жоқ, тілді қолданушылардың өзін-өзін тануы, сананың серпілуімен де сипатталады. Соған орай қоғамдық сана саяси, рухани әлемге баға берудің дәстүрлі тәсілін өзге үлгіде ұсынып отыр.

Метафоралардың бір қызметі – коммуникативтік функция. Метафора ойлау құралы ғана емес, ақпарат алмасу құралы [86, 87, 88, 89]. Бұл орайда метафора ақпараттың адресатқа жеңіл, тиімді жеткізу құралдарының біріне жатқызылады.

Саяси метафораның коммуникативті функциясы сан қырлы қызмет атқарады. Соның бірі адресаттың қызығушылығын арттырып, көңілін аударатын астарлы сөз құбылтуларды тудыру үшін жұмсалыуы. Мұндай сөз құбылтулар адресатқа күрделі ойды көркем бейнелі кейіпте, жеңіл де түсінікті жеткізеді. Көп жағдайда мұндай сөз қолданыстардың эмоционалды, экспрессивті қызметтері көзге ұшырасады.

Метафораның енді бір қызметі – прагматикалық функциясы. Метафора – әсер етудің қуатты құралы. Әсіресе адресат санасындағы ұғым-түсініктерді жеткізудің тиімді құралы болып табылады.

Метафораның келесі қызметі – эстетикалық функциясы.

Метафора – көркемдік құрал. Образды ойлаудың жемісі. Көркем шығарма үшін метафораның басты қызметі – оның эстетикалық қызметі. Дегенмен, саяси-әлеуметтік тақырыпты жарияланымдар үшін де метафоралардың алар орны зор.

Метафора сөйлеген сөзге, жазылған ойға көрік пен мән-мағына дарытады. Бейнелі сөз қашан да адресаттың назарын аудартып, сөйлеген сөздің әсерін күшейтеді. Ал саяси сөздің мақсаты осы екені сөзсіз:

- метафора және метафоралану – «сөз мағынасының ауысуы»;
- метафора – тұжырымдау мен танудың бір үлгісі. Ол – жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа білімнің қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды тілдік оралымдар;
- саяси метафораның қоғамдағы пайда болуы – адамзат қауымының саяси билік пен әлеумет болып жіктелуінен басталған. Бұл саяси метафоралардың билік ісін тігісін жатқыза жеткізуі мен халыққа әсерлі де жақын айтуының тәсілі деп қабылдау керек;
- қазақ тіліндегі саяси метафоралар ауыз әдебиеті үлгілерінен басталады. Шешендік сөздерді былай қойғанда, толғау, арнауларды есепке алмағанда ертегілердің өзінде де саяси оралымдар мол кездеседі;
- қазіргі қазақ тіліндегі саяси метафоралардың лингвистикалық және мәдени ерекшеліктеріндегі әдеби метафора белгілерінен қалған тотемдік мән мен символдық белгілер көрінеді;
- ауызекі тілдік және жазбаша үлгілері арасындағы императивтік (үстемдік), көпшіліктің назарын аудару, айрықша батылдық, кемшілікке қарсы күрестегі өткірлік, саяси бағыттың айқындығының көрінісі бар;
- жазбаша тілдегі саяси метафоралар қолданысы неғұрлым ойдың нақтылығы мен жүйелілігіне қызмет етеді;
- ауызекі тілдегі метафоралар аудиторияны ойдың мазмұнынан гөрі айтылу формасына, берілу ыңғайына назар аудару қызметінде жұмсалыу мәндерінің функционалдық, стильдік, когнитивтік, семантикалық түрлеріндегі орны қарастырылады;
- саяси метафора – қоғамдағы саяси бірліктерге қатысты (саясат, партия, бағдарлама, іс-шараларға) немесе басқа нысандағы жағымды, жағымсыз ой мен пікірді қалыптастыратын тілдік қатынас;

– саяси метафораларды қолданылуына қарай шартты түрде шабуыл стратегиясы және ақталу стратегиясына бөлуге болады [90];

– метафоралардың бір қызметі – коммуникативтік функция [91]. Метафора ойлау құралы ғана емес, ақпарат алмасу құралы, метафора ақпараттың адресатқа жеңіл, тиімді жеткізу құралдарының біріне жатқызылады ;

– метафора – әсер етудің қуатты құралы. Әсіресе адресат санасындағы ұғым-түсініктерді жеткізудің тиімді құралы болып табылады;

– саяси метафораның коммуникативті функциясы сан қырлы қызмет атқарады [92]. Соның бірі адресаттың қызығушылығын арттырып, көңілін аударатын астарлы сөз құбылтуларды тудыру үшін жұмсалуды.

Саяси метафоралар – бүгінгі қоғамдағы билік көзқарасын, ұстаным, бағыттарын ашатын тілдік құралдар. Сонысымен де саяси мтафоралар әдеби-көркем метафораларға қарағанда зерттеуге зәру ғана емес, қажеттілігін анықтап отырған сала.

2.4 Әлеуметтік-лингвистикалық эксперимент

Психолингвистикалық тәжірибе жүргізу барысында 120 адамға сауалнама сұрақтары берілді. Тәжірибе жасау барысында осы салаға қатысты әдебиеттер негізге алынды. Алынған мәліметтерді басшылыққа ала отырып, респонденттер туралы сауалнаманың жалпы бақылау сұрақтарын анықтауда үш бөлімге бөлдік.

1. Жасы.


2. Жынысы.

Психолингвистикалық тәжірибенің нәтижелері сынаққа алынушылардың жасы мен жынысына қарай өзгешеліктерімен айқындалуы да мүмкін [79].

3. Әлеуметтік мәртебесі.


Н.В.Буренинаның пікірінше, тәжірибе нәтижесіне сынауға алынып отырғандардың білім деңгейі мен әлеуметтік мәртебесінің де әсері бар [79].

Ақпарат берушілердің жасы 17 ден 58 жасқа дейінгі аралықты қамтыды. Тәжірибе нәтижесіне жас ерекшелігінің әсерінің себептерін, сонымен бірге сауалнамаға қатысушылардың кең ауқымды жас шамаларын ескере отырып, жас ерекшеліктеріне қарай 3 топқа бөліп жіктедік: бірінші топ – 17- ден 24-ке дейін, екінші топ– 25-тен 44-ке дейін; үшінші топ– 45-тен 58 жасқа дейінгі аралықты алады.



Сурет 1. – Ақпарат берушілердің жасы

Сурет 1 көрсетілгендей, бірінші топта 43 адам, бұл – 36 %; екінші топта – 64 адам, 53 %-ын құрайды; және 13 адам үшінші топқа кірді, бұл 11 %. Аталған зерттеудің қорытындысы бойынша, жастар ортасының белсенділігі айрықша байқалды. Бұған дейін саяси метафораларды қабылдау мен қолдануға қатысты мәселеде үлкендер ортасына назар аудару болжамы жасалғанымен, сауалнама қорытындысы басқадай сипатты танытты.



Сурет 2. – Гендерлік құрамы

Сурет 2 көрсетілгендей, сауалнама жүргізілгендердің гендерлік құрамы төмендегідей қалыпта болды: ерлер – 24 респондент, тәжірибеге қатысушылардың 20% құрады; әйелдер – 96 адам, респонденттердің 80%-ы болады.

Ерлер мен әйелдер құрамының сандық дисбалансына аса назар аударылмады, бұл кездейсоқтық ретінде алынып, тәжірибе шарттары бойынша

да басты міндеттер қатарына енгізілген жоқ. Сауалнама жүргізушілерге арнайы гендерлік іріктеу жасалмағандықтан да, гендерлік сипаттама біздің зерттеуіміздің негізгі міндеттеріне кірген жоқ, сондықтан бар қалыпты жағдай бойынша қорытынды жасалды. Әлеуметтік жағдайлары тұрғысынан сауалнамаға қатысқандарды тең деңгейдегі 3 топқа бөлуге болады. Бірінші тәжірибелік топқа ақпарат берушілер ретінде С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті экономика мамандығының студенттері таңдалып алынды. Біз алдын-ала жасаған болжам бойынша, бұл топтың сауалнама берушілері саяси дискурсты ажырата алатын, «саяси метафора» жайында түсініктері бар белсенді студенттерден іріктелді. 39 адам сауалнамаға қатысып, жалпы қатысушылардың 32,5% -ын берді.

Ақпарат берушілердің екінші тобына Павлодар қаласының орыс тіліндегі «Дарынды балаларға арналған № 3 гимназиясы» Мемлекеттік мекемесінің мұғалімдері, сондай-ақ мемлекеттік тілде білім беретін Павлодар қаласының «№2 жалпы білім беретін орта мектебі» Мемлекеттік мекемесінің педагогтары қатыстырылды. Аталған категория респонденттері бойынша, біз бос уақыттарының аздығына байланысты және саяси белсенділіктерінің төмендігіне қарай қазіргі еліміздегі болып жатқан жағдайларға байланысты туындаған саяси метафоралар жайында мәліметтері аз деп болжам жасағанбыз. Ақпарат берушілердің саны аталған топ бойынша - 41 адам, бұл – 34,2%.

Үшінші тәжірибелік топқа ақпарат берушілер ретінде қала аумағында орналасқан Департаменттер мен Бсақармалардың мемлекеттік қызметкерлері алынды. Бұл категория респонденттерінен біз жоғары нәтижелер күттік, себебі саяси дискурсты түсініп, талдай алады, белсенділік көрсетеді деген үмітте болдық. Аталған топтың респонденттер саны – 40 адам, немесе 33,3%.

Зерттеудің аталған кезеңінің міндеті – Қазақстан Республикасының азаматтары саяси дискурсқа қаншалықты қатыса алатынын тәжірибе жүзінде анықтау, сонымен бірге айтылған сөздері қоғамда үлкен қызығушылық тудыратын және бүгінгі күн үшін сөздері өзекті саясаткерлердің рейтингісін жасау.

Зерттеудің аталған кезеңінің міндеттерін орындау үшін сауалнамаға қатысушыларға 3 сұраққа жауап беруді сұрадық. Бұл сұрақтар төменде беріледі.

Қазіргі кезеңдегі қандай саясаткерлерді білесіз? Неліктен олар есте сақталып қалды?

Интернет – кеңістікте, БАҚ-та қандай метафоралар халық арасына кең таралған? Неліктен?

Саясаткерлер тіліндегі метафоралар қолданысын қолдайсыз ба? Осындай сұрақтарға жауап ала отырып, қазіргі кезеңдегі саясаткерлердің өзгеше қалыптағы «рейтингісін» жасауға болады, сонымен бірге тұрғындардың саяси метафораға қатынастары анықталады.

Сурет 3 көрсетілгендей, респонденттердің жауаптарын жіті зерттеу нәтижесі төмендегідей қорытындылар жасатты: бүгінгі Қазақстандағы ең танымал саясаткер – Н.Ә. Назарбаев, ел президенті. Бұл дерек ешкімге таңданыс тудырмасы анық, Н.Ә.Назарбаев Қазақстан тәуелсіздік алған 1991 жылдан бастап ел басқарып келеді, ел ішіндегі өтіп жатқан барлық жағдайлар мен реформалар президент қатыспай өтпейтіні белгілі, сондықтан да БАҚ-тағы таратылуы да осыған қарай түсіндіріледі. Елдегі ең танымал саясаткерлер тізімінің екінші орнын Дариға Назарбаева алды, Қазақстан Республикасының саяси қайраткері, Парламент Мәжілісінің Вице-спикері (төменгі палата), «Нұр Отан» партиясының парламенттегі фракциясының жетекшісі. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың үлкен қызы.

Тізімдегі үшінші орынға В.В.Жириновский ие болды, Ресей саяси қайраткері, Ресей Либеральды-демократиялық партиясының (ЛДПР) негізін салушы және төрағасы. Дегенмен, В.В.Жириновский танымалдылықты саяси істерімен жинаған жоқ, БАҚ-тағы жанжал шығарып, қоғамда қызу талқылау тудырған сөздерімен белгілі болғандығын респонденттер айрықша атап көрсеткен.

Тізімнің келесі орнында В.В.Путин, Ресей Федерациясының президенті; Б.А.Сағынтаев, Қазақстан Республикасы премьер-министрінің бірінші орынбасары, алайда, сауалнамаға жауап берушілер үшін Б.Сағынтаев, алғашқы кезекте, Павлодар облысының бұрынғы әкімі; Б.К.Тілеухан, Парламент Мәжілісінің бұрынғы депутаты; И.Тасмағамбетов, Астана қаласының әкімі; К.К.Мәсімов, Қазақстан Республикасы Премьер-министрі.

Қазақстандық және ресейлік саясаткерлермен бірге тізімде Н.Манделла, Ким Ир Сен, К.Райс, А.Меркель, Б.Обама сияқты саясаткерлердің кездесуін де ерекше атап өткен дұрыс. Сонымен бірге 2001 жылы өз орнынан кеткен Павлодар облысының бұрынғы әкімі Ғ.Жақияновтың қызмет атқарған кезінде жағымды жақсылықтарымен ел есінде қалғаны сауалнамаға жауап берушілер нәтижелерінен байқалды. 4 мәрте аты аталады. Сондықтан болуы керек, 38, 39, 40 және 41 жастағы сауалнамаға жауап берушілер атын атаған, ал бірінші жас ерекшелігіне қарай бөлген топ арасында аты аталмайды. Сонымен бірге аймақтың бұрынғы басшылары Қ.Нұрпейісов пен Б.Сағынтаев, қазіргі әкім Қ.Бозымбаев та бар.

Аталған тізімді негізге ала отырып, елдегі қазіргі кезең үшін ең танымал саясаткер – Н.Назарбаев. Бұндай түйін респонденттер арасында Елбасының метафоралары ең белгілісі болады деп болжам жасауға мүмкіндік береді.

«Интернет – кеңістікте, БАҚ-та қандай метафоралар халық арасына кең таралған? Неліктен?» сұрағына жауап берушілер тарапынан қызығушылық тудырды: респонденттерден: 103 адам (85,8%) жауап беріп, 17 сауалнамаға тартылған (5,7%) респонденттерге қиындық тудырған. Дегенмен, қызығушылық тудырған саяси метафораға қатысты сұраққа нақты жауапты 45 адамнан алдық, немесе жауап берушілердің – 37,5%.

Әлеуметтік топтар қиылыс бойынша, нәтижелерді біртекті деуге болады. 14 метафораны студенттер жазған, 15 – мұғалімдер, 16 – мемлекеттік қызметкерлер. Көпшілік респонденттер саяси терминдермен жауап берген

(*жемқорлық, құқықтық қоғам*), ұрандармен (*дипломмен – ауылға*), мемлекеттік бағдарламалар аталымымен (*Жасыл Ел, жол картасы, 100 мектеп – 100 аурухана*), мақал-мәтелдермен (*Ақымақ бас екі аяққа маза бермейді*), бірақ бұлар метафоралар емес болатын, саяси тілге де қатысы жоқ. Қазақстан Республикасының бұрынғы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі С.Әбденовтің ел ішінде кең таралған оралымдарын ерекше атаған орынды. Экс-министр Қарағанды облысындағы кездесуде неге 63 жасқа дейін жұмыс істеуі керектігін сұраған әйелге берген: «Сіздерге әлі де жұмыс істей беру керек, құрметті жерлестер...» деген жауабына қосқан: «Патамушта, патамушта» фразасымен әйгілі болды. Сондықтан да болар, сауалнамада «патамушта» – 16 мәрте, ең көп кездесетін фраза ретінде анықталды. Назар салатынымыз, 13 мәрте респонденттердің бірінші тобындағы жауап берушілер осы фразаны жазған. Бұның себебін жоғарыдағы жағдайдың видеосы Интернетке қойылуымен түсіндіруге болады. Осыдан кейін С.Әбденов Қазақстандағы ең танымал саясаткер болып шыға келді. Әлеуметтік желілерде «Патамушта. Патамушта» топтары пайда болды. Топтың жазылушылары флешмоб ұйымдастырып, жұмыс орындарына «Мен 63 жасқа дейін жұмыс істеуім керек - Я должна работать до 63, патамушта, патамушта» деген кестелерді суретке түсіріп, көрнекті жерге белгілеп қойғандығымен де ел есінде жақсы сақталып қалды. Бұндай резонанстың тууы Интернет-кеңістіктің әлеуметтік желілері мен блогтардың белсенді тұтынушылар болып табылатын жастарға белгілі екені анық. Сондықтан да осы топтың қолданысында жиі кездесу себебі де түсіндіріледі. Осы тұста айта кетер жай, «мемлекеттік қызметкерлер» әлеуметтік тобындағы респонденттер өз жауаптарында «патамуштаны» назарға алмаған. Себебін бір сала мамандарының өз қызметтеріне өзара қолдауымен түсіндіруге болатын шығар. Өз қызметтестерінің ыңғайсыз жағдайға қалған тұсын еске алуды қажет деп таппаған болулары керек. Қалай дегенмен де «патамушта» фразасы тұрғындар арасында афоризмге айналғанымен де, метафора бола алмайды. Сол себепті де, саяси метафораларды санау кезінде біз бұны бұл қатарға (саяси метафоралар қатарына) қосқан жоқпыз. Осындай себептермен де, респонденттер жауаптары жеке сөздер мен сөз тіркестерінен (*Железная леди – темір ханша, железный народ – темір халық, инициатива снизу - төменен басталған бастама*), кей тұста сөйлемнен құралған (... *Чиновник должен быть хорошим специалистом, с душой относиться к делу – Басшы жақсы маман болуы керек, өз ісін жан-тәнімен атқарғаны жөн. И третье – иметь более или менее чистые руки...* - *Үшіншіден – ең керектісі де – қолының тазалығы...*; ... *У нас вода рекой течет, тогда как в Казахстане дефицит питьевой воды...* - *Қазақстанда ауыз су тапшылығы сезілуде – ал бізде су өзен болып ағып жатыр*). Тізімнің алғашқы басында тұрған үш метафора бар: *быть ближе к народу – халыққа жақын болу; я был, есть и буду – мен болғанмын, бармын және бола беремін; және железный занавес – темір перде(темір қақпа)* метафорасы. Бұл метафоралар 6 мәрте кездеседі.

Быть ближе к народу – халыққа жақын болу метафорасы Н. Назарбаевтың: «*Государственный служащий содержится на налоги населения Казахстана, они вас наняли, включая меня, чтобы мы им служили, а не для*

того, чтобы они вам служили! Зарубите себе на носу или еще где-нибудь. Сколько можно говорить? Надо быть ближе к людям, их чаяниям, и уважение тогда будет и порядок будет». Осындағы келесі метафораны да атауға болады. Ол: зарубить на носу – не істесең де өзің біл –мұрныңды кесіп алсаң да (халыққа қызм ет), бұл сауалнамада 5 мәрте кездеседі.

Келесі я был, есть и буду – мен болғанмын, бармын және бола беремін фразасы Қазақстан Республикасының премьер-министрі К.Мәсімовтің сөзі. Үкімет басына келіп, Премьерге өткен шақта жауап сөз ретінде, сенімге алғас ретінде айтылған. «Елбасы, Президент Н.Назарбаевтың көмекшісі болғанмын, бармын және бола беремін - я был, есть и буду помощником Президента, Елбасы Нурсултана Назарбаева».

Темір қақпа – саяси клише. 1919-1920 жылдардан бастап КСРО және социалистік елдер мен капиталистік батыс мемлекеттер арасындағы бірнеше жылдарға созылған ақпараттық, саяси, шекаралық бөгенісінді білдіретін тіркес. Бұл саяси метафора ретінде қазіргі саясаткерлер тілінде қолданылады, бірақ бұрынғыдай жиі кездеспейді. Осындай себептен болса керек, бірінші топ жауап берушілері бұны бірде бір мәрте атамаған.

Инициатива снизу – төменнен басталған бастама қазіргі америкалық саясаттануының термині, сөзбе-сөз «нақты, анық, көзге көрінетін» қозғалыс мағынада жұмсалады. Термин өз құқықтары үшін күресетін азаматтардың қозғалысын білдіреді. Аталған метафора 5 мәрте қайталаанады, соның ішінде мемлекеттік қызметкерлер тілінде, студенттер мен бірінші топ сауланамаға жауап берушілер тілінде айтылмайды.

Жауаптарда жиі қолданылатын (4 мәрте) Мәңгілік Ел фразасы. Бұл метафора Н. Назарбаевтың сөзінен алынған: «Мы, казахстанцы, единый народ! И общая для нас судьба – это наш Мәңгілік Ел, наш достойный и великий Казахстан! – Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел» – это национальная идея нашего общеказахстанского дома, мечта наших предков» [<http://www.kazpravda.kz>]. Абайдың қарасөздеріндегі заман өсіреді метафорасы сауалнама жауабында да кездеседі. «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі кінәлі». Абай саясаткер болмаса да, өз кезеңіндегі қоғамдық ойға қатысты айтқан түйіндері бүгінгі заман үшін де қажеттілігін жоймауы – ақынның классикалық танымының негізін құрайды.

Сауланама жауаптарында үш мәрте поющая революция тіркесі қолданады. Поющая революция (ән салатын төңкеріс) - КСРО-дағы 1987-1991 жылдары болған Прибалтикадағы бейбіт қарсылық акцияларының сериясы. Негізгі мақсаты Эстония, Латвия и Литва – елдерінің тәуелсіздігі мен егемендігін мақсат еткен акциялар кезінде қалыптасқан.

Қара халық 3 мәрте қолданылады, 3 мәрте де мемлекеттік қызметкерлер жауаптарында кездеседі.

Сауалнама жауаптарында 2 мәртеден *железная леди* және *Кремль*. *Железная леди* метафоралары жазылған. Великобританияның бұрынғы премьер-министрі М.Тетчерге қатысты қолданылады.

Ресей Федерациясы *басшылығына* қатысты жерде *кремль* метафорасының қолданылатындығын ерекше атаған жөн.

Респонденттердің сауалнамадағы басқа жағдайда еске түсірген метафоралары тек бір мәртеден қайталанатын. Соның ішінде *хромая утка* – *ақсақ үйрек*, *встреча без галстуков* – *мойынтақсыз кездесу*, *политический мертвец* – *саяси өлік*, *политическая коррупция* – *саяси жемқорлық*, *пик антиполярности прошел* – *қарсыполярлық шыңына өтті*, *противоречия уходят* – *өтпелі қайшылықтар*, *принцип домино* – *домино ұстанымы*, *бамбуковый занавес* – *бамбук шымылдығы*, *бенефис политика* – *саясаткер бенефисі*, *железный народ* – *темір халық*, *покажу Кузькину мать* – *әкесін таныту*, *мультипликационный персонаж* – *мультипликациялық бейне* – *адам және волк с Уолл-Стрит* – *Уолл-стриттік қасқыр*». Соңғы үшеуіне кейін қайта ораламыз.

Су өзендей (көлдей) – *вода рекой течет* ағады метафорасын Қазақстан Президенті Н. Назарбаев қолданған. Елбасы электрэнергиясы мен суды сақтау, пайдалануда үнемдеуді үйренуге шақырған тұста айтты. «Мы не должны потреблять энергию, как сейчас. У нас все горит, мы не экономим свет, потому что у нас дешевое электричество. Телевизоры работают круглыми сутками. У нас *вода рекой течет*, тогда как в Казахстане наблюдается дефицит питьевой воды – Біз энергияны қазіргі пайдалнып жүргендей қолданбауымыз керек. Біз барлығын жағып қоямыз. Жарықты үнемдемейміз. Себебі жарықтың төлемақысы арзан. Теледидар тәулік бойы қосулы тұрады. Ауыз суға тапшылық Қазақстанда да байқалғанымен де, су өзен болып ағып жатыр». Мәнмәтіннен байқағанымыздай, Президент табиғи су қоры ретіндегі өзен жайында айтып тұрған жоқ. Қазақстандықтардың суды үнемдемей, көп шығын келтіре жұмсайтынын метафорамен беріп тұр.

Чистые руки – *қолы таза* метафора жауап беруші бір респондент Павлодар облысының әкімі Қ.Бозымбаевтың аузынан естіген. Облыстағы басшы орындарға қызметке тағайындау кезінде мемлекеттік қызметкерлерге үш түрлі талап қойылатындығын айтты. Басшы өз ісін жақсы білетін маман болуы керек, жан-тәнімен қызмет етуі қажет, үшіншісі – неғұрлым қолының таза болуы шарт – «иметь более или менее *чистые руки*» [<http://total.kz/politics/>]. Мәселе басшының қолының кір, лас болуы назарға алып тұрған жоқ. Аймақ басшысы қолының тазалығын метафора ретінде алған.


«*Волк с Уолл-стрит*» – «*Уолл-стриттік қасқыр*» дәл осылай деп қазақстандықтар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басшысы Қ.Келімбетовті теңге девальвацияға ұшыраған кезде атады. Бұл аллюзия осы аттас қаржылық алақаяқтық туралы көркем фильмнен алынған. Теңге девальвациясынан соң интернет-кеңістікте: әлеуметтік желілер мен блогтарда, форумдарда Қ.Келімбетовқа әзіл сипатында фильм афишасы ретінде алынып қойылды. Аталған метафораны бірінші жас ерекшелігіне қатысты респондент

тобынан көрсеткен. Осы топтың респонденттері интернет пен әлеуметтік желілерді белсенді қолданатындар екендігі мәлім.

Қорыта келгенде, біз жобалағандай ең көп және танымал метафоралар Елбасы Н.Назарбаевқа қатысты болып шықты. Президент метафораларын жалпы қатысқандардан 16 респондент, 35,6% көрсеткен. Бұның себебі Елбасының Қазақстандағы ең танымал саясаткер екендігін танытуымен бірге БАҚ-та да сөздерінен фразалар мен оралымдар мол берілетіндігін анықтайды: халыққа жолдау, жоғары деңгейдегі кездесулер, мәлімдеме, басшыларға сын т.б. Ескерер тағы бір жайт, студенттер метафораларды қазақстандық саясаткерлер тілінен мол жазған. Н.Назарбаевтың, К.Мәсімовтің, С.Әбденовтің оралымдарына берген.

Бірінші топқа қатысты тағы бір ұқсас жайды атап өткен дұрыс. Студенттердің қоғамдағы әр жайды талдай алатындығын өзгеше атаған орынды. Студенттердің сабақ пен күнделікті оқу үрдісіне, жас ерекшеліктеріне қарамастан саяси белсенділіктерін байқадық. Олардың көрсетуі бойынша, метафоралардың есте сақталуы БАҚ-та жиі қолданылуында.

Мұғалімдер мен мемлекеттік қызметкерлерден құралған екінші және үшінші топ респонденттері метафораларында саяси және аймақтық түрлілік байқалады. Мысалы – *хромая утка* – тегі жағынан америкалық, сондай-ақ, *инициатива снизу оралымы да. Железный занавес* – темір қақпа, *покажу Кузькину мать -әкесін таныту, поющая революция* – әнші төңкеріс – бұлар кеңестік кезең терминдері.



Сурет 4. – Саясаткерлер тіліндегі метафоралардың қолданылуына қарсылардың көпшілігі

Сурет 4 көрсетілгендей, үшінші сұрақтарға жауапты талдау келе қорытынды жасауға болады. 86 адам (71,7%) саясаткерлер тіліндегі метафорлардың қолданысын құптайды; 19 адам (15,8%) бұған қарсы, сонымен

бірге 15 адам (12,5%) бұл сұраққа жауап беруге қиынсынады. Саясаткерлер тіліндегі метафоралардың қолданылуына қарсылардың көпшілігі – мемлекеттік қызметкерлерден – 8 адам, 7 қарсы болған студенттер арасынан, 4 – мұғалімдердің арасынан.


Мемлекеттік қызметкерлер қызмет бабына қарай өз жұмыстарында саясаткерлер айтқан метафораларды жиі кездесетін болуы керек. Кей тұста олардың мағынасын ашуға да тура келеді, бірақ оны тура мағынада түсіну де әрқашан оңай бола бермесі анық. Сол себептен де қарсылық реакциясына аталған жайлар себеп болуы ықтимал.

Қорыта келгенде, біз жобалағандай ең көп және танымал метафоралар Елбасы Н.Назарбаевқа қатысты болып шықты. Президент метафораларын жалпы қатысқандардан 16 респондент, 35,6% көрсеткен. Бұның себебі Елбасының Қазақстандағы ең танымал саясаткер екендігін танытуымен бірге БАҚ-та да сөздерінен фразалар мен оралымдар мол берілетіндігін анықтайды: халыққа жолдау, жоғары деңгейдегі кездесулер, мәлімдеме, басшыларға сын т.б. Ескерер тағы бір жайт, студенттер метафораларды қазақстандық саясаткерлер тілінен мол жазған. Н.Назарбаевтың, К.Мәсімовтің, С.Әбденовтің оралымдарына берген. Саяси метафораларды көрсеткен бар-жоғы 45 адам (37,5%). Біз нәтиженің бұлай болу себебін азаматтардың метафораны білмеуінен деп санамаймыз. Бұл жалпы «метафора» сөзінің мағынасын білмеуден туындаған.



Сурет 5. – «Метафора» ұғымын білуі

Сурет 4 көрсетілгендей, қалай дегенде де, саяси метафораларға 102 респондент (85%) жауап берген, 18 адам (15%) жауап беруге қиынсынған.



Сурет 6. – Мемлекеттік қызметкерлер, мұғалімдер және студенттер арасында метафораларды білуі

Сурет 6 көрсетілгендей, біз мемлекеттік қызметкерлер саяси метафораларды терең біледі, жауапқа да кеңінен жазады деп күткенбіз. Дегенмен, нәтиже бойынша олардың үлесі – 37,5 %, мұғалімдер нәтижелерімен бірдей деңгейде деп есептеуге боларлықтай деңгейде болды (34,1 %) және студенттер – 35,9 %. Мұғалімдер мен мемлекеттік қызметкерлерден құралған екінші және үшінші топ респонденттері метафораларында саяси және аймақтық түрлілік байқалады.

Жалпылай алғанда, 98% респонденттер өз жауаптарында 1-ден болсын саясаткерді атаған, 85% метафора, афоризмдер, саяси терминдер мен цитата келтірді.

Жоғарыдағыларды жинақтай келе, зерттеу анықтағандай қазақстандықтар елдегі саяси өмірге белсенді, саяси дискурстарға тартылған деген қорытынды жасауға негіз береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыстың зерттеу тақырыбына саяси метафораның лингвомәдени ерекшеліктері алынды.

Қазіргі қазақ тіліндегі саяси лингвистиканы зерттеу түрлі бағыттарда жүргізіліп келе жатқаны анықталды. Зерттеуде қазіргі қазақ тіліндегі саяси лингвистиканың мән мен қызметін, оның қоғаммен, санамен, ойлаумен, ұлттық кеңістікпен ара қатынасын, байланысын ашу үшін тарихи деректер мен елдік танымға да, тілдегі көркемдегіш құралдардың рөліне де назар аударылады. Саяси лингвистиканы зерттеуде бірнеше мәселелер өзгертілмей алынуы шарт. Ең бастысы, оның қазақ тілінде көп зерттеліп, жан-жақты қарастырылған көркем әдебиет қалпынан бөлектігі, екіншіден, қарым - қатынас құралы ретінде қоғамдық сананы басты назарға ұстайтындығы, үшіншіден, тілдегі сөздердің мағыналық байланыстырушылық, мағына ауыстырушылық қызметтерінің мәнін айқындап алу, төртіншіден, бұл ең бастысы да болуы мүмкін тарихи-қоғамдық деректерді нақты білу және оны бейнелі көрініске түсірудегі шеберлік.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін қазіргі отандық және шетел ғалымдары еңбектері құрайды: Н.Д.Арутюнова, А.Ахатова, А.Н.Баранов, В.Н.Базылев, Ю.Н.Караулов, В.Клемперер, В.Г.Костомаров, Н.А.Кузьмина, Дж.Лакофф, В.В.Петров, Б.А.Успенский, Ю.Б.Феденева, А.П.Чудинов, В.Н.Шапошников, Т.В.Шмелева тұжырымдары құрады. Соның ішінде лингвист-ғалымдар: еңбектерімен қазақстандық осы саланы қарастырған

Диссертация тақырыбын ашу үшін жұмыс екі тарауға бөлінді. Бірінші тарау «Қазіргі лингвистикалық парадигманың негізгі фрагменті ретіндегі саяси лингвистиканың орны» деп алынды. Саяси лингвистиканың орнын айқындауда саяси лингвистиканың нысаны және зерттелуінен бастап қарастырылды. саяси дискурстағы тілдік сананың берілу формаларын қарастырылады.

Тілдік сананы зерттеуде саяси жағдайлардың дамуы қазіргі қоғамдағы қажетті деңгейді айқындап береді. Қоғамдық сананың барометрі бола алатын тілдік сана оның болашақ мүмкіндіктерін де көрсетуі мүмкін. Тілдік сана мен қоғамдық сананың индикаторы ретінде толығымен парламент, партия, оппозиция, БАҚ (бұқаралық-ақпарат құралдары), халық, құндылық, демократия концептілері алынады. Институциональды дискурстің негізгі сипаттаушысы ретінде саяси дискурс қарым-қатынас мақсатын (билік үшін күрес және оны сақтай алу) қатынас жағдайлары саласындағы нақты белгілі бір типті дискурстің тақырыбы мен жүру барысын белгілейді, сонымен бірге бұл байланыстарға қатынасушылардың мәртебелік-рөлдік сипаттамаларына сәйкес белгілі модельдерін де айқындайтындығын айтады. Түрлі әлеуметтік топтар респонденттерінің сана бейнесінің негізгі тетіктерін айқындай отырып, саяси дискурс сол қалыпты қоғамдық-саяси жағдайлардың әсері тұрғысынан, тұрмыс жағдайлары мен менталитеттің ерекшеліктер т.б. тұрғысынан сынайды. Қазақстан тұрғындарының қалыптасуы мен өмір сүру формаларындағы жалпы және ортақ сипаттар әлемнің бейнеленуіндегі топтық және этникалық ойлау мен оның пайда болуында өз ерекшеліктерін айқындайды. «Саяси лингвистиканы құрастырушы ұғымдар» бөлімінде саяси тіл, саяси мәтін,

контекст (мәнмәтін), саяси тілде сөйлеу, саяси тілдің стилі, қарым-қатынастың саяси кеңістігі және түрлілігі, саяси тілде сөйлеудің жанрлары, саяси дискурс мәселелері талданды.

Саяси лингвистикадағы тақырыптық контенттерді зерттеуде сөзге, тақырыптар мен хабарламаларға негізделген мазмұнды саяси контент-талдаудың ең қарапайым рәсімінің тұжырымына назар аударылды.

Саяси лингвистикадағы басты сипат – тілдік құралдардың қолданылуы. Тілдік құралдар саяси лингвистикада басты рөл атқаруы оның негізгі материалы–сөздің лексика-семантикалық, дериватологиялық, грамматикалық, фонетикалық, стилистикалық сипаттарымен анықталады. Біз диссертацияда бұл туралы бірінші тараудың үшінші бөлімінде жан-жақты талдау жасадық.

Диссертация жұмысының екінші бөлімі саяси метафораларға арналды. Бүгінгі қазақ тілінде саяси метафоралардың жаңа түрлері жасалуда. Бұлардың орыс, Еуропа тілдеріндегі дискурстардан өзгешеліктері бар. Ол өзгешеліктер тілді тұтынушылар мен қоғам сипаттарына байланысты. Қазақ қоғамы кейінгі 20 жылдан астам уақытта егемендік алып, демократиялық жолды таңдағаны белгілі. Дегенмен қашанда астарлы оймен, әдептен озбаған қазақ қоғамының билік пен саясатқа көзқарасы ұлттық шеңберде өрбуінің өзі де тілдегі саяси метафораларды жасауда өз жолын, өз тәсіл-амалдарын таңдайды. Саяси мәтін – қоғамдағы басты саяси және әлеуметтік, мәдени, рухани түсініктер астарлау (метафоралану) арқылы жүзеге асырылатын ақпараттық-коммуникативтік үрдістің маңызды элементі. Сондықтан да қарым-қатынастың өзге түрлерінің жүзеге асырылуы үшін қолданылатын сөзжұмсамдық әрекет формасы аталған мәтінге де тән. Бірақ сөзжасамдық мәтін бөлектігі ойды жеткізу тәсілімен айқындалады. қазіргі қоғамда саяси метафоралардың ториялық жағынан зерделей келе, біз қазақ тіл білімінде саяси лингвистиканың бір түрі ретінде метафоралар қолданысының тілідк, ортамен байланыс ерекшеліктерін әр сипаты жағынан қарастырған ғылыми еңбектер бар екендігін анықтадық. Бұл зерттеулер қазақ тіліндегі метафораның қоғамдық ортаның жаһандық дамудың бір бөлшегі екендігін дәлелдейтіндігін көрсетті.

Қоғамдағы саяси метафораның қолданыс ыңғайы мен тілдік қабілетін, ортамен байланысын анықтауда үшінші тарауда тәжітибелік жұмыс нәтижелерін ұсынылды. Психоллингвистикалық тәжірибе жүргізу барысында 120 адамға сауалнама сұрақтары берілді. Тәжірибе жасау барысында осы салаға қатысты әдебиеттер негізге алынды. Алынған мәліметтерді басшылыққа ала отырып, респонденттер туралы сауалнаманың жалпы бақылау сұрақтарын анықтауда үш бөлімге бөлдік.

Тәжіриелік жұмыста сауланама жүргізіліп, 3 сұрақ берілді. Ең көп және танымал метафоралар Елбасы Н. Назарбаевқа қатысты болып шықты. Президент метафораларын жалпы қатысқандардан 16 респондент, 35,6% көрсеткен. Бұның себебі Елбасының Қазақстандағы ең танымал саясаткер екендігін танытуымен бірге БАҚ-та да сөздерінен фразалар мен оралымдар мол берілетіндігін анықтайды: халыққа жолдау, жоғары деңгейдегі кездесулер, мәлімдеме, басшыларға сын т.б.

Саяси метафораларды көрсеткен бар-жоғы 45 адам (37,5%). Біз нәтиженің бұлай болу себебін азаматтардың метафораны білмеуінен деп санамаймыз. Бұл жалпы «метафора» сөзінің мағынасын білмеуден туындаған. Қалай дегенде де, саяси метафораларға 102 респондент (85%) жауап берген, 18 человек (15%) жауап беруге қиынсынған.

Біз мемлекеттік қызметкерлер саяси метафораларды терең біледі, жауапқа да кеңінен жазады деп күткенбіз. Дегенмен, нәтиже бойынша олардың үлесі – 37,5%, мұғалімдер нәтижелерімен бірдей деңгейде деп есептеуге боларлықтай деңгейде болды (34,1) және студенттер – 35,9%. Мұғалімдер мен мемлекеттік қызметкерлерден құралған екінші және үшінші топ респонденттері метафораларында саяси және аймақтық түрлілік байқалады.

Жалпылай алғанда, 98% респонденттер өз жауаптарында 1-ден болсын саясаткерді атаған, 85% метафора, афоризмдер, саяси терминдер мен цитаталар келтірді.

Жоғарыдағыларды жинақтай келе, зерттеу анықтағандай қазақстандықтар елдегі саяси өмірге белсенді, саяси дискурстарға тартылған деген қорытында жасауға негіз береді.

Диссертациялық жұмысты түйіндей келе, қазақстандық қоғамдағы демократиялық даму үрдістердің негізге алынғандығын тілдегі саяси метафоралар көрсететіндігі анықталды.

Қорғауға шығарылған тұжырымдар өз дәлеліне толық ие болды.

Саяси метафора – қазіргі қазақстандық саяси мәтіндерінде категоризациялау, концептуализациялау және болмысты бағалау маңызды тәсілі болып табылады. Осындай метафоралар ақпаратты қысқа, ұғынықты және көрнекті түрде жеткізуге мүмкіндік береді және оның мықты прагматикалық потенциалы бар.

Зерттеуде ұсынылған саяси метафораны суреттеу моделі көрсетілген модельдердің қазіргі саяси тілдегі құрамын және прагматикалық потенциалын объективті түрде көрсетеді.

Мәтін авторының саяси ұстанымы концептуалдық метафораларын таңдауға және оларды мәтінде таратуға маңызды әсер етеді. Метафораларды қолдану жағынан әдеттегідей саяси оппоненттердің стилі ерекшеленеді.

Саяси метафораны қолдану ерекшелігі – нақты саясаткердің идиостилінің тұрақты белгілерінің маңызды бөлігі болып табылады.

Жаһандық үрдістер мен тұтастық қазақстандық қоғамды да тыс қалдырмайды. Бұның дәлелі – тілдегі саяси метафоралар мен саяси метафоралар қолданысын қолдайтын белсенді жастар екендігі белгіленді. Бұл тақырыптың теориялық жағынан кемшін тұстарын толықтыруға мүмкіндік берер материалдар бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Баранов Н.А. Политические отношения и политический процесс в современной России: Курс лекций. В 3-х ч. – СПб.: БГТУ, 2004. – 480 б.
2. Баранов Н.А. Немецкие модальные глаголы в разговорной практике. – Калининград, 1992. – 102 б.
3. Баранов Н.А. Краткий лексикон по чтению и переводу немецкой банковской терминологии. – Калининград, 1993. – 88 б.
4. Баранов Н.А. Газета на уроке иностранного языка. Учебные материалы по чтению и переводу общественно-политических текстов. – Тверь, 1995. – 128 б.
5. Базылев В.Н. Политик в интеллектуальном контексте эпохи // Политический дискурс в России – 6. Материалы постоянно действующего семинара, Москва, 2002.
6. Ахатова Б.А. Прикладная лингвистика – Москва: Вып. XII, 1983. – 133 б.
7. Сулейменова Э. Актуальные проблемы казахстанской лингвистики – Алматы: Арыс, 2001. – 385 б.
8. Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия: История движения Алаш. – Москва: Россия молодая, 1994. – 209 б.
9. Ибраева Ж.К. Политическая лингвистика: билингвальное коммуникативное пространство. – Алматы, КазНУ, 2010. – 40 б.
10. Сейдахметова Р.Г. Когнитивно-прагматическая основа общественно – политической лексики современного русского языка – Алматы: КазНУ, 2010. – 26 б.
11. Будаев Э.В. Когнитивная метафора и политический дискурс : методологические вариации // Дискурс, концепт, жанр: коллективная монография / Отв. ред. М.Ю. Олешков. – Нижний Тагил, НТГСПА, 2009. – 429 б.
12. Кожина М.Н. О соотношении некоторых стилистических понятий и категорий с функционально-семантическими категориями // Структура лингвостилистики и ее основные категории. – Пермь, 1983. – 252 б.
13. Москальская О.И. Грамматика текста: Учеб. Пособие. – Москва: Высшая школа, 1981. – 183 б.
14. Мурзин Л.Н. Язык, текст и культура /Л.Н.Мурзин // Человек - Текст Культура: Коллективная монография. – Екатеринбург: Издательство УрГУ, 1994. – 160–169 Б.
15. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы – Алматы: Ана тілі, 1984 – 227 б.
16. Кузьмина Н.А. Интертекст и его роль в процессах эволюции языка – Екатеринбург, Омск, 1999.
17. Чудинов А. П. Политическая лингвистика. – Екатеринбург: Изд. Вып.20, 2006. – 94 б.
18. Костомаров В.Г. Языковой вкус эпохи. Из наблюдений над речевой практикой масс – медиа. Спб, 1999. – 478 б.

19. Караулов И.Н. Общая и русская идеография. – Москва: Наука, 1976. – 136 б.
20. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – Москва: Языки русской культуры, 1998.
21. Өмірбекова Ж.Қ. Метафора және тіларалық транспозиция (Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы бойынша), 2005. – 36 б.
22. Кара-Мурза Лингвистическая экспертиза как процедура политической лингвистики // Политическая лингвистика. – 2009. – № 1.
23. Тасмағамбетов И. Егемен Қазақстан газеті. – 2012 – 3 б.
24. Назарбаев Н. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Егемен Қазақстан. – 2014. – 18 қаңтар.
25. Гаврилова М. В. Критический дискурс-анализ в современной зарубежной лингвистике. – Санкт Петербург: Санкт Петербург, 2003. – 326 б.
26. Успенский Б.А. Избранные труды: В 2 т. Т. 2. Язык и культура. – Москва, 1994.
27. Назарбаева Д. Қазақстандық журналистер үлкен белсенділікпен билікке ұмтылуы тиіс. Алматы // <http://kaz.gazeta.kz/art.2.09.2012>.
28. Ертісбаев Е. Ұлттық мәдениеттің биік дәрежесі – еліміздің бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтайтын басты талаптардың бірі. Алматы // <http://www.massagan.com/news.2008.01.28>
29. Бәйменов Ә. Атынан ат үркетін «А» корпусы. Алматы // <http://www.minber.kz>. 2012.11.17
30. Тасмағамбетов И. Егемен Қазақстан газеті. – 2012. – 3 б.
31. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 215 б.
32. Шапошников В.Н. Русская речь 1990-х. Современная Россия в языковом отображении / В.Н. Шапошников. – М.: МАЛП, 1998. –243 б.
33. [Нежданов Д.В.](#) Особенности становления современного политического дискурса: значение метафорического терминотворчества. // vestnik.uara.ru/ru-ru/issue/2011/04/02/
34. Краткий словарь когнитивных терминов. // Под общей ред. Кубряковой Е. С. – Москва: Прогресс, 1996. – 245 б.
35. Карасик, В. И. О типах дискурса // Языковая личность: институциональный и персональный дискурс: Сб. науч. тр. – Волгоград: Перемена, 2000. – 5 – 20 Б.
36. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 б.
37. Шмелев Д.Н. Слово и образ. – Москва: Наука, 1964. – 101 б.
38. Арутюнова Н.Д. Метафора и дискурс // Теория метафоры. – Москва, 1990.
39. Ихсанғалиева Г.К. Когнитивные и психолингвистические механизмы формирования имиджа Казахстана. – Алматы, КазНУ, 2010. – 38 б.
40. Маслова В.А. Политический дискурс: языковые игры или игры в слова? – Екатеринбург: «Политическая лингвистика» журнал, Вып 1(24) 2008. – 43-48 Б.

41. Кубрякова Е. С., Александрова О. В. Виды пространства, текста и дискурса // Категоризация мира: пространство и время: материалы научной конференции. – М.: Диалог-МГУ, 1997. – 19 – 20 Б.
42. Плахотная Ю.И. Речевое воздействие в диалогическом политическом дискурсе - Екатеринбург: Журнал «Политическая лингвистика» Вып №4, 2011 – 121-123 Б.
43. Шмелева Т. В. Морбуальная оптика // Лингвистика. Бюллетень Уральского лингвистического общества. – Екатеринбург, 2001, Т. 7.
44. Серио П. Деревянный язык, чужой язык и свой язык // Политическая лингвистика. – М 2 (25).– 2008.
45. Вольфсон И. В. Язык политики. Политика языка – Саратов: Изд. Саратов унив., 2003. – 89 б.
46. Ван Дейк Т. А. Язык. Познание. Коммуникация. – М.: Прогресс, 1989. – 312 б.
47. Жумагулова В.И. Сатира и юмор в русскоязычной прессе Казахстана: лингвистический аспект. – Алматы, КазНУ, 2001. – 36 б.
48. Шейгал Е.И. Структура и границы политического дискурса// Филология - Philologica, 1998, № 14.
49. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
50. Сыздық Р. Бүгінгі көркем проза тілі және әдеби норма (сәйкестік пен алшақтықтар) // Өнер алды – қызыл тіл. Мақалалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 1986.
51. Олешков М.Ю. Лингвоконцептуальный анализ дискурса (теоретический аспект). – Нижний Тагил, НТГСПА, 2009. – 387 б.
52. Баранов Н.А. Политические отношения и политический процесс в современной России: План и содержание курса / Авт. сост. Баранов Н.А. – СПб: Изд-во БГТУ. 2003. – 402 б.
53. Арутюнова Н.Д. Фактор адресата // Серия литературы и языка. –Т. 40. 1981. №4. – 19 – 22 Б.
54. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
55. Арутюнова, Н.Д. Теория метафоры: учеб. пособие для вузов / Н.Д. Арутюнова. – М.: Владос, 1990. – 315 б.
56. Баранов А.Н. Очерк когнитивной теории метафоры : учеб. пособие для студентов / А.Н. Баранов. – М.: Дрофа, 2003. – 253 б.
57. Новикова. Э.Ю. Прагматические характеристики газетного политического текста// Вопросы лингвистики и транслятологии. – Волгоград, 2004, вып. 2.
58. Чудинов А. П. Россия в метафорическом зеркале: когнитивное исследование политической метафоры (1991-2000). – Екатеринбург, 2001. – 259 б.
59. Гусев С.С. Наука и метафора. – Москва, 2002. – 206 б. // w.contr.info/content/view/72/43
60. Аристотель. Поэтика. // Античные теории языка и стиля. – М., Лен-д, 1936.

61. Сыздықова Р. Бүгінгі көркем проза тілі және әдеби норма (сәйкестік пен алшақтықтар) // Өнер алды – қызыл тіл. Мақалалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 242 б.
62. Рахимжанова А. Авторлық метафора көркем әдебиет мәтініндегі архетиптік білімді экспликациялау тәсілі ретінде, 2010. – 36 б.
63. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вервалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша). // Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған кандидаттық диссертация афторефераты. – Алматы, 2006. – 30 б.
64. Баранов А.Н., Караулов Ю.Н. Словарь русских политических метафор. – Москва, 1994.
65. Бейсембаев А.Р. Дискурсивный анализ речи женщины-политика (на примере выступлений З.Балиевой) // Вестник Инновационного Евразийского университета, 2009.
66. Ивина Л.В. Лингво-когнитивные основы анализа отраслевых терминосистем. – Москва: Академпроект, 2003. – 304 б.
67. Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем. // Язык и моделирование социального взаимодействия. – М., 1987. – 126 – 172 Б.
68. Байгунисова Г.И. Основы образной парадигмы и системы языка. – 2010. – 38 б.
69. Кассирер Э. Сила метафоры. // Теория метафоры. – Москва: Прогресс, 1990. – 33 – 34 Б.
70. Гак В.Г. Метафора универсальная и специфическая. Метафора в языке и тексте. – Москва, «Наука», 1988. – 13 б.
71. Левин Ю.И. Русская [метафора](#): [семантика](#), [синтаксис](#), [трансформация](#), 1969, в. 236. Труды по знаковым системам. Вып. 4. – Тарту, 1969.
72. Болғанбаев. Ә. Көп мағыналы сөздер және олардың жасалу жолдары //Жинақта: Қазақ пен ұйғыр тіл білімі мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1963. – 256 б.
73. Пронин Е. Критерии эффективности текстового воздействия // Проблемы эффективности журналистики. – Москва, 1990.
74. Москвин В. П. Русская метафора: параметры классификации. // Филологические науки. – 2000. – №2. – 66 б.
75. Лакофф Дж. Лингвистические гештальты. // Новое в зарубежной лингвистике. – Москва: Прогресс, 1981. – 350 – 369 Б.
76. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, «Ғылым», 1983. – 7-том.
77. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, «Ғылым», 1986. – 9-том.
78. Баранов А.Н. Политическая метафорика публицистического текста: учеб. пособие для студентов / А.Н. Баранов. – М.
79. Буренина Н.В. Психолингвистический аспект поведения мужчин и женщин во время интервью // Материалы VI научной конференции молодых ученых (Мордовский госуниверситет). – Саранск: СВМО, 2001. – 101 – 105 Б.
80. Шаймерден ұлы Е., Инаугурация. /Президент Н. Назарбаев / Е. Шаймерден ұлы. // Егемен Қазақстан. – 2006. – 11 қаңтар. – 5 б.

81. Апресян Ю.Д. Коннотация как часть прагматики слова. // Избранные труды. III: Интегральное описание языка и система лексикографии. – Москва, 1995.
82. Назарбаев Н Дағдарыстан шығу кілті: экономика / Назарбаев Н // Егемен Қазақстан. – 2009. – 3 ақпан
83. Романов А.А Политическая лингвистика. Функциональный подход – Москва. – Тверь: ИЯ РАН, 2002. – 191 б.
84. Каменская О.Л. Текст и коммуникация. – Москва, 1990.
85. Редди М. Социальные и гуманитарные науки – Москва: РАН ИНИОН, 1999 – 56 б.
86. Каменская О.Л. Текст и коммуникация. – Москва, 1990.
87. Степанов Ю. С. Константы: Словарь русской культуры. – Москва: Академический Проект, 2004. – 84 б.
88. Сансызбаева С.К. Метафоры-фреквенталии в сфере «животное – человек» Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. – Алматы, 2008. – 36 б.
89. Иманбердиева С. Бұқаралық ақпарат құралдарында кездесетін логоэпистемалардың трансформациялануы (газет материалдары бойынша) // С.Аманжолов және қазіргі қазақ филологиясының өзекті мәселелері. – А., 2004. 199 – 206 Б.
90. Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері. Фил. ғылым.док.дисс... авторефераты. – Алматы, 2002.
91. Күдерина К. Қазақ жазуының онтогенездік дамуы. ф.ғ.д. автореф. – Алматы, 2006
92. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 2007.
93. Нұрдаулетова Б. Когнитивтік лингвистика. –Алматы, 2011.
94. Блэк М. Метафора // Теория метафоры. – М.: Прогресс, 1990. – 153 – 172 Б.
95. Кубрякова Е. С., Александрова О. В. Виды пространства, текста и дискурса // Категоризация мира: пространство и время: материалы научной конференции. – М.: Диалог-МГУ, 1997. – 19 – 20 Б.
96. «Етженді» «Егемен Қазақстан» // Жалпы ред. басқарған С.Абдрахманов. –Астана, 2007. – 256 б.

Сауалнама

Жасы _____

Жынысы _____

Мәртебесі _____

1.Қазіргі кезеңдегі қандай саясаткерлерді білесіз? Неліктен олар есте сақталып қалды?

2. Интернет – кеңістікте, БАҚ-та қандай метафоралар халық арасына кең таралған? Неліктен?

3. Саясаткерлер тіліндегі метафоралар қолданысын қолдайсыз ба?
